

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Г.А.МҰРАТБАЕВА

КӘСІПТІК ПЕДАГОГИКА
(оқу құралы)

Алматы, 2014

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С.Н. — педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Беркімбаев К.М. — педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. — педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Кәсіптік педагогика: Оқу құралы /Мұратбаева Г.А.
– Алматы: «Қыздар университеті», 2014. – 180 б.

Оқу құралында кәсіптік білім беру педагогикасының әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылып, теориялық оқытудың әдістері, кәсіптік білім берудегі инновациялық үдерістері, педагогикалық технологиялары мен білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру, оны жүзеге асыру әдістері мен формалары баяндалады.

Кітап жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларына, ғылыми қызметкерлер мен магистранттарға, біліктілігін жетілдіру курстарының тыңдаушыларына арналған.

© Г.А.Мұратбаева
«Қыздар университеті» баспасы,
2014

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	3
I	КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	5
1.1.	Кәсіптік білім беру педагогикасының әдіснамалық негіздері.....	5
1.2.	Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері.....	31
	Білім беру мазмұнының түрлі деңгейде жасалуы.....	45
II	КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	48
2.1.	Теориялық оқытудың әдістері.....	48
2.2.	Білім алушылардың танымдық-оқу қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістері.....	52
2.3.	Оқу қызметін мотивтендіру және бақылау әдістері.....	85
III	КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....	94
3.1.	Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістің мәні мен мазмұны.....	94
3.2.	Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыттылығы.....	98
3.3.	Инновациялардың жіктелуі.....	100
3.4.	Инновацияны бағалаудың сипаттамалары мен өлшемдері.....	102
3.5.	Инновациялық оқу орындары.....	105
IV	КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....	109
4.1.	Педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы.....	109

4.2.	Педагогикалық технологиялардың жіктемесі.....	111
4.3.	Кәсіптік білім берудегі ақпараттық және коммуникативтік технологиялар.....	123
4.4	Кәсіптік білім берудегі модульдік және тұлғаға бағдарлы технологиялар.....	132
	Семинар сабақтарының жоспары	153
	Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары.....	156
	Студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауға арналған тапсырмалар.....	158
	Студенттердің білімін тестілеу	159
	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	171

КІРІСПЕ

Кәсіптік педагогика – жалпы педагогиканың тармағы ретінде, жаңадан өркендеп, дамып келе жатқан жас ғылым. Педагогика деген ұғымның мағынасы (грек сөзінен) «пайдос» бала және «аго» жетелеу ұғымын білдіреді (орыс тілінде – «детоводитель»).

Кәсіптік педагогика – жеке тұлғаға кәсіп пен кәсіптік біліктілікті қалыптастырудың заңдылықтарын зерттейтін, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыратын ғылымның негізгі саласының бірі.

Кәсіптік педагогика жүйесінің негізгі тенденцияларының дамуы:

1. Үздіксіз білім беру.
2. Интегративтік білім беру.
3. Білім беру жүйесін стандартизациялау.
4. Білім берудегі демократизация және плюрализация.

Кәсіптік педагогиканың негізгі категориялары: кәсіптік білім беру, кәсіптік оқыту және кәсіптік тәрбие.

Кәсіптік білім – бұл белгілі бір жүйеде кәсіп бойынша алған білім, білік және дағды жиынтығы, оны тиісті кәсіптік ортада пайдалана білудің ережелері мен нормалар тәртібі.

Кәсіптік оқыту – бұл білім алушы мен инженер-педагогтың кәсіп бойынша ғылыми-техникалық ілімді игеруі мен кәсіптік білік, дағды қалыптастыруда бірлескен іс-әрекеті.

Кәсіптік – білім алушы мен инженер-педагогтың белгілі бір кәсіптік ортада жеке тұлғаның өзін-өзі алып жүру ережелері мен нормаларының жиынтығын қамтитын әлеуметтік құбылыс.

Кәсіптік педагогиканың негізгі ұғымдары:

- | | |
|---------------------------|-------------------------------|
| 1. Кәсіп | (профессия); |
| 2. Мамандық | (специальность); |
| а) мамандану | (специализация); |
| 3. Біліктілік | (квалификация); |
| 4. Біліктілік сипаттамасы | (Квалификац. характеристика); |
| 5. Құзыр | (компетентность); |

6. Құзыреттілік (компетенция);

болып табылады.

Енді осыларға жеке анықтама берейік:

кәсіп – қоғамдық еңбек бөлінісінде жалпы адамзаттық мораль нормаларымен келісілген еңбек түрі және адамзат үшін материалды игіліктер бастамасы.

мамандық – белгілі бір кәсіп саласы бойынша шағын ауқымды еңбек түрін қамтиды. Кейбір кәсіп саласының қызметіне орай мамандандыру үдерісі жүргізіледі.

1. Мәселен: *кәсіп* – дәрігер; *мамандық* – хирург; *мамандануы* – нейрохирургия;

2. Мәселен: *кәсіп* – мұғалім; *мамандық* – информатика; *мамандануы* – информатика менеджері. Сөйтіп, мамандықтың кәсіп қызметіне қарағанда ұғымы тар.

Ал мамандану – мамандыққа қарағанда әлдеқайда тар ұғым.

Біліктілік (квалификация) бұл белгілі бір кәсіптік қызмет саласын атқаруға тиісті дайындық деңгейі бар адам. Яғни, біліктілік дегеніміз кәсіпті тиісті дәрежеде игеру дағдысы.

Белгілі бір кәсіп, не мамандық саласы бойынша дайындық деңгейі кәсіптік біліктілік сипаттамасы (квалификационная характеристика) арқылы айқындалады.

Арнайы кәсіп саласы бойынша мамандардың білім, білік және дағдысы *біліктілік сипаттамасында анықталып*, мемлекеттік құжат есебінде танылады.

Құзыр (компетенция) – белгілі бір кәсіптік таным саласы бойынша шешім шығаруға лауазымдық құқы бар маман.

Құзыреттілік (компетентность) – тиісті кәсіп саласы бойынша білім, білік және дағдысы жоғары деңгейде қалыптасқан, оны саналы атқара алатын маманның қабілеттілігі.

I. КӘСІПТІК ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жоспар

- 1.1. Кәсіптік білім беру мазмұнының әдіснамалық негіздері
- 1.2. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері
- 1.3. Білім беру мазмұнының түрлі деңгейде жасалуы

1.1. Кәсіптік білім беру педагогикасының әдіснамалық негіздері.

Кәсіптік білім беру педагогикасы педагогика ғылымының дамуында қоғам қажеттілігінен туындаған, кәсіптік білім беру жүйесімен қалыптасқан, өзіндік даму тарихы бар ғылым саласы.

Кәсіптік педагогика заманауи білім беру үдерісінің заңдылықтарын жан-жақты қарастыра отырып, өзге ғылым салаларымен, әлеуметтану, этика, эстетикамен тығыз байланыста даму арқылы ғылым мен қоғамның жетістіктерін зерделеуге септігін тигізеді.

Кәсіптік педагогика жалпы педагогиканың бір саласы ретіндегі әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы теориялық тұрғыдан талдау жүргізу және іс-әрекеттердің тиімділігін дәлелдеу қажет.

Бүгінгі таңда кәсіптік білім беру теориясы мен тәжірибесі зерттеліп отырған мәселелер тұрғысында талдау жасай келе, «әдіснама» ұғымын жан-жақты қарастыруды негізге алдық. Педагогика ғылымында зерттелген ғылыми еңбектерге сүйене отырып, жалпы «әдіснама» ұғымына төмендегідей анықтамалар береміз:

– «... белгілі бір ғылымда қолданылатын танымдық құралдардың, әдістердің, тәсілдердің жиынтығы; танымдық және практикалық жаңғыртылған іс-әрекетті ұйымдастырудың құралдарын, алғышарттарын, принциптерін зерттейтін білімдер саласы» (Философиялық сөздік);

– «...білім алу амалдарын анықтайды»

(М.А. Данилов);

– «...зерттелетін үдерістер мен құбылыстар жөнінде ақпарат алуды жан-жақты қамтамасыз етеді» (М.Н. Скаткин);

– «...педагогика теориясының әдіснамасы – ғылыми зерттеудің жетекші принциптері, ғылыми талдау жасаудың талаптарын қанағаттандырушы құралдар қызметін атқаратын теориялық білімдер жүйесін анықтайтын ғылым саласы, ғылымтану әдісі туралы ілім» (П.Р.Атутов);

– «Әдіснаманың аспектілерін жасау «білетін туралы білім» береді. Осылайша педагогикалық құбылыстарды тану үдерісін оқуда зерттелетін мәселелер анықталады, «білетін туралы білім», яғни педагогикалық құбылыстарды зерттеудің өзінде оның принциптері, әдістері, болашағы туралы білімдер жинақталады» (Н.Д.Хмель);

– «... ғылымның жалпыға бірдей әдіснамасынан және қоғам дамуының ағымдарын зерттеуден туындайтын педагогикалық теорияның бастапқы қағидаларын, педагогикалық құбылыстарды қарастыру принциптерін және оларды зерттеу әдістерін, ғылыми жетістіктерін тәрбие, оқыту, білім беру тәжірибесін ендіру жолдары жөніндегі білімдер жүйесі» (Коджаспирова);

– «... ғылымның әдіснамасы, біріншіден, жалпы әдіснама ғылымынан туындайды; екіншіден, қоғамдық ғылыми жүйенің даму тенденциясын оқып үйренумен және зерттеумен байланысты болады; үшіншіден, педагогикалық, тарихи-педагогикалық құбылыс жағдайлары туралы теориялық қағидаларымен, олардың зерттеу әдістерін қарастырады, төртіншіден, жаңадан алынған білімді оқу-тәрбие үдерісінде тәжірибеге ендіру анықталады» (А.А. Бейсембаева);

– «... екі полюстің түйісер тұсында тұрған пән. Бір жағынан – бұл ғылыми зерттеу амалдарын, әдіс-тәсілдерін зерттеу техникасы. Екінші жағынан – тұтастай алғанда, ғылыми іс-әрекеттердегі бастапқы шарт-жағдай болып саналатын ғылыми философияның, тұжырымдамаларының логикалық талдануы» (Ф. Франселла, Д. Банистер).

Аталған анықтамалар қолданбалы ғылымдардың бірі ретінде кәсіптік педагогиканың әдіснамалық негіздерін

философия ілімдерімен тығыз байланыста дамып келетінін білдіреді. Өйткені, көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылғандай, философия ғылымы арқылы кәсіби-педагогикалық зерттеулердің сапасын жақсартуға бағыт-бағдар беретінін айғақтайды. Айталық, В.П.Тугаринов пайымдағандай, философия – бұған дейінгі ізашары болған ғылым мен тәжірибенің дамуын жинақтап қорытушысы.

Демек, кәсіптік білім беру үдерісінің даму сатысында теория мен практикасында жинақталған тәжірибені талдап, сараптама жасау барысында философиялық тұжырымдар ықпал етеді.

Кәсіптік педагогиканың теориялық және қолданбалы маңыздылығын айқындауда кәсіби білім беру үдерісін жетілдірудің заңдылықтарын белгілеп, бақылау жұмыстарын ұйымдастыруда педагогика ғылымы жетістіктерімен байланыстыра отырып, тәжірибе жүзінде оны жүзеге асырылуымен түсіндіріледі.

Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастырудың әдіснамалық талаптары, педагогикалық құбылыстардың ішкі заңдылықтары мен қозғаушы күштері көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған (А.М. Арсеньев, Ю.К. Бабанский, С.А. Баранов, В.И. Гинецинский, Н.К. Гончаров, М.А. Данилов, В.И. Журавлев, В.И. Загвязинский, Ф.Ф. Королев, Н.В. Кузьмина, И.Т. Огородников, М.Н. Скаткин, т.б.).

Бұл еңбектердегі тұжырымдар зерттеу жұмысын ұйымдастыруда мынадай әдіснамалық талаптарды ескеру қажеттігін анықтайды:

а) теория мен тәжірибенің байланысы, ғылыми еңбектерге педагогикалық, шығармашылық көзқарас туралы философиялық ілім;

ә) зерттеліп отырған педагогикалық құбылыстардың тұтастығын және олардың оқу үдерісінің тиімділігіне ықпал ететін басқа элементтермен байланысын талдаудағы диалектикалық-материалистік, жүйелік-құрылымдық қатынас;

б) кәсіби педагогика саласындағы жетістіктерді және озық тәжірибелерді ендіру негізінде педагогикалық шеберліктің амал-тәсілдерін меңгерген білім алушылардың іс-әрекетіне салыстырмалы талдау;

в) зерттеу мәселелерін тиімді шешу мақсатында іс-әрекеттің болжамдық жүйесін үлгіге түсіру.

Әдіснамалық білімдер жүйесіне: педагогика пәні, педагогиканың категориялары, ғылыми білімдер жүйесіндегі рөлі, басқа ғылымдармен өзара байланыстылығы, педагогика ғылымдарының жүйесі, педагогикалық пәндердің жалпы және ерекшелік міндеттері, анықтамалық-терминдік жүйесі жатады.

Кәсіби педагогиканың әдіснамалық деңгейлері өзара байланыста болады. Бұл ретте философиялық деңгей жалпыға бірдей әдіснама және қандай да бір әдіснамалық білімнің мазмұндық негізін құрайды.

Жоғарыда айтылғандардың барлығының педагогика ғылымының дербес саласы ретінде, кәсіби педагогикаға тікелей қатысы бар. Болашақ кәсіптік білім оқытушыны әдіснамалық білімдермен қаруландыру оның әдіснамалық мәдениетін қалыптастыруды талап етеді. Яғни, оқытушы өз пәнін жетік білумен бірге, өзінің ғылыми іс-әрекетін талдау, белгілі бір тұжырымдамалар және таным формасы мен әдістерін шығармашылық тұрғыда қолдана білу, оны ғылыми тұрғыдан негіздеу, сыни тұрғыдан таразылау іскерліктерін меңгеруі тиіс.

Қазақстан Республикасының Еуразиялық аймаққа кіруі, Президенттің «Қазақстан – 2050» атты стратегиялық бағдарламасына сәйкес жаңа техника мен технология үдерістерінің дамуы келешекте жоғары оқу орындарында білім беру қандай бағытта өрбуі керек деген өзекті мәселе туғызады. Республикада жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы түрде интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуы, оларға білім беруде кредиттік жүйенің

енгізілу үдерісі, олардың кәсіби біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін жетілдіру жоғары оқу орындарында кәсіби білім беру үдерісін ұйымдастыруда сапалы өзгерістерді талап етеді.

Қазіргі дамыған заманда ғылымның барлық саласында да болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық және педагогикалық-психологиялық негіздерінің жүйесі қалыптасу үстінде. Білім беру мен тәрбие мазмұнында жеке тұлғаның қоғамдағы орнына, өндірістегі әлемдік талаптарға сәйкестігіне қол жеткізу үшін ұтымды әдістемелерді ұштай түскен жөн.

Республикамыздың Білім және ғылым министрлігі «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасын» даярлау барысында көрсетілген кезеңдердегі білім қызметкерлері мен білім беру мекемелерінің міндеттерін анықтаған болатын.

Ал, Президентіміздің жуырда халқына жолдауында 2014 жылы 17 қаңтарда белгіленген шаралары өте маңызды. Жолдауда ғылым мен білімге үлкен мән беріліп, «... кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің негізін қалыптастыру керек» деген тұжырым, барлық буынның сапасын жақсартуда ауқымды жұмыс күтіп тұр»,–деп айтылған. Сондықтан, Елбасы белгілеген тапсырманы толыққанды орындауға бағыт алсақ, заманауи қоғамның тұрақтылығын сақтап, ғылымға негізделген экономикалық қалыпты дамыту жолында белгіленген басты құжат осы деп есептеуімізге болады¹

Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне енуі жоғары оқу орындары Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO – International Standard Organisation) дайындаған 2000 жылғы нұсқаудағы ISO 9000 стандарттар сериясының талаптарынан кем түспейтін,

¹ Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы// Егемен Қазақстан. – 2003, желтоқсан –26.
Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2014.- Б.1-2.

Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO – International Standard Organisation) дайындаған ISO 9000 стандарттар сериясы. – Алматы, 2010.

ұлттық ерекшеліктеріміз ескерілген сапалы білім беру жобасын ұсынғанда ғана мүмкін болады. Себебі, біздің ғасыр – білім, ғылым және сапа ғасыры. Осы үшеуі элитарлық білімнің негізі болып табылады. Біз жоғары оқу орындарын тек білім беруші мекеме деп қарайтын біржақты түсініктен арылып, оны ғылымның бастауы және кіндігі деп түсінгеніміз жөн. Өйткені, ғылым жетістігіңсіз элитарлық білім беру мүмкін емес, ал оның деңгейін анықтайтын өлшем – сапа. Ендеше, жалпыға бірдей жоғары білім беруден элитарлық жоғары білім беруге біртіндеп көшуіміз қажет. Біз қарастырып отырған мәселе болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлау жүйесі болғандықтан, алдымызда осы мәселеге байланысты тиімді жолдарды іздестіру міндеті тұр.

Заманауи білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі тиіс. Осыған орай кәсіби білім берудің мақсаты, мазмұны және оның білім беру үдерісінде қолданылатын тәсілдерін жетілдіру, кәсіби білім беру жүйесін реттеудегі ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуды қажет етеді.

Жаңа заман талаптарына сәйкес жоғары мектеп өз дамуының жаңа сатысында көптеген қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуді қамтамасыз етуі керек. Заман талабына сай жоғары мектеп алдына қойған мақсаттың ең маңыздысы – қоғамға қажетті жоғары білімді мамандарды даярлау.

Шет ел университеттерінің оқу үдерісін зерттеп білу, бүгінгі Қазақстанның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрамына енетін басқа елдер сияқты болашақ мамандардың кәсіби даярлық үдерісін жаңа деңгейге көтеріп, көп деңгейлі даярлыққа (бакалавриат, магистратура) өткендігін, білім беруді жетілдіру нәтижелі іске асып жатқандығын заманауи білім беру технологиялары мен инновацияларды енгізіп жатқанынан байқауға болады.

Педагог ғалымдардың пікірінше, ХХІ ғасырда тиімді білім беру жүйесін жасау арқылы жас ұрпақтың ақыл ой және рухани

әлеуетін барынша дамытуға мүмкіндігі бар ұлт қана озық ойлы ұлт бола алады¹.

XXI ғасырдың басында ғылыми техникалық прогрестің және ақпарат көлемінің өсуі жоғары оқу орындарындағы алынған білім қорының белсенді кәсіби іс-әрекеттің барлық кезеңіне серік бола алмайтын, тек аз уақыт қана кәсіпкер мұқтажығын қанағаттандыратындығын көрсетті. Сондай-ақ, кәсіби білім беру жүйесінде болашақ педагог мамандардың кәсіби біліктілігін ұштау үшін өз бетінше іздену, кәсіби білімді игеру, кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын жетілдіру қажеттігі туындайды².

Қазақстан Республикасы Президентінің әр жылдардағы Жолдауларының арасында өте тығыз байланыс бар. 2008 жылғы Жолдауында: «... ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігі тікелей оның білім беру деңгейімен анықталады», десе, 2005 жылғы Жолдауында бұл ойлары әрі қарай жалғасын тауып жатыр: «Білім деңгейін жетілдіріп, дамытпаған ел ХХІ ғасырда жоқ болып кетуі ықтимал». 2009 жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы: «Білім беру реформасы– Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», - деп нақтылап айтса, 2010, 2011 жылдардағы Жолдауында бұл ойлары әрі қарай жалғасын тауып жатыр: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі – тиісті білім мен іскерлік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі» –деп атап көрсетті.

Сондықтан бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ педагог мамандарды даярлау ісінде қоғам

1

Көшербаев Қ. Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымов А.Е., Рахымбек Х.М., Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы: Білім, 1998. – 232 б.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2004 – 2008 жылдардағы жолдауы //Егеменді Қазақстан. – Астана, 2004-2008. – Б. 1-2.

талабына сай жаңа міндеттер мен түбегейлі өзгерістер енгізілу үстінде.

Өткен XX ғасыр әрбір ұлттың даму деңгейі мынадай мәселелерге байланысты екендігін көрсетті: *жаңа ғылыми ізденістер мамандардың білім сапасын жақсарту мен кәсіби білім деңгейін жетілдірумен тығыз* байланысты.

Ал, ендігі жерде бұл мәселелер де білім берудің ғылыммен, сондай-ақ, ғылымның өндіріспен байланысын талап етеді.

Қазақстандағы жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заман талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Болашақ педагог мамандардың кәсіби біліктілігі мен кәсіби құзыреттілігін, шығармашылығын жетілдіру, кредиттік жүйені енгізу, олардың кәсіби хабардарлығын жетілдіру жоғары оқу орындарында оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістерді талап етеді.

Еліміздің жоғары оқу орындары қоғамда болып жатқан өзгерістерді ой елегінен өткізіп, сол қоғамдағы қозғаушы, жасампаз күш болуы үшін және интеграциялық үдерістерді, яғни бөлшектелген дүниені біріктіру, бір мақсатқа жұмыс істеу үшін біршама шараларды жүзеге асыруда. Қазақстандағы жоғары оқу орындары үздіксіз білім беру жүйесіне өтіп, білім беру технологиясы мен білімді бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізді. Себебі, әлемдік білім беру кеңістігінде өмір сүріп отырған білім беру жүйелерінің арасында үздіксіз білім беру жүйесі өз артықшылығын көрсетті және біздің жастарымыздың дамыған елдерде кедергісіз білім алуын жетілдіруге мүмкіндік беретін бірден-бір жүйе болып табылады. Бұл жүйенің Лиссабон келісіміне сай жоғары білім туралы құжаттар ретінде танылуына жағдай жасалып жатқаны белгілі.

Қазіргі дамыған қоғамның талаптарына сай білім беру саласында педагог мамандарды даярлауда білім берудің жаңа міндеттерін белгілеу қажет. Білім беру саласында ғылымның болашағы мол екендігі байқалады. Көркем тілмен өрнектелген

өнер туындылары арқылы ғылымның жаңа жетістіктерін түсінуге үлкен жол ашылатыны сөзсіз. Бүгінгі таңда білім беру саласында педагог мамандарды кәсіби даярлауда шешімін таппай келе жатқан бір жай – қоғамның әлеуметтік сұраныстарын шеберлікпен, шығармашылық көзқараспен жеткізудегі ұмтылысына жағдай жасау. Бүгінгі адамзат сұранысын қанағаттандыратын жаңа құнды идеялардың өріс алуының қозғаушы күш ретінде кәсіби білім беру жүйесінде педагог мамандардың кәсіби білімі мен шеберлігін, кәсіби шығармашылық іскерлігі мен кәсіби құзыреттілігін жетілдіруімен ерекшеленеді.

Заманауи және әлемдік деңгейдегі қарама-қайшылықтарды, білім берудің жаңа ұлттық моделі деңгейінде өзекті мәселелерді шешуде білім беру саласы үлкен орын алады. Өйткені, ғасырдан ғасырға өз мәнін жоғалтпай, қай уақытта да заманның әлеуметтік және рухани талаптарынан туындаған көкейкесті мәселені көтеретін, білім беру саласындағы құбылыстар мен түрлі ағымдар туралы мағлұматтар беріп, олардың ішкі бірлігі мен үндестігін сақтап, болашақ педагог мамандардың теориялық танымын тереңдетуге септігін тигізеді. Білім мен ғылымның күрделі негіздерін түсінуде, әлемнің озық тәжірибесін зерттеуде жоғары оқу орындарында білім берудің жаңа ұлттық моделін жасақтау қажеттігі де осыдан туындайды, бұл – болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлау бағытында жаңаша көзқарастарды қарастыруды талап етеді.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби шығармашылығын жетілдіру мәселесі қай уақытта да өзекті мәселе боп келген. Сол себептен, ғылыми-әдістемелік зерттеулер тұрғысынан педагог мамандар даярлаудағы жаңаша әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды енгізу жолдарын іздестіру қажет. Осыған орай, оқу құралында теориялық тұрғыдан қарастырылған басты міндеттерінің бірі – жоғары оқу орындарында педагог мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде білім берудің педагогикалық жүйесін ұсынып, оны білім беру үдерісіне енгізу.

Сонымен, білім беру саласындағы болашақ педагог

мамандардың кәсіби шығармашылық іс-әрекеті қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, өркениет пен мәдениеттің дамуымен, ғылым мен білімнің барлық салаларының байланысы негізінде өрбуі қажет.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, біз педагог мамандарды жоғары кәсіби маман ретінде даярлау мәселелерін педагогикалық жүйе негізінде қарастырамыз. Осыған байланысты «жүйе» ұғымына келетін болсақ, «жүйе» философиялық еңбектерде: «Өзара қатынастар мен байланыстарда болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын элементтер жиынтығы» деп танылса, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде оған «Жүйе – бір нәрсенің реті, жөні, тәртібі» – деген анықтама беріледі. Қазақ кеңес энциклопедиясында: жүйені (система), бөлшектері мен элементтері үйлесімді құрылған тұтастықты білдіретін ғылыми ұғым деп түсіндіреді.

Педагогика ғылымындағы «жүйе», «жүйелі ұстаным» ұғымдары жаңадан енгізілгенін айту керек, жалпы педагогикада «жүйелі ұстаным» ұғымы 70-ші жылдардың басында қолданыла бастағандығын байқауға болады.

Сонымен бірге «жүйе» ұғымын түсіндіруде В.Г.Афанасьев, И.В.Блауберг, Людвиг фон Берталанфи, А.Н.Кочергин, Н.В.Кузьмин, Э.Г.Юдин, Ә.Нысанбаев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ғ.Есімов, Ф.Ф.Королев, В.Н.Садовский, В.А.Якунин, т.б. сынды педагог-ғалымдар, психологтар мен философтар еңбектерінде жан-жақты қарастырылғанын аңғарамыз.

Айталық, В.Г.Афанасьев «жүйе» ұғымын «өзара әсерлесу құрылымдар кешені (тұтастығы) деп түсінеді. Нақтылап айтқанда, жүйе дегеніміз жаңа бір сапалық қасиеттерге ие болатын тұтас бір құрылым, яғни құрылымдардың өзара әсерлеулері нәтижесінде жаңа нысандардың пайда болуы.³

¹ Афанасьев В.Г. Общество: опыт системного исследования. – М.:Политиздат, 1980. – 384 с.

Бұл құрылымның органикалық байланысы сыртқы ортамен байланыса келіп, «тұтастылықтың» негізгі тірегіне айналады.

Жүйе өзін құраушыларға белсенді түрде әсер етеді және оларды өз табиғатына қарай түрлендіреді. Нәтижесінде бұл құраушылар елеулі өзгерістерге ұшырайды: олар жүйеге кірер кездегі өздерінде бар қасиеттерінің бірқатарын жоғалтады, осымен сапалы бір жаңа қасиеттерге ие болатындығын көрсетеді. Автордың мұндай көзқарасы «педагогикалық жүйе» ұғымының тұтастығын білдіретін ой-пікірлердің айқын көрінісі деуге болады.

Философ ғалымдар да көп жағдайда «жүйе» ұғымының белгісі ретінде жүйе бөліктері мен оның элементтерінің өзара әрекеттесуіндегі байланысын ашып көрсетеді. Осы орайда В.А.Якунин «жүйені» тұтас бір құрылым ретінде қарастыра отырып, оның мынадай белгілерін атайды:

- жүйеге енетін элементтің ешқайсысында да жоқ сапалық қасиеттердің болуы;
- жүйені құрайтын элементтердің, құраушылардың, бөліктердің болуы,
- құрылымдардың (жүйе элементтері байланысының) болуы;
- жүйенің тұтастай және оның жекелеген құраушыларының міндеттілік сипаттамаларының болуы;
- жүйенің сыртқы ортамен және реті жоғары, төмен ішкі жүйелермен байланыста, қарым-қатынаста болуы.

Ал, В.Н.Садовский мен Э.Г.Юдин өз зерттеулерінде «жүйе» ұғымына байланысты мынадай көзқарастарын танытады:

- жүйе біртұтас өзара байланысатын элементтер түрінде болады;
- ол сыртқы ортамен бірлікте болады;
- зерттелетін жүйе реті жоғары басқа бір жүйенің элементі түрінде алынады;
- зерттелінетін жүйенің элементі реті төмен жүйе болып саналады.

Ал енді педагогикалық жүйе ерекшеліктерін нақтылап көрсетуде көптеген ғалымдар бұл салада өз зерттеулерін жүйелі

түрде жүргізген. Атап айтатын болсақ, В.П.Беспалько, В.К.Дьяченко, Т.А.Дмитриенко, Л.В.Загрекова, Т.А.Ильинаның, т.б. еңбектері осы саланың дамуына елеулі үлес қосқан. Бұл еңбектерде педагог-ғалымдар педагогикалық жүйе ұстанымдарын ашып, оның ерекшеліктерін айқындай түскен.

В.Оконнің тұжырымдамасына сәйкес «...оқыту жүйесі деп мұғалімдерді, білімгерлерді қамтитын элементтер тұтастығын айтады».

В.П.Беспалько педагогикалық жүйені «педагогикалық үдерістер (процестер) жүретін жүйе» деп қарастырады.

Оның пайымдауынша: «Педагогикалық жүйе деп біз өзара тығыз байланыстарда болатын құралдардың, тәсілдер мен үдерістердің тұтастығын (жиынтығын) айтамыз, ал олар өз кезегінде жеке тұлғаның қалыптасуына бағыттталып ұйымдасқан түрде әсер ету үшін қажет».

В.П. Беспальконың тұжырымдамасында педагогикалық жүйенің құрылымына қатысты ғылыми теорияның екі алғышарты қарастырылады, олар: теорияның шешетін мәселесі мен шешу технологиясы.


В.П. Беспальконың пікіріне сүйенетін болсақ, педагогикалық жүйенің ішкі қасиеттері жүйелі-құраушылық, жүйелі-құрылымдық, жүйелі-міндеттілік және жүйелі-интегративтік қырлары арқылы сипатталады деуге болады⁴.

Біз жоғарыда аталған еңбектердегі берілген жүйе құрылымын басшылыққа ала отырып, кәсіптік білім беру педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін белгілеуге арқау болған ғалым-педагогтар В.П. Беспалько мен

¹ Беспалько В.П. Основы теории педагогических систем. – Воронеж: Воронежский ун-т, 1997. – 304 с.
Загрекова Л.В., Тарасов М.А. Технология и методология обучения. //Педагогическое обозрение. – М., 2000. – №1. – С. 16-24.
Ильина Т.А. Системно-структурный подход к организации обучения. – М.: Знание, 1972. – Вып. 1. – 72 с.

Л.В. Загрекованың ғылыми еңбектеріндегі педагогикалық жүйенің мәні мен құрылымын негізге алдық.

Жоғарыда аталған еңбектердегі жалпы «жүйе» және «педагогикалық жүйе» туралы ұғымдардың ғылыми мәні мен мазмұнын басшылыққа ала отырып, біз қарастырып отырған теориялық және әдіснамалық негіздерін белгілеуге септігін тигізетін педагогикалық жоғары оқу орындарында, оның ішінде педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесін түзуге талпыныс жасадық (1-сурет).



1-сурет. Педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесі

Кәсіби білім беру үдерісіндегі педагогикалық жүйені қарастырар болсақ, мұндағы дидактикаға байланысты қай мәселе

де білім беру технологиясы арқылы шешіліп, өз кезегінде үш түрлі құрылымның, яғни оқыту, тәрбиелеу және дамытудың тұтастығы арқылы көрінеді.

Әрбір әлеуметтік-қоғамдық талаптар білім беру саласында ескеріліп, оның ішінде жоғары мектепте бірізділікпен сұрыпталған белгілі дидактикалық білім беру технологиясы болашақ педагог мамандарды даярлау ерекшелігіне сай қолданыс табады. Соның ішінде педагог мамандарды кәсіби даярлау саласында қоғамдық сұраныстарға, әлеуметтік өзгерістерге сәйкес педагогикалық үдерістің *оқыту, тәрбиелеу және дамыту* мақсаттары жүзеге асырылатыны белгілі. Бұл үш дидактикалық ұстаным негізінде «білім алушылар – педагог» жүйесі бойынша барлық кәсіби іс-әрекеттер іске асырылады.

Педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесі негізінде білім беру, тәрбиелеу және дамыту мазмұны; оқыту, тәрбиелеу және дамыту ортасы; ұйымдастыру формалары, жалпы алғанда оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзіндік үдерістері жүзеге асады. Ал, бұл педагогикалық үдерістер белгілі әдіснамалық ұстанымдарға жүгінеді.

Әрбір әлеуметтік-қоғамдық талаптар білім беру саласында ескеріліп, оның ішінде жоғары мектепте бірізділікпен сұрыпталған белгілі дидактикалық білім беру технологиясы болашақ педагог мамандарды даярлау ерекшелігіне сәйкес, қолданыс табады. Соның ішінде педагог мамандарды кәсіби даярлау саласында қоғамдық сұраныстарға, әлеуметтік өзгерістерге сәйкес педагогикалық үдерістің *оқыту, тәрбиелеу және дамыту* мақсаттары жүзеге асырылатыны белгілі.

Бұл үш дидактикалық ұстаным негізінде «білім алушылар – педагог» жүйесі бойынша барлық кәсіби іс-әрекеттер іске асырылады. Педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесі негізінде білім беру, тәрбиелеу және дамыту мазмұны; оқыту, тәрбиелеу және дамыту ортасы; ұйымдастыру формалары, жалпы алғанда оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзіндік үдерістері жүзеге асады. Ал, бұл

педагогикалық үдерістер белгілі әдіснамалық ұстанымдарға жүгінеді.

Осы тұрғыда зерттелетін объектіні ғылыми тұрғыда танып, оны өзгертуге немесе жаңартуға бағытталған істі ұйымдастырудың ұстанымдары, құралдары, әдіс-тәсілдерін айқындау туралы философиялық ойлардың жиынтығын әдіснамалық анықтама деп түсінеміз. Олай болса, кәсіби білім беру мазмұнының *жетекші әдіснамалық ұстанымдарын төмендегідей белгілеуге* болады:

- ғылымилық және кәсіби мамандығының ерекшеліктерін ескеру ұстанымына сай оңтайлы әдістемелік жүйені таңдау, білім алушылардың педагогикалық, психологиялық, физиологиялық мүмкіндіктерін ескеру;

- интеграция ұстанымы – ұқсас педагогикалық пәндерді ықпалдастыру, шығармашылық іскерлігі арқылы білім алушылардың кәсіби қабілеттілігін дамытуға ықпал жасау;

- болашақ маманның біліктілігін дербес дамытуда кәсіби білім беру мен жеке тұлғасын тәрбиелеудің деңгейлік ұстанымы арнайы тапсырмалар жүйесін жүзеге асыру негізінде түрлі деңгейлік және қарапайым тапсырмалар беруге шығармашылық тұрғыдан қарау;

- білім беруде ана тіліне сүйену ұстанымы – білім алушыларды дүниетанымдық, шығармашылық белсенділігін, ана тіліне қабілеттілігін арттыру;

- нәтижелі шығармашылық ұстанымы–білімді қалыптастыру үдерісінде білім алушылартердің шығармашылық қабілетін жетілдіру⁵.

Табиғат, қоғам және шығармашылық ойлау үдерісінің даму жолдарына тән жалпы заңдылық әдіснамалық негізде

¹Дмитриенко Т.А. Педагогическая система: структура и законы функционирования //Понятийный аппарат педагогики и образования – Сб. научных трудов. – Екатеринбург, 1996. – Вып.№2 – С.68-79.

зерттелетіндігі мәлім. Қазіргі кезде ғылыми логика мен әдіснама және әдіс деген ұғымдардың мағынасын толық ашу қажеттілігі туындап отыр. Ғылым логикасы материалистік диалектикаға сүйенеді, өйткені, ғылыми таным қарама-қайшылықта және өзара байланыста болатын күрделі әлеуметтік үдеріс болып танылады. Әдіснама адамның танымдық және практикалық қызметінің әдістері мен тәсілдері туралы ілім деп қарастыратын болсақ, әдіс деген ұғымды танымдық немесе практикалық мәселелерді шешудің тәсілі деп түсінуге болады. Ендеше, әдіс жеке тұлғаның танымдық және кәсіби практикалық іс-әрекетінде реттеушілік қызмет атқарады деуге болады. Сонымен, дамудың жалпы философиялық теориясы, логикасы және әдіснамасы материалистік диалектика негізіне сүйене отырып жан-жақты қамтылады.

Біз ұсынып отырған педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесі, біздің пікірімізше, ең алдымен олардың кәсіби біліктілігі мен шеберлігін, іскерлігі мен дағдыларын, кәсіпкерлік қабілеті мен кәсіби шығармашылығын дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар, ғылыми ізденістер мен шығармашылық жобаларға қатынасу белсенділігін жетілдіруімізге қажет. Бұл орайда педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесінің негіздерін айқындауда басқа да ғылым салалары мен интеграциялық мәселелерін қарастыра отырып, олардың шығармашылық білімін көтеру жұмыстарын ұйымдастыруға көңіл бөлу керектігіне көз жеткіздік. Өйткені, болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау педагогикалық жүйенің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылатын көп функционалды үдеріс.

Сондықтан да, болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздерін жан-жақты қарастыра келе, төмендегідей қажетті бағыттар анықтадық: ғылыми-техникалық прогресс пен педагог мамандарды кәсіби даярлаудағы іс-әрекет ерекшеліктерін анықтау; болашақ педагог мамандығына байланысты педагогика ғылымындағы ұғымдарға түсінік беру; жеке тұлға ретіндегі кәсіби іс-әрекеті мен қабілеті, білімі мен

іскерлігі, дағдысы мен шеберлігі, кәсіби ойлауы мен шығармашылық іс-әрекетінің даму үдерісін жан-жақты зерттеу; кәсіби білімдері мен біліктілік іс-әрекеттерін жүйеге келтіру.

Жоғары кәсіби білім беруде осы аталған бағыттарды жүзеге асыру мақсатында педагог мамандарды кәсіби даярлаудың әдістемелік жүйесін қалыптастыруда заманауи білім берудің технологиялық мәселелерінің зерттеу деңгейін анықтау қажет. Бұл мәселелерді анықтауда кәсіби білім берудің мазмұнын жан-жақты қарастырамыз. Ол ғылым мен білімнің даму деңгейімен тығыз байланысты болғандықтан, еңбек түрі мен мазмұнынан туындайтын көптеген өзгерістерге ұшырап отырады. Бұдан шығатын қорытынды: жалпы бір ұрпақтың өмір жолында білімді түбегейлі ұдайы жаңарту қажеттілігі – кәсіби білім берудің мазмұнын мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін аса маңызды фактор ретінде қарауға мүмкіндік береді. Ал, бүгінгі таңда қалыптасқан кәсіби білім беру жүйесіндегі жоғары оқу орындарының желісі, мамандарды даярлаудың ауқымы, мамандықтар мен кәсіби мамандардың атаулары, білім беру мазмұны мен қоғам талаптары, өндіріс, жеке тұлға арасындағы қарама-қайшылықтар көптеген ғалымдардың еңбектерінде айқын көрсетілген. Атап айтатын болсақ, олар:

- маман даярлаудың ауқымы қоғам мен өндіріс сұраныстарына сәйкес келмейтіні;
- білім беру үдерісінің өзегі ретінде болашақ мамандардың талап-тілегі мен қажеттілігін қанағаттандыра алмайтын білім беру мазмұны мен оқытудың тым қатаң қалыптасуы;
- мамандардың кәсіби деңгейінің дамуын қамтамасыз ететін теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындайтын бағыт-бағдардың жеткіліксіз болуы.

Жоғарыда аталған дәйектемелерге сүйене отырып, оқу орындарындағы кәсіби білім мазмұнын анық көрсететін кәсіби мамандықтар тізімі, ол біліктілікті айқындайтын сипаттама ретінде берілген оқу жоспарлары – «оқу бағдарламалары» сынды жүйелерді қайта қарастыру құрылымындағы қызметтер жаңа

талаптарға сәйкес келетін білім беру үдерісінде жаңаша әдістемелер кешенін енгізу қажеттігін ашып көрсетеді.⁶

Соңғы жылдары педагог-ғалымдардың зерттеу еңбектері нәтижесінде кәсіби білім мазмұнының кейбір мәселелерін меңгеруде негізгі теориялық база қалыптасқан. Мәселен, білім беру мен еңбекке баулу (В.В. Борейша, Е.Д. Варникова), кәсіби техникалық (С.Я.Батышев, А.П.Беляева, Н.Н.Думченко), жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау (С.И.Архангельский, В.П. Беспалько, Е.Э.Смирнова, Н.Ф.Талызина, В.А.Сластенин, И.Л.Беленок), оқу пәндерін меңгерту мәселелері (И.К.Журавлев, Л.Я.Зорина, З.А.Решетова, А.М.Сохор), кәсіби білім беру мен оқытудың нақты мазмұнының қалыптастыру мәселелері (Н.В.Кузьмина, Н.Н.Нечаев, В.Д.Щадриков), жалпы еңбек білігі мен кәсіби шеберлікті қалыптастыру мәселесі (О.А.Абдулина, Е.Ю.Новикова) жөнінде еңбектер жазылғаны мәлім.

Бұл еңбектерде жоғары оқу орындарындағы кәсіби білім беру мен оқытудың мазмұнын қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылып, оқу пәндерін меңгерту арқылы кәсіби шеберлікті ұштау, кәсіби біліктілігін жетілдіру жайы зерттеледі. Ал бұл жетістікке жетелейтін нәрсе – қоғам тарапынан қойылар талаптар деңгейі, сондықтан білім беру ісі қоғам дамуының деңгейіне тәуелді, өндірістің, ғылым мен білімнің дамуына сай үнемі өзгеріп отыратыны ескерілу керек.

Демек, жоғары оқу орындарының болашақ мамандарды даярлау барысындағы басты мақсаты – олардың кәсіби білім берудің мазмұнын толық меңгеруі. Бұл мақсаттың орындалуы кәсіби білім берудің мазмұнын байыту арқылы жүзеге асырылатын болғандықтан, кәсіби білім беру мазмұны мақсатқа жеткізетін негізгі құрал ретінде белгіленеді.

¹Васильев Ю.К. Теория и практика подготовки будущих учителей к осуществлению политехнического образования: автореф. ... докт. пед. наук.:13.00.08. – М., 1979. – 42 с.

Білім беру мазмұнына басты іс-әрекет үлгісін жасаудың негізгі кәсіби іс-әрекеті мен жолдарынан бастап, мақсатты бағдарды ұстану, өзін-өзі бақылау мен іскерлік нәтижесін талдай алуға дейінгі кәсіби білім-біліктілік кешенді түрде оқыту мазмұнын ғылыми тұрғыдан қарастырған әдістемелердің негізін құрайды. Мұндай жүйеде құрылған кәсіби іс-әрекеттің үлгісі өз бетінше саналы түрде еңбек ету мүмкіндігін, болашақ мамандардың шығармашылық деңгейін арттыра түседі. Кәсіби іс-әрекеттің үлгісін жасау типтік кәсіби міндеттерді айқындап, қарастырылатын оқу міндеттерін, оқыту мазмұнындағы олардың алатын орнын, көзделген мақсатқа сәйкес объектілерді таңдауды, әдістер мен үлгінің құрылымдылық элементтерін жүзеге асыратын құралдарды анықтап береді.

Осыған орай кәсіби білім беру мазмұны болашақ педагог мамандардың кәсіби білім-дағдыларын, біліктілігін жетілдіруге, кәсіби білім беру ісіндегі шығармашылық жетістіктері мен ұлттық білім моделінің даму үрдісінің ерекшелігін, тарихын, тілін ұлттық рухта әспеттеуге бағытталуы қажет. Сондықтан да, болашақ педагог маманы рухани-адамгершілік тұрғыдан азығы мол, жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде төмендегідей кәсіби талаптар жүйесін меңгере білуі тиіс:

- шығармашылық, ұйымдастырушылық, әдістемелік белсенділігін жетілдіру, педагогика саласындағы ғылыми тақырыптарды меңгертудегі ізденісін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамыту және қалыптастыру;

- ғылыми еңбектердің шығу тарихын білу, дәстүрін тану, тілін талдауға бейімділігін;

- бағалау өлшемдерін өзгерту және тереңдету туралы мәселелер қозғауда шындықты айқындай түсуін;

- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын тани білуін;


- әлемдік білім беру кеңістігіне қол жеткізуде эстетикалық талғамы мол, ұлттық мазмұндық мәні терең классикалық көркем шығарма туындыларын талдай білуін;

- арнайы педагогикалық курстар мазмұнының интеллектуалдығын;

– дүниетанымдық, интеллектуалдық және шығармашылық құрамдарының өзара байланысын білуге дағдыландыру.

Бұл аталған талаптар болашақ педагог мамандарға кәсіби білім беру мазмұнының жалпы қоғамдық, саяси-әлеуметтік жағдайлар мен өзектілігін қамтамасыз етіп, педагогикалық, психологиялық, эстетикалық білімдерін жетілдіру, маманның шығармашылық, ұйымдастырушылық, әдістемелік шеберлігін, оның тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттеріндегі кәсіби біліктілігі, кәсіби іскерлігі мен дағдыларын, жеке тұлғалық кәсіби қабілетімен белгіленетіндігі айқындалады (2-сурет).

Бүгінгі таңда әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты, адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын, педагог мамандардың атқаратын қызметі жоғары. Болашақта педагог мамандар өз таңдауларына орай білім беру мекемелерінің оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, педагогика саласындағы



2-сурет. Педагог мамандарға кәсіби білім беру мазмұны

жаңа идеяларды зерделей білетін маман ретінде қызмет атқара алады.

Олай болса, болашақ педагог мамандарға жоғары деңгейде кәсіби білім беру үшін дамыған әлемдік білім беру саласындағы жаңа технологияларды терең меңгертіп, ұлттық білім беру үдерісінің даму тенденцияларын айқындайтын жүйелі білім беріп, олардың кәсіпкерлік және шығармашылық қабілетін, кәсіби құзыреттілігі мен ғылыми ізденісін, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік біліктілігін жетілдіре түсуге тиіспіз.

Осыған байланысты, оқу-әдістемелік кешенді ғылыми тұрғыдан жасақтап, болашақ педагог мамандарды жеке тұлға ретінде шығармашылық, интеллектуалдық, кәсіби құзыреттілігі тұрғысынан алғанда әлеуеті мықты, қарым-қатынас, технологиялық мәдениетін қалыптастыратындай мазмұнда құру керек.

Мұны жүзеге асыруда білім беру мазмұнының барлық құрамдарының өзара байланысы мен келісімінің тұтастай педагогикалық жүйесін қарастыруымыз қажет. Ал мұның өзі – педагог мамандарды кәсіби даярлау жүйесінде олардың кәсіби шығармашылығы мен кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған және қоғамның заманауи талаптарына сәйкес, кәсіби, базалық және психологиялық-педагогикалық пәндермен интеграциялық байланысын қамтамасыз етуде оқу материалдарын іріктеп, жаңаша әдіснамалық негіздерін енгізуді міндеттейді.

Бұл орайда оқу құралдарын іріктеуде, әсіресе, кәсіби, базалық және психологиялық-педагогикалық пәндерге ерекше көңіл бөлінуі қажет. Педагог мамандарға арналып жасалған оқу, оқу-әдістемелік кешендері міндетті түрде кәсіби даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Сонымен қатар, педагог мамандардың кәсіби даярлау жүйесі бойынша даярланған оқу материалдарын оқыту, тәлім-тәрбиелік және дамытушылық қызметін жүзеге асыру мақсатында негізгі үш құрамдас міндетті жүзеге асыруы тиіс:

– кәсіби салада шығармашылық, ұйымдастырушылық және ізденіс жұмыстарының теориялық негіздерін айқындау құзыреттілігін қалыптастыру;

– қолданбалы, яғни психологиялық-педагогикалық, шығармашылық, қарым-қатынас, технологиялық, әдістемелік кәсіби білімі мен біліктілігін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру;

– өз бетінше білім деңгейін тереңдетуге қажетті ғылыми-ізденушілік қабілетін дамытып, кәсіби шығармашылық білімін жетілдіру бағытында педагог мамандардың кәсіби деңгейінің сапасын арттыру.

Бұл орайда педагог мамандардың кәсіби білім беру мазмұнының барлық құрамдарының өзара байланысы мен өзара үйлесімін қамтамасыз ететін оқу материалының тақырыптық-мазмұндық ұстанымын жүзеге асыру қажет.

Әрбір педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетін құрудың негізгі шарты қазіргі кездегі педагогика ғылымын, жалпы білім беру салаларының дамуындағы басты бағыттарды ескеру, оқу құралдарының өзара байланысы мен жүйелілігі, білімнің ақпараттық бірлігі, оларды тиімді пайдалану болмақ.⁷

Білім беру құрылымы әрбір болашақ маманның жеке шығармашылық дамуын көздейтін жалпылама және жекелей міндеттелген өз бетінше таңдайтын білім ақпараты мен білім беру қызметіндегі бөлімшелерді пайдалану, оларды іріктеп таңдауға негізделеді. Бұл жағдайда оқу материалдарын іріктеу ұмтылысына орай, жалпы білім беру үдерісінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, яғни болашақ маманның кәсіби даярлау жүйесіндегі білім сапасының даму деңгейіне, кәсіби біліміне, шеберлігі мен біліктілігіне байланысты, кәсіпкерлік

кабілетіне қатысты ұстанымдарды қолдануда әртүрлі жүйе басшылыққа алынады.

Педагогикалық арнайы курстардағы ұжымдық және жеке дәрістерді ұйымдастыру белгілі бір мүмкіндік шеңберінен шықпауы тиіс, міндетті түрде оқу материалдарын теориялық және практикалық объектіде ұйымдастыра келе, белгілі бір жоспарланған тақырыптық іс-шаралар арқылы, айталық, әңгімелесу, пікірталастар жүргізу, баспасөз және көпшілік ақпарат мәлімдемелерімен жүргізілетін жұмыс түрлерін қамтып, белгілі бір шығармаға аңдатпа жазу, реферат, баяндама даярлауға үйрету жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет.

Н.Л. Белаяның айтуынша, шығармашылық белсенділік жеке тұлғаның маман ретінде сапалық көрсеткішін анықтайды, оның адамгершілік бағдарын, саяси, әлеуметтік көзқарасының кеңеюін танытып отырады. Педагог мамандардың шығармашылығын, кәсіби маман ретіндегі даярлығын, әдістемелік шеберлігін жетілдіру бағытындағы жұмыстар оның психологиялық-педагогикалық жағынан мамандануына көмектеседі.

Болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау жүйесі олардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру, кәсіби және психологиялық-педагогикалық пәндерді жоғары кәсіби-педагогикалық шеберлікпен өткізу арқылы жүзеге асады.

Білім алушыларды кәсіби маман етіп даярлау үшін білім беру үдерісінде кәсіби пәндер бойынша меңгеретін білімі терең және біліктілігі жоғары болуына айрықша көңіл аударылуы қажет. Бұл орайда болашақ педагог мамандарға психологиялық-педагогикалық білім беруге, арнаулы пәндер арасындағы синтезге баулуға, кәсіби, жалпы білім беру және базалық пәндердің пәнаралық байланыс жүйелілігін сақтау негізінде олардың өз беттерінше орындайтын жұмыс әдісі мен тәжірибесін педагогикалық кәсіби іс-әрекетінде тиімді пайдалануға бейімдеу.

Кәсіби білім беру мазмұнын қалыптастыру негізі – маманның кәсіби қызметін талдау болып табылады, талдау кезінде: оның қызмет бағытының ауқымдылығы, еңбек

құрылымының мақсаты, негізі, құрал көзі, әдіснамалық аспектілерінің ұйымдастырылуы; жеке кәсіби қызметінің мазмұны мен құрылымы, кәсіби қызметтегі іс-әрекеттері; еңбек құрылымының құрамы мен оған сәйкес осы саладағы даму жолдары басты назарда болады.⁸

Кәсіби білім беру мазмұнын қалыптастырудың мынадай өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелердің шешімімен тікелей байланысы бар:

- кәсіби іс-әрекетін нәтижелі атқару үшін қажетті білім мазмұны мен құрылымын мақсатқа сәйкес таңдау;

- кәсіби теориялық және практикалық даярлық көлемі мен құрылымының осыған сәйкес келуі және көздеген мақсатқа сай үйлесімді болуы.

Бұл мәселелерді қарастырып шешудегі ең өзекті жағдайларды мақсаттылық және қызметтік іс-әрекет тұрғысынан қарастыру төмендегідей бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді:

- мамандықтың атауына сай кәсіби бағытта мамандар даярлау жүйесін іске асыру;

- белгілі мақсатты көздеу негізінде нәтижеге қол жеткізуге талпыныс жасау;

- болашақ мамандарды еңбек нәтижесінің талдануына дейінгі уақытта жоғары деңгейде ұйымдастырылған кәсіби іс-әрекетке даярлау.

Жоғарыда анықталған бағыттар педагог мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің әдіснамалық негіздерінің үйлесімділігін мақсатты бағытта жүргізілуін көздейді. Мәселен, іргелі білім – биік нәтижеге қол жеткізеді, сапалы білім, кәсіби ой-сананы қалыптастырудың негізі болып табылады. Кәсіби, жалпы білім беру және базалық білім беру үдерісінің үйлесімді бағыт алған жүйесінде ғана іргелі, нәтижелі білім алудың нақты мүмкіндіктері айқындалады.

¹Белая Н.Л. Формирование творческой активности білім алушыларов музыкально-педагогических факультетов педвузов в үдерісе индивидуального обучения: автореф. ... канд. пед. наук.:13.00.08. – Киев,1985. – 22 с.

Болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау жүйесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындауда, кәсіби іс-әрекетті үйлесімді пайдаланып, белгіленген уақыт көлеміне арналған білім мазмұны мен құрылымын бекітуді басшылыққа алған жағдайда болашақ маман өз кәсіби мамандығын толық меңгеруде қоғам мен ғылымның байланыстарын ұштастыруға мүмкіндік алады.

Сондықтан да, педагог мамандардың кәсіби білім беру мазмұнын жоспарлау қажет. Мақсатты-бағдарламалық жоспарлау әдісін жүйелі түрде енгізу арқылы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқу бағдарламалық құжаттамаларды даярлау түпкілікті мақсатқа бағытталады – ол үнемі өзгеріске ұшырап отыратын жағдайларға жылдам бейімделуге қабілетті мамандарды даярлау;
- мамандарды даярлаудың тұтас жобасына мақсатты түрде жүзеге асыратын барлық қажетті іс-шараларды кешенді түрде енгізу;
- мақсатты жүзеге асырудағы құралдарды жүйеге келтіру және оларды тандау негізінде орталықтандыру.

Сонымен, педагог мамандарды кәсіби даярлау бағытында жұмыс жүргізу барысында шығармашылық қабілеттілігін жетілдірумен қатар кәсіби шеберлігі мен біліктілігі, іскерлігі мен дағдысы, кәсіпкерлік қабілетін қалыптастыру мәселелері тығыз байланыста жүзеге асырылуы керек.

Педагог мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздерін қалыптастырудың әрбір кезеңін, түрін және оларды атқаруға көмектесетін құрал көздерін қарастыратын даярлық технологиясының қызметі кәсіби білім беру мен оқыту мазмұнын қалыптастыратын кәсіби ерекшілік ұстанымдарды негізге алу арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Педагог мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық негіздері педагогика ғылымының тарихын зерделеп, білім мен ғылымға қызығушылығын арттырып, психологиялық-педагогикалық ой-өрісін дамытып, кәсіби шеберлігі мен

кәсіпкерлік қабілетін айқындауда төмендегідей мәселелерді шешуге бағытталады:

- білім мен ғылымға деген кәсіби сүйіспеншілігін арттыру;
- педагогика тарихи генезисін бір жүйемен оқыту;
- әлемдік деңгейде педагогика ғылымының озық тәжірибесін бағалай білу;
- әлемнің ғылыми және философиялық тұжырымдамаларының ерекшеліктерін түсінуге баулу;
- қоршаған ортадағы әсемдік пен сұлулықты шынайы қабылдау;
- ғылыми еңбектерді жүйелі қабылдаудағы адам білімінің жан-жақтылық ерекшеліктерін білуге дағдыландыру;
- ұлттық білім беру саласындағы жаңа идеяларды кәсіби шеберлік, шығармашылық сыни көзқараспен талдау жүргізуге бейімдеу;
- кәсіби педагогика саласындағы құнды еңбектерді біліктілікпен, философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан бағалай білуге баулу.

Болашақ педагог мамандардың әдіснамалық негіздерін анықтауда ғылыми-педагогикалық аяда бірізділікті сақтай отырып қарастырған жағдайда ғана ғылыми тұрғыда жүйелеуге болады.

Адамның қоғамнан тыс жеке өмір сүруі мүмкін емес. Яғни, оның дамуы қоғамның, қоғамдағы білім мен ғылымның дамуымен тікелей байланысты. Демек, болашақ мамандардың психологиялық ерекшеліктері, өзіне тән қасиеттері оның әлеуметтік жағдайына, нақтылы кәсібіне, іс-әрекетіне, білім қабілетіне байланысты анықталады. Педагог мамандардың психологиясы айналасындағы ортамен қарым-қатынас жасау, қоғамдық тәрбие мен білім алу, кәсіптік қызмет істеу арқылы қалыптасады. Маманның кәсіби даярлығы кәсіби, іс-әрекет жасау үстінде ғана өсіп жетіледі. Еңбек ету барысында оның кәсіби қабілеттері арта түседі, шеберлігі мен біліктілігі дамиды, кәсіптік іскерлігі шындалады, өмірлік белсенді көзқарасы қалыптасады және жетіледі.

1.2. Кәсіби педагогикадағы зерттеу әдістері

Кәсіби педагогика әдіснамасының технологиялық деңгейінде зерттеу әдістемесі мен техникасын жан-жақты қарастырады.

Кәсіби педагогикалық зерттеу ұғымында кәсіптік білім берудің заңдылықтары, оның құрылымы, мазмұны, принциптері мен технологияларын қарастырып, жаңа білім алуға бағытталған ғылыми іс-әрекеттің үдерісі және нәтижесі ретінде қабылдаймыз.

Педагогиканың ғылыми зерттеу объектісі ретінде педагогикалық жүйе, құбылыс (тәрбие, білім, даму, жеке тұлғаның қалыптасуы, ұжым); пәні – байланыс, элементтердің тұтастығы, педагогика объектісінің нақты салаға қатысы, жағдайды жіктеп болжаммен шешімді қажет ететіндігін растау. В.И. Смирновтың пайымдауынша педагогикалық зерттеуді екіге бөліп қарастырады: фундаменталдық, қолданбалы және өңдеу. Фундаменталдық зерттеу ғылыми білімді тереңдетуге бағытталған, тәрбие үдерісінің заңдылықтарын, ғылыми әдіснаманың дамуын, оның жаңа салаларын ашуда және тікелей тәжірибелік мақсат көздемейтіндігін ашып көрсетеді.

Фундаменталдық зерттеу және өңдеу тәжірибе мен ғылымды байланыстырады, педагогикалық технологияны өңдеу, білім және тәрбие мазмұнын жетілдіру, қолданбалы теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешеді. Өңдеудің мақсаты – бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құрал жасау және оқытудың формасы мен тәрбиенің сипатына қарай білім алушылар мен оқытушылардың білім мекемелерін басқару мәселелерін қарастыру.

Негізінен жоғарғы мектеп педагогикасында бірізділігі сақталған біріне-бірі тәуелді теориялық және тәжірибелік тұжырымдар жасалады.

Кезкелген педагогикалық зерттеу танымның төрт деңгейінен өтеді:

1-деңгей. Философиялық;

2-деңгей. Жалпы ғылыми, көптеген ғылымдарда қолданылатын тұжырымдамалар;

3-деңгей. Нақты ғылыми. Бастапқы теориялық тұжырымдама;

4-деңгей. Технологиялық зерттеудің әдісі мен техникасы.

Философиялық идеалистік көзқарастағы рухани бастама ретінде қарастыратын философия пәнінде, түрлі діни философиялық ілімдер жиынтығы қамтылады.

Диалектикалық материализм қоғам мен адамның ойлауы табиғаттың даму заңдылығына жататын объективті түрде жүзеге асатын таным әдісі негізінен шығады. Таным әдісі – қоғамның және табиғаттың объективті заңдылықтары туралы түсінік.

Диалектикалық материализм әдісі, зерттеушінің теориялық ойлау негізіне жатады. Педагогикалық құбылыстардың заңдылықтары және қарама-қайшылықтарын ашу, белгілі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми фактілерге тарихи талдау жасауды көздейді.

Тарихи материализм әдісі дегеніміз, мазмұны күрделі зерттеу жүргізу нәтижелерін анықтауда ғылымдардың бәріне бірдей әмбебап.

Қазіргі педагогика ғылымында бірнеше базалық теориялар қалыптасқан:

зерттеудегі әдіснамалық қызметті орындай алатын танымның диалектикалық-материалистік әдісін жалпыға бірдей әдіс деп қаралған – теориялық түсіндіруді қажет ететін фактологиялық материалдардың бастапқы эмпирикалық негізі;

– алғашқы теориялық негізгі зерттеу объектісін жүйелеп баяндау, жіберу, жорамал, ғылыми шындықтан тұрады.

– тәжірибеде дәлелденген теориялық бекітудің тұтастығы;

– әдіснамалық негізі зерттеудің бейнелеу үлгісімен байланысты.

Объектіні жүйелі зерттеу мақсатында бір-бірімен байланысты оқылатын элементтің психологиялық-педагогикалық сипаттамасын құрылымдық-функционалдық бірлікте талдау жасауды қамтамасыз ету.

Педагогика ғылымында жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылады.

Жалпы ғылыми таным әдісі – әр ғылымның өзіндік ерекшелігіне сәйкес барлық немесе қолданылып жүрген басқа ғылымдарда ұйғарылған әдістер.

Зерттеуші ең алдымен ғылыми-педагогикалық әдебиеттердегі аталған мәселенің шешімін іздестіру деңгейін анықтауды көздейді, шешілмеген қиын сұрақтарды айқындайды, одан кейін тәжірибемен таныса отырып, өзгерістер енгізіп, жоспарын құрып, тиімділігін тексеруге (ғылыми тәжірибе) эксперимент қояды.

Бұл орайда зерттеуші алға қойылған міндеттерге сай тиімді әдісті іріктеп, таңдаған әдісті логикалық жүйелі түрде, өзара тәуелді, бірлікте болуын қарастырады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері жалпы білім беру бағдарламасының тұжырымдамалық қағидаларының шешімдерін іздестіруде мынадай маңызды жағдайларды қарастыру қажет (Загвязинский В.И.):

- тәрбие мен білім берудің мазмұны және әдістері қоғам талабына сай, мақсаттың үздіксіз жаңаруы әлеуметтік келісім. Жеке тұлғаны жан-жақты кәсіби даярлау жүйесі заманауи қоғамның талаптарына сәйкес құрылады, әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру және есебін жүргізу өзгерісте болғандықтан әрбір адамның өмір сүруіне және лайықты дамуына жағдай жасау;

- тәрбие үдерісінің тұтастығы (әдейі ұйымдастырылған) жабық сондай-ақ ашық ортада адамның жеке тұлға болып қалыптасатындығы. Бұл ортада қажетті болып саналатын отбасы және қоршаған орта, сондықтан педагогикалық мүмкіншілікті барынша ашып көрсету және қолдану;

- мақсат-міндеттердің бірізділігі және сабақтастығын сақтау, тәрбие және оқыту әдістері мен мазмұнын жан-жақты талдау, білім кеңістігіндегі тұтастық және біртұтас білім кеңістігімен қамтамасыз ету;

– тәрбие берудің жеке бағдарын және оның әлеуметтік мәні басым демократиялық қоғам мен оның тәрбие, білім беретін жүйесін міндетті түрде есепке алу;

– жолды еркін таңдау және вариативті педагог пен тәрбиеленушілер үшін стратегиялық білім беру идеяларын жүзеге асыру тәсілдері мен формалары;

– іс-әрекет амалын мойындаудың мәні, жеке тұлғаның даму үдерісі қоғамдық ортамен өзара қарым-қатынаста өтетіндігіне, сондай-ақ өндірісте қоғамдық жаттығу тәсілдерін орындау меншігі оқыту және тәрбиелеу жолы сияқты, жеке тұлғаның өзінің жаттығу әдісі. Танымдық сипат пен тәрбиелік міндет алдын-ала жоспарланған оқыту және тәрбиенің дамытушылық қызметін жүзеге асырылуымен ерекшеленеді:

– жеке тұлға дамуының адамгершілік-эмоционалдық қатынасының қалыптасуы; пәннің жаңалығына, адамгершілік құндылығы;

– кешенді қызмет атқаратын тәлім-тәрбиелік құрылым, педагогикалық міндеттің көп қырлылығымен жеке тұлғаны ішкі өзара байланыс өрісінде тәрбилеу және оқыту.

Оқу орнында микроәлеуетте отбасының тәрбиелік мүмкіндігін осы мақсатқа сай интеграциялау, тұтастығы мен бірізділік іс-әрекеттің білім мен тәрбие беру міндетін шешу қажеттігі осыдан туындайды (Бабансий Ю.К.).

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық зерттеудің келелі мәселелері:

– басты педагогикалық мәселені шешу жолы (тұжырымдамасы), теориялық негізін анықтау кезіндегі философиялық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық заңдылықтар қатынасы, білім беру мекемелерінің даму принципі мен бағытын таңдау;

– нақты ғылымдардың психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін интеграциялау және таңдау тәсілі;

– психологиялық-педагогикалық жүйенің өзіндік білімділік, тәрбиелік, сақтық, түзету, емдеу-сауықтыру, т.б. ерекшеліктері;

– кәсіби білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық міндеттерді жобалау ісінде жаһандық, жалпы мемлекеттік, аймақтық қатынасын ескеру;

– педагогикалық жобалаудың технологиясы және әдіснамасы;

– барлық зерттеу, ізденіс кезеңдерін тиімді меңгеру, айқындау, түзету тәсілі.

Қолданбалы зерттеу мәселелерінің шешімін іздестіруде негізге алынатын қағидалар:

– қазіргі әдіснамалық жүйенің даму мүмкіншілігі;

– педагогтің рухани, гуманитарлық білім әлемі;

– оқу үдерісіндегі ақпараттық технологияның даму мүмкіншілігі;

– жоғары оқу орындарындағы және колледждердегі тәлім-тәрбиенің әлеуметтік жүйесі;

– білім алушыларды жастар клубына қызығушылық таныту базасы ретінде;

Психологиялық-педагогикалық ізденіс көздері былайша бөлінеді:

– жалпы адамзаттық, гуманистік көзқарас, әлеуметтік тапсырыстың түрлі деңгейін қарастыру;

– жалпы аймақтық, жалпы мемлекеттік, жергілікті және тұлғаның сұранысы мен талаптарын ескеру.

Заманауи ғылымның дамуында айрықша орын алатын әлеуметтік педагогика, әлеуметтік педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы, педагогика және психология ғылымдары жалпы адамзат туралы барлық ғылымдар жетістіктерін айқындатыны сөзсіз.

Сондықтан да соңғы жылдары ғылыми еңбектерде көрініс алып жүрген озық педагогикалық тәжірибені негізге ала отырып, оның ішінде жаңашыл идеяны ұстанып, білім беру үдерісіне енгізуді басты назарға алу қажет. Бұл қағиданы жүзеге асыру оқытушылар мен педагогтар ұжымының ғылыми әлеуеті, қоршаған әлеуметтік орта, өндіріс кәсіпорындары, мәдениет пен білім беру мекемелеріне жүктеледі. Ұжымның шығармашыл

әлеуеті шығармашылық тұрғыдан қызмет атқарғанда қалыптасады. Сондықтан да педагогикалық ізденіске талабы бар, ұзақ жылдар бойы жинақталған тәжірибесі мол, ұжымды құру ең алдыңғы кезекте орын алатын міндеттер. Ал оның қызметіне дұрыс баға беру арқылы адамдардың өзара әрекеттестігін, шығармашылық стилін және әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді.

Кәсіби педагогикалық қызметкердің шығармашылық әлеуеті ішкі шығармашылық ізденісінен көрінеді, елес, қиял, болжам жасай білу, белгілі тәсілмен элементтерді қосу, пәннің әдеттегі қызметін және байланысын көре білу, зерттеп іздеудің жетістігі көбінесе, барлық қайнар көздерді тиімді пайдаланумен ерекшеленеді.

Диплом немесе курстық жұмыс орындайтын білім алушылар ғылыми болжамның бірінші және екінші түрін жиі қолданады.

Ғылыми болжамның құрылу жолдары әртүрлі. Кейбір мәліметтерге қарағанда ғылыми болжам басқа бір зерттеушілердің идеясымен құрылса, оның дәлдігін, шын не жалған екендігін тексеріп отыру қажет. Ғылыми болжамның артықшылығы сонда, зерттелетін үдерістің теориялық және практикалық жағдайын терең зерттей отырып, тәжірибені дәлелдеумен белгіленетіндігі. Ғылыми болжамның мақсаты (индуктивті) жалқыдан жалпыға қарай түрінен тәжірибеге талдау жасалу негізінде ғылыми болжамның жалпыдан жалқыға қарай (дедуктивті) түріне сай келуі тиіс, яғни қазіргі ғылымның басты теориялық жағдайы негізінде құрылады.

Сонымен қатар, факті немесе идеяны жеткілікті тексермей, ғылыми болжамды жалған құрудан сақ болған жөн. Жалған ғылыми болжам. Қателік санын көбейте отырып, ғылыми аргументке мүмкіндік жасайды.

Жағымды ғылыми болжам нақты фактілердің негізінде құрылады:

– ғылыми болжам қойылған міндетке, тақырыпқа сай, зерттеу пәнінің шеңберінен шықпауы тиіс;

– ғылыми болжам негізге алған мәселені шешуге бағытталуы тиіс;

– ғылыми болжам тексеруге қолайлы болуы тиіс;

– ғылыми болжам тәжірибе арқылы дәлелденіп, практикада проблеманың жобасын шешуді қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін, мына сұрақтарға жауап беру қажет:

1. Зерттеу пәнінің ең маңызыды үлгісі.

2. Зерттеу объектісінің құрамдас элементі, зерттеу нәтижесінде алынған тұлғалық білімді, қарым-қатынас түрі, топтың қасиеті анықталып, педагогикалық құбылыстардың белгілері, т.б. нені ұсынатынын нақтылау.

3. Тұлғаның қасиеті мен сапасын анықтайтын үдерістің моделі қандай?

4. Құрамдас элементі және өзара байланысының үлгісін қалай бейнелеуге болады?

5. Мұндай модель үшін қандай мәліметтер бар? Құбылыс, үдеріс қалай жүреді, құбылыс дамыған кезде элементтер арасында не болады? Ішкі жағдайлардың өзгеруіне байланысты олардың арасындағы байланыс қалай өзгереді?

6. Білім беру үдерісінің мазмұны, оқылатын құбылыстың мәні неде?

Зерттеу мақсаты ғылыми ізденістің зерттеу пәнін айғақтай түсуі қажет. Ғылыми ізденістің шешімін іздестіру жағдайы педагогикалық теорияның даму қажеттілігіне байланысты. Тәжірибе талабына сай, зерттеу мүмкіншілігі мен зерттеу жұмысы жүргізілетін оқу мекемелерінің жағдайына да байланысты анықталады. Зерттеушінің негізгі тұжырымдамасы, яғни сол теориялық жағдайды зерттеуші өзінің барлық жұмысында басшылыққа алады. Зерттеушінің тірек ұстанымы – ғылыми-зерттеу жұмысын жан-жақты талдау нәтижесінде ғылыми әдебиеттердегі жалпы негізгі идеяның жайын жіктеу және ұсыну. Бұл зерттеудің мақсаты мен міндетін анықтауда маңызды.

Эксперимент (латын сөзі Experimentum – проба, опыт) – ғылыми жасалған тәжірибедегі дәл есептелген жағдайда педагогикалық шындықты қайта құру. Эксперименттен бөлініп шыққан зерттеу әдісі 19-ғасырда психологиялық құрал және тәсілдермен орындалған, зерттеу үдерісі мен оқу заңдылықтары және қабылдау, реакция жылдамдығы, психологиялық үдерістің өту жағдайымен, т.б. байланысты болады. Зертханалық экспериментті кеңінен қолдану және алғышарттың бөлінуіне олар қызмет етіп, эксперименттік психология құрушы болып қалады. Психологиялық зертханалық эксперимент қажетті аспаптар тіркелген, арнайы жабдықталған бөлмелерде жүргізіледі. Эксперимент жүргізуші нұсқаумен танысқаннан кейін, тапсырманың орындалу жағдайы туралы хабарлап, оның орындалу барысын бақылайды. Педагогикалық практиканың міндеттерін шешуде эксперименттік әдісті пайдалануға әрекет жасау, табиғи эксперименттің пайда болуына алып келеді. Шынайы іс-әрекет жағдайын сынауға табиғи эксперимент жүргізіледі. Зертханалық зерттеу жұмысының міндетін шешу сипатына байланысты және табиғи эксперимент бірнеше сатыдан тұрады.

Эксперименталдық жұмысты жоспарлау, оның мақсатын анықтау, эксперимент түрін таңдап алу және мүмкін болатын нәтижені ойластыру қажет.

Техникалық құралдарды қолданып, түрлі өлшеу әдістерін жүргізу нәтижесінде теориялық жағынан негізделген және тәжірибеде тексерілген дәлелдемелер ұсынылуы қажет. Педагогикалық эксперименттің моделі бақылау тобынан эксперименттік топты салыстыру арқылы жасалады. Эксперимент нәтижесі эксперименттік топты бақылау тобымен салыстырған кезде өзгеруден көрінеді. Эксперименттік топтың бақылау тобынан ерекшелігі стратегиялық үдерістің көмегімен анықталады. *Анкеталық әдіс* – анкета көмегімен ашық не жабық түрде жаппай материал жинау. Бұл әдіс – оқиғаларда, бір-бірінің қатынасын анықтауда, іс-әрекет түрінде және пікір зерттеуде жиі қолданылады. Бұл әдістің негізін салған америка психологы әрі

педагогы Т.С.Галл 1980 жылы анкета құрастырып, соның көмегімен жалпы білім беретін Бостон мектебінде оқитын балалар ұғымының көлемін көрсетуді анықтайды. Анкетада қатаң тұжырымдалған сұрақты барлық кезде қолданбайды. Мәселен, оның көзқарасына жауап беруіне байланысты ұсынылған, қабылданған тізімнің ішінен таңдауға тапсырма жиі беріледі.

Сұрақтардың екі типі қолданылады:

- ашық пункт (құрылымдық емес);
- жабық пункт (құрылымдық).

Анкета жүргізу объективті болу үшін, басқа әдістерді қолдану қажет, бұл мәліметтерді тереңдету, анықтау, толықтыру үшін көмектеседі.

Әңгіме әдісі – бұл ақпарат алу, зерттеушінің ауызша қатынасқа негізделген және респонденттің түзу әлеуметтік әрекеттестігі осы әдістің мүмкіндіктерін анықтайды.

Әңгіме тақырыбы еркін түрде өтеді. Зерттеуші алдын ала сұрақтарды дайындап, оның мазмұны, өзектілігі және тұжырымдылығы әңгіменің жағдаятына қарай анықталады. Осыған байланысты зерттеуші белгілі үлгіні ұстануы тиіс. Бұл жағдайда жеке респондент төрт форманы жобалауды ұсынуға болады:

- түгел ашық жауап;
- жартылай ашық жауап;
- соңы ашық тұжырымды жауап (жартылай құрылымдық);
- түгел құрылымдық жауап.

Зерттеуші әңгіменің бағытына қарай, мәселені анықтап, респондентер шеңберін, әңгіменің типін және жоспарын өңдейді. Әңгімені жалпы сұрақтан бастау керек, респондентті зерттеу пәні болып табылатын тақырыппен таныстырады. Зерттеуші біртіндеп арнайы сұраққа ауысады және тек әңгіменің ортасында ғана барлық зерттеу жұмысының мақсаты болып табылатын сұрақты қояды. Негізгісі зерттеушінің әңгіме барысында респондентті ынтымақтастыққа қызықтыруы.

Педагогикалық зерттеуді өлшеудің кейбір тәсілдері.

Өлшеу бұл танымның негізгі құралы, оның дәлдігін өлшеуді ұлғайтады, ол эмпирико-математикалық әдіс болып саналады. Бірлік орнына қолданылған өлшенетін көлеммен сол сияқты көлемді салыстырып болжайды. Педагогикалық зерттеуде ол сирек кездеседі, мысалы, физикалық дамуын анықтауда (бойы, салмағы, т.б.) көбінесе қиғаш өлшеу жиірек қолданылады. Білім алушыларлардың жұмысы негізінде, сұраққа жауабы, мәселелі міндеттерді шешуге қатесінің саны қиғаш өлшеумен өлшенуі мүмкін. Екінші тәсіл жөнге салудың сандық сипаттамасы. Зерттелетін құбылысты сапқа тұрғызу, қандайда бір зерттеу объектісінің жиілігінің жоғарылауы немесе төмендеуіне байланысты объектінің орналасу бейімділігін жөнге салу оның рет номерінен көрінеді. Көптен көп сенімді және аяқталған өлшеу тәсілі, пропорционалдық өлшеу болып табылады. Ол табиғи нөлдік бастапқы көлем, ал саны ерекшелігі нақты санын өлшеуді білдіреді. Бұл жағдайда пропорционалдық шкала пайда болады. Педагогикалық зерттеуде фактіге негізделген материалды алуға сандық интерпретацияға апаратын әртүрлі тәсіл қолданылады. Оған жазбаша емтиханды, тест, шкалалау, социометриялық материалды жинау техникасын жатқызуға болады. Педагогикалық зерттеудегі ең қарапайым өлшеу тәсілі ауызша және жазбаша емтихан. Ауызша емтиханда білім алушы алдын ала әзірленген сұраққа жауап береді, теориялық немесе практикалық есептерді шығарады. Зерттеуші ол кезде білім алушының мінез-құлқын белгілеп қояды, жауабын, әрекет барысын жазып алады.

Осы әрекеттер нәтижесінде қызығушылық танытудың нақты тұстары анықталады. Олар өте үлкен қызығушылық және өте әлсіз қызығушылық. Зерттеуші аталған қызығушылық арасындағы қарама-қайшылықтарды белгілейді.

Теориялық зерттеуді ең басынан зерттеу мәселесін анықтау кезінде, оның негізгі идеясын және болжамды өңдегенде талдау және синтез қолданылады. Ғылымда талдаудың әртүрлі формалары қолданылады: топтастыру, талдауға қатысты, себепті және диалектикалық. Топтастырылған талдау өте қарапайым, ол

ғылыми зерттеудің алғашқы жазу кезеңінде жөнге салу, қайталау және ұқсастық негізінде құбылысты топтастыру, мысалы, проблемалық оқытумен айналысатын зерттеуші, сабақты проблемалық оқыту барысында, қолданылған және қолданбаған деп топтастырады. Талдау жүргізу арқылы түрлі құбылыстың мазмұны мен мәнін қарастыруға мүмкіндік алады.

Сондықтан да оқыту үдерісін ұйымдастыруда көптеген мәселелер жан-жақты қарастырылуы қажет.

Пәннің мазмұны, мақсаты мен міндеттерін орындаумен қатар гипотетикалық жағдайды ескеру қажет:

- білім алушылардың жас ерекшелігі;
- әлеуметтік ортаға бейімделуі;
- мұғалім және оқытушы тұлғасына білім алушының қатынасы;
- оқу материалының ерекшелігі;
- оқу әдісінің ерекшелігі;
- білім алушының білімі мен біліктілігі.

Талдау кезінде оның элементарлық бөлшегінде, құбылысты жіктеу, құбылыстың өз ішіндегі қатынасы немесе әртүрлі құбылыстар арасы зерттеледі. Талдау қатынасының үлкен ғылыми мәні себепті талдау басты өзгерісті анықтауды және құбылыстар арасындағы себепті байланысты ашып береді. Себепті талдау, құбылыстың себебі болып табылатын мәнді қатынасты ашуға және ғылыми заңды ашуға алып келеді. Дегенмен себепті түсіндіру, жалпы байланыстардың құбылысынан бөліп алып, себеп және салдарын оңашалап зерттейді: шын мәнінде себепті қатынас, күрделі динамикалық байланыста жүзеге асады. Педагогикалық үдеріс күрделі динамикалық жүйені құрады, оны зерттеуге біржақты, себепті қарау жеткіліксіз. Бұл орайда *индукция және дедукцияның* ғылыми танымдық маңыздылығы арта түседі.

Модельдеу әдістері – ғылыми зерттеудің теориялық әдістерінің бірі. Модельдеуде «басқа объектідегі, кейбір объектінің сипаттамасын негізге алу ережесі сақталады.

Осы екінші объект модель деп аталады. Модель мен түпнұсқа арасындағы қатынас белгілі талапқа сай келеді. Олардың арасында қатынас шектелген, ұқсас форма анық бейнеленген: Ғылыми таным үдерісінде модель түпнұсқаны ауыстырады; модельді оқу түпнұсқа туралы хабар береді. Модель әртүрлі негізде құрылады. Негізінен модельдің екі типі айтылады. Бұл материалдық модель (заттың, шындық) яғни адам құрастырған (мысалы, ұшақтың моделі) немесе табиғаттан үлгі алу.

Теориялық деңгей әдістері. Танымның теориялық деңгейі эмпирикалық деңгейде мүмкін болмайтын жетістіктерге қол жеткізеді. Эмпирикалық зерттеу өзінің әдістерінің ерекшеліктеріне байланысты құбылыстардың функционалдық, себеп-салдарлық тәуелділігін айқындауға мүмкіндік бере алмайды. Ғылыми танымның осы деңгейі заттардың мәніне терең бойлауға, құбылыстарда болып жататын өзгерістер мен байланыстардың ең терең заңдылықтарын, механизмдерін байыптауға септігін тигізеді. Алайда зерттеу жұмыстарын жүргізуде эмпирикалық деңгейін анықтау арқылы ғылымның базасы мен негізгі мазмұны жасалады.

Теориялық деңгей әдістеріне зерттеушілер әдебиет көздерін зерттеу, талдау мен жинақтау (синтез), абстракциялау (талдап қорыту және жекелеп бөлу), тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті әдістері, ұқсастыру, модельдеу, болжау әдісі, математикалық және статистикалық әдістерді жатқызады.

Әдебиет көздерін зерттеу ғылыми зерттеудің барлық кезеңдерінде жүргізіледі. Алдымен алға қойған зерттеу жұмысының көкейкестілігі мен қарама-қайшылықтарын анықтау арқылы тақырыптың мақсаты мен міндетін, нысаны мен пәнін, ғылыми болжамы мен жетекші идеясын белгілеу қажет. Осы шараларды жүзеге асыру негізінде зерттеудің логикасы мен әдістемесін нақтылау, жинақталған эмпирикалық материалдарды теория тұрғысынан пайымдауға септігін тигізеді. Әдебиет көздерін зерттеу библиографиялық тізімдеуден басталады. Бұдан әрі авторлардың негізгі пікір пайымдауларын конспектілеу, оған деген өз көзқарасын ұсыну және солардың негізінде мәселенің

зерттелу дәрежесін, басты бағыттарын анықтап, жүйелеу жұмысы жүргізіледі.

Талдау мен синтез. Талдау дегеніміз – тұтастық құрамына кіретін элементтерді, заттар мен құбылыстарды бір-бірінен ажыратып қарастыру негізінде зерттеу. Синтез оған қарама - қарсы үдеріс, яғни зерттелетін объектінің элементтері мен сапа - қасиеттерін біртұтастықта, жүйелі зерделеу. Анализ бен синтез өзара диалектикалық байланыста болып келеді және көбінесе зерттеу үдерісін біртұтастықта қарастыруда қолданылады.

Абстракциялау (дерексіздендіру) ақыл-ой операцияларының бірі. Адамның мәнді еместен көңілін басқа жаққа аударып, нәтижесінде нақтыдан дерексізге өрлей отырып, ұғым қалыптастыра алатын ойлау үдерісі саналатын заттар мен құбылыстардың мәнді сапа-қасиеттері мен байланыстарын ойша ажыратуға негізделген таным формасы. Оның екі түрі бар: талдап қорыту және жекелеп бөлу. Талдап қорыту – көптеген бірыңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, ұқсас белгілерін анықтау. Жекелеп бөлу – бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажеттіні бөліп алу үдерісі.

Индуктивті және дедуктивті әдістер. Индукция – білімнің жеке-жеке пайымдаулардан жалпы қағидаларға қарай ілгерілеуі. Дедукция – білімнің жекеге қарай қозғалуы, себеп-салдар алғышарттарының анықталуы.

Ұқсастыру әдістері – заттар мен құбылыстардың сапа-қасиеттерін өзгелермен ұқсастығы негізінде анықтауда қолданылады.

Модельдеу әдісі – заттар мен құбылыстардың, мүмкін жағдайдың теория жүзіндегі моделінің жасалуы. Модельдеу әдісі – зерттеу объектісін соған ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастыратын зерттеу әдісі. Оның біріншісі – түпнұсқа, екіншісі оның моделі болады. Модель мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болу керек. Модельдеу ауызша (вербалды), логикалық, физикалық, математикалық, заттық белгілік болып бөлінеді.

Болжау әдісі – зерттеушінің қатысуынсыз педагогикалық жүйе немесе білім беру жүйесінің даму қозғалысын көрсету үшін қолданылады. Зерттеу барысында алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсеткіштерге, кестелерге, сызбаларға, диаграммаларға, формулаларға, түсініктер мен заңдарға айналдыру зерттеушінің ойлау абстракциясының жоғарғы деңгейі мен дәрежесін қажет етеді.

Математикалық және статистикалық әдіс педагогикалық құбылыстар мен олардың сапалық өзгерістері арасындағы сандық тәуелділікті анықтау мақсатында қолданылады.

Әдіснамалық деңгей әдістері – ғылыми танымның ең жоғары деңгейі. Танымның әдіснамалық деңгейі педагогика категорияларымен, «білмеген туралы білімді» айқындаумен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі ретінде белгілі теорияларды қолданумен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған: әдіснамалық деңгейде таным іс-әрекетінің теориясы құрылады.

Соңғы жылдары ғылыми-зерттеу жұмысын орындауда *терминологиялық әдістер* кеңінен қолданыс тауып жүр. Зерттеу жұмысында оның ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызын ашып көрсету міндетті емес. Алайда, бітіруші өз қалауы бойынша белгілі бір сынып көлемінде тәжірибелік-эксперимент жұмысының барысында жеткен жетістіктерін атап көрсетуіне болады.

«Зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық маңыздылығы» ұғымы алғаш рет қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қағидаларды, ғылыми-теориялық сипаттағы жаңа білімдерді білдіреді. Осыған сәйкес, зерттеу жұмысында кәсіптік білім беру мен тәрбие берудің жаңа әдіс-тәсілдері, принциптері, ұйымдастыру формалары мен жетілдіру мүмкіндіктері ашып көрсетілуі тиіс және оны тиімділікпен жүзеге асырудың педагогикалық шарттары, тиімді нысандары мен әдістемесі ұсынылады.

Ғылыми жобалар – білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтиды және бұл жобалардан олардың

шығармашылық іс-әрекеті, ізденімпаздығы, ғылыми-танымдық әрекетінің нәтижесі көрінеді.

Ғылыми жоба білім алушыларды ғылыми ізденістерге қызығушылығын, танымдық әрекетін арттырады.

Ғылыми жобада: тақырыптың өзектілігі; мақсаты мен міндеттері; зерттеу әдістері; болжамы; дерек көздері; жаңалығы; зерттеу кезеңдері; қорытындылары мен ұсыныстары сипатталады.

Ғылыми жобалар жазбаша талапқа сай көркемделініп, ауызша қорғалады. Ауызша қорғау барысында: қолданылған әдістерінің тиімділігі, тақырыптың негізгі мазмұндық сипаты мен жаңалық дәрежесі, баяндау шеберлігі мен материалды берудегі үйлесімді жүйелілігі, тұжырымдар мен қорытындылардың дәйектілігі, ұсыныстардың шынайылығы есепке алынады.

1.3. Білім беру мазмұнының түрлі деңгейде жасалуы

Оқу мазмұны жоғары деңгейде (стандарт, білім беру мекемесінде кәсіптік білім беруге бағытталған блоктік-модульдік оқу бағдарламасы немесе еңбек ету саласындағы оқу үдерісіне арналған блоктік-модульдік оқу бағдарламалары) жасалынғаннан кейін-ақ оған сай келетін модульдік өлшемдердің (түрлі пәндердің, пәндер аймағының, жұмыс және практикалық оқу түрлерінің) мән-мағынасы бұрынғыдан да айқындала түседі.

Кәсіптік білім берудің басты детерминанттарын жан-жақты талдаудың арқасында олардың компоненттерінің барлығының да объектілер мен заттар, (заттар және өндіріс құралдары, дайын өнімдер) не болмаса үдерістер мен құбылыстар (табиғи құбылыстар, экономикалық заңдылықтар, технологиялық және еңбек үдерістері, т.б.) болып табылатындығына көзіміз жетіп отыр. Ең бастысы, олар оқу үдерісіне енген кезден бастап-ақ оқу элементтеріне айнала бастайды. Сонымен, жалпы жағдайда оқу элементтері ретінде танылатын объектілер (заттар) мен үдерістерді (құбылыстарды) қабылдаймыз және олар оқу үдерісіне ұғымдар, ерекше белгілер, заңдар, ережелер, принциптер, т.б. түрінде кеңінен көрініс тауып отырады.

Білім беру мазмұнының жоғары деңгейдегі сияқты төменгі деңгейде жасалуының негізінде ұсақ құрылымдық өлшемдерді (элементтерді) одан да ірі болып келетін құрылымдық өлшемдерге бөлу принципі жатыр. Осы принципке сай оқу элементтері олардың нақтылану сатысына байланысты иерархияның төрт деңгейі бойынша бөлінеді. Оқу элементтерінің дәл осындай құрылымы модульдік өлшемнің мазмұнын тез арада икемдеуге мүмкіндік береді және әрбір оқу элементінің нақты практикалық дағдыларын игере білуін немесе теориялық білімдерді қалыптастыруға бағытталған білім берудің алдағы мақсаттарымен өзара сәйкестігін барынша қамтамасыз етіп отырады.

Оқу элементтері екі топқа бөлінген. Бірінші топқа – оқу үдерісіне енгізілген барлық қарастырылған объектілер мен заттар, үдерістер мен құбылыстар жатады. Екінші топқа – осы объектілер мен үдерістердің мәнділігі мен ерекшеліктерін ашып көрсететін белгілердің барлығын да жатқызуға болады және оларды біз оқу элементтерінің белгілері (ОЭБ) деп атаймыз.

Ірі оқу элементтерінің мазмұны төмендегідей болып келеді: қорытындылайтын басты оқу элементі (ҚБОЭ), негізгі оқу элементі (НОЭ). Бұлардың мән-мағынасы басты оқу элементтері (БОЭ) деңгейінде ашылады. Белгілі бір пәннің мазмұндылығын ашып көрсеткен кезде қорытындылайтын басты оқу элементінің дәрежесі тақырыпқа, ал негізгі оқу элементінің дәрежесі тақырыпшаға сәйкес келуі қажет. Теориялық сипаттағы оқу элементтерінің мазмұны бұдан әрі оқу элементтері белгілерінің (ОЭБ) көмегі арқылы айқындалады.

Оқу материалының мазмұнын таңдап және оны жасаған кезде бірінші топтың оқу элементтерін олардың сипатына байланысты екі түрге бөлген дұрыс болады. Мұндай жағдайда бірінші топқа оқу үдерісіне енгізілген объектілер мен заттарды жатқызамыз да, ал екінші топқа үдерістер мен құбылыстарды жатқызамыз. Ерекше атап өтетін бір жайт, бұл екі тип өзіндік белгілеріне байланысты бір-бірінен айрықша ерекшеленіп отырады.

Белгілі бір жұмыстың немесе практикалық оқудың ерекше түрін көрсететін модульдік өлшем мазмұнының ішкі құрылымының өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады.

Кәсіптік оқыту үдерісінде білім алушылардың кәсіби ойлау қабілеттері, дүниетанымы, практикалық іскерлігі мен дағдысы қалыптасады.

Кәсіптік білім беру мазмұнының құрылымын ең қажетті блоктар санатында қарастырудың арқасында, бастауыш кәсіптік білім беру мазмұнының ең негізгі инварианттық компоненттерін ашып көрсететін мемлекеттік стандарттың құжаты ретінде бастауыш кәсіптік білім беру мекемелеріне арналған оқу жоспары үлгісінің құрылымын нақты айқындап көрсете білуге жол ашылады.

Блоктардың мазмұнын модульдік өлшемдердің көмегі арқылы ашып көрсету және осындай жағдайда оқу жоспарларын жасауда түрлі пәндер мен практикалық оқудың (өндірістік оқу, өндірістік практика, т.б) қолданыс табуына байланысты білім алушыларларды белгілі бір кәсіп (мамандық) бойынша дайындауға бағытталған типтік оқу жоспарлары жасалады. Өз кезегінде бұл типтік оқу жоспарлары блоктік-модульдік бағдарламалық оқу құжаттары жиынтығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Бастауыш білім берудің тізімінде берілген еңбектің екі сатылық иерархиясы түрлі мамандықтар бойынша оқытудың мазмұнына барлық кәсіп мамандықтары үшін біртұтас және нақты мамандықтар бойынша мамандандыруды қамтамасыз ететін базистік дайындықты енгізуге әкеліп соғады.

II. КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Жоспар:

2.1 Теориялық оқытудың әдістері

2.2 Білім алушылардың танымдық-оқу қызметін
ұйымдастыру әдістері

2.3 Оқу қызметін мотивтендіру және бақылау әдістері

2.1 Теориялық оқытудың әдістері

Оқу үдерісінің сипаттамаларынан байқағанымыздай, оның ең басты мәселелері төмендегідей болып келеді: оқудың мақсаты, ол – не үшін оқу керек; оқуды ұйымдастырудың формалары, ол – оқу үдерісін қалай ұйымдастыруға болады; оқыту әдістері, ол – қалай оқыту керек. Осы сынды оқу үдерісінің мәселелері күрделі, оның ішінде оқыту әдістерінің (яғни «қалай оқыту керек»?) екендігін ерекше атап көрсетеміз. Өйткені қандай жағдайлар мен факторлар себеп болғанымен, білім алушылардың алған білімдерінің саны да, сапасы да, одан қалды олардың қабілеттері мен тәжірибелері де оқыту әдістерінің тиімділігіне тікелей байланысты болып келеді.

Педагогика саласында оқу әдісі деп білім алушылардың терең білім алуына, өмірлік еңбек тәжірибелерін жинақтауына және оларды жан-жақты тәрбиелеуге бағытталған оқытушы (өндірістік оқудың шебері) мен білім алушыларлар (арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынастардың тәсілін айту дәстүрге айналған.

Оқыту әдістерін неғұрлым тиімді пайдалану үшін қажетті деп танылған классификацияда (жіктеуде) көрініс табатын белгілі бір жүйе аясында қарастыруымыз керек деп ойлаймыз. Педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістерді былайша сипаттауға болады: сөздік (әңгімелеу, түсіндіру, айту, кітаптармен және нұсқаулық материалдармен жұмыс істеу, т.б.); көрнекілік (көрнекі құралдармен, кино және бейнефильмдермен

таныстыру, бақылау, т.б.); тәжірибиелік (жаттығулар, зертханалық (зертханалық-тәжірибелік жұмыстар, т.б.).

Білім берудің белгілі бір кезеңінде жүзеге асырылатын негізгі дидактикалық міндеттерге байланысты білімді игеру, қабілет пен шеберлікті қалыптастыру, алған білімді қолдана білу, оны тексеру мен бекіту сияқты толып жатқан әдістерді бөліп алып қарастыруға болады.

Білім алушылардың танымдық қызметінің сипатына байланысты екі топқа (репродуктивтік және проблемалық-ізденіс) біріктірілген әдістерге баса назар аударылады.

Білім беру әдістерін классификациялауға (жіктеуге) байланысты түрлі көзқарастардың туындауы – олар жайындағы білімнің дифференциациясы мен интеграциясының табиғи үдерісін көрсетеді. Сондықтан да болар соңғы уақыттарда олардың мән-мағынасын ғылыми тұрғыдан пайымдау мәселесі жан-жақтылық және кешендік сипатқа ие. Оқыту әдістерін жіктеу мен сипаттауға байланысты мұндай тәсіл түрлі әдіс бөлімдерінің ең басты үш тобында көрініс табады: 1) танымдық-оқу және өндірістік-оқу қызметін ұйымдастыру және оларды жүзеге асыру әдістері; 2) оқу қызметін ынталандыру және дәлелдеу әдістері; 3) білім алушылардың оқу қызметінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.

Бұл әдіс топтарының әрқайсысы кішігірім топтар мен жекеленген әдістерді қамтиды және олар оқу үдерісінде өзіндік рөл атқарады.

Білім алушылардың танымдық-оқу және өндірістік-оқу қызметін ұйымдастыру, оларды жүзеге асыру тобына мұғалімінің (өндірістік оқу шеберінің) басшылығымен репродуктивтік немесе өнімділік бағыттарда өз бетімен және дедуктивтік тұрғыдан іске асырылатын ауызша, көрнекілік, практикалық (тәжірибелік) әдістер кіреді.

Оқу қызметін ынталандыру, дәлелдеу әдістері танымдық-оқу және өндірістік-оқу қызметін дәлелдеу әдістері мен оқуға деген қызығушылықты арттыру әдістерін қоса қамтиды.

Білім алушылардың оқу қызметінің тиімділігін және өзін-өзі бақылау әдістері ауызша, жазбаша, тәжірибелік бақылау мен өзін-өзі бақылаумен қоса білім алушылардың білім дәрежелерін тексеруге бағытталған тестілеуді де қамтиды.

Мұндай кешендік (жинақтылық) тәсілдер теориялық және өндірістік білім беру әдістерін қолданудың мәнділігі мен олардың даму жолдарын қарастырған кезде жан-жақты қолданысқа ие болады.

Нақты оқу үдерісіндегі ең маңызды нәрсе – әдістерді белгілі бір квалификацияға (жікке) жатқыза салу емес. Сондықтан да болар дәл осы жағдайда оқытушының (шебердің) оқу әдістерінің дидактикалық мән-мағынасы мен оларды тиімді қолдана білудің жағдайларын жетік түсіне білуінің, одан қалды уақыт сынынан өткен кейбір әдістерді білім алушылардың танымдық және тәжірибелік-оқу қызметінде басшылыққа ала білуінің маңызы өте зор.

Оқыту әдістері оқу үдерісін ойдағыдай жүзеге асырудың, яғни оқыту мен оқудың шынайы әдістері мен тәсілдері болып табылатындықтан, оқу үдерісінде қолданыс табатын әрбір әдісті екі жақтан, атап айтқанда: оқытушының (өндірістік оқу шеберінің) жеке білім алушылардың қызметтері тұрғысынан қарастырғанымыз дұрыс болар деп ойлаймыз.

Оқытушының (шебердің) қызметі төмендегідей негізгі типтік компоненттерден құралады: мақсаттық дәлелдеме, білім алушыларлар қызметінің (іс-әрекеттердің жобалық негіздерін жасау) мазмұны мен тәртібін анықтау, өзіндік білім алу қызметі, білім алушылардың танымдық және өндірістік-оқу қызметіне басшылық жасау, бақылау, белгілі бір қорытындылар жасау.

«Оқыту әдісі» ұғымымен екінші бір ұғым «оқу тәсілі» немесе «әдістемелік тәсіл» ұғымы тығыз байланысты болып келеді. Әдістемелік тәсілге қажетті деп танылған әдісті қолдану кезінде көрініс табатын сол тәсілдің бөлшектері, оның маңызды элементтері, жекелеген салалары немесе оқу үдерісіндегі қолданылатын кейбір шаралар жатады. Оқу үдерісі барысында бұл әдістер мен тәсілдер де бір-бірімен міндетті түрде көрсетуді

ауызша баяндау кезінде білім алушыларға кезекті оқу материалдарын түсіндірумен қатар, оларға тақырыпқа тікелей байланысты сұрақтар да беріліп отырады. Ал көрнекілік құралдар білім берудің басты көзі ретінде қолданыс тапқан кездерде оны білім алушыларға көрсету де оқу әдісі болып саналады.

Шартты түрде оқу әдісін, оқу үдерісін жүзеге асырудың тәсілі ретінде үш аспектіде қарастыруға болады: жалпы дидактикалық, жеке дидактикалық және жеке әдістемелік (жеке әдістемелер).

Жалпы дидактикалық аспект (жағы) оқу үдерісі кезеңіне байланыссыз белгілі бір әдістің объективтік мән-мағынасын және оның дидактикалық мүмкіндіктерін көрсетеді.

Жеке дидактикалық әдіс оқу үдерісімен қатар білім берудің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оның ерекше жағдайлардағы жалпы сипаттамасын қамтиды.

Жеке әдістемелік әдіс жалпы дидактикалық және жеке дидактикалық әдістердің сипаттамаларына негізделеді, нақты заттарды зерттеп-білудің жеке әдістемелерін қамтиды.

Бастауыш кәсіптік білім беру мекемелеріндегі теориялық оқу пәндерінің үш циклін қамтиды: жалпы білім беру, жалпы техникалық және арнайы. Жалпы білім беру пәндері арқылы оқыту әдістері жалпы дидактикалық, жеке дидактикалық және жеке әдістемелік аспектілерде педагогикалық әдебиеттерде жан-жақты қарастырылған. Біз осы жағдайды ескере отырып теориялық оқудың әдістерін, ең бірінші кезекте, дидактикалық тұрғыдан алғанда біртұтас болып келетін жалпы техникалық және арнайы пәндерге байланыса қарастырамыз.

Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістері көп жағдайларда олардың мазмұнының өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады:

- көп компоненттілік құрылым, зерттелетін объектінің сан-алуандылығы;

- білім алушылардың түрлі жағдайларда өз білімдерін қолдана білу шеберліктерін қалыптастыру қадамдарына байланысты оқу материалдары көлемінің көбеюі;

- білім алушылардың өндірістік білім алуымен тығыз байланыс орнату (мазмұны және оқу уақыты бойынша);

- нақты (қолданбалы) және теориялық материалдарының өзара органикалық үндестігі;

- сандық және сапалық тәуелділікті, өзіндік қасиеттерді қызмет көрсету тәсілдерін тәжірибелік тұрғыдан зерттеуді реттке келтіру сияқты мәселелерді зертханалық жолмен зерттеуді қажет ететін материалдардың басым болуы;

- оқу материалдарының мазмұнын дамып келе жатқан техника және технологиямен сәйкестендіру мен «жеткілікті» материалдарды барынша көбірек пайдалануды жедел қарқында жүзеге асыру қажеттілігі.

Осы айтылғандардың барлығы оқу әдістерін жасаған кезде де, одан қалды оны жүзеге асыру барысында да үнемі ескеріліп отырылуы керек.

2.2 Білім алушылардың танымдық-оқу қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістері

Ауызша баяндау. Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқу материалын ауызша баяндау әңгімелеу-түсіндіру әдісін кешенді түрде қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ерекше атап өтетін бір жайт, мұндай кезде оқу материалын баяндау нақты түсіндірмелер, салыстырулар, негіздемелер, заңдылықтарды қорытындылау, есептерді шешу, т.б. арқылы өзара тауып отырады.

Ауызша баяндауға қатысты жалпы талаптардың ішіндегі ең қатыстыларын атап өтелік:

- оқу мазмұнының ғылыми-техникалық дәлелдігі;
- оның логикалық үйлесімділігі мен жүйелілігі;
- білім алушыларға әрі ұғымды, әрі қызықты болуы;
- дәлелді және көңілге қонымды болуы;
- әрбір кезеңдегі басты ойлардың айқындығы мен нақтылығы;

– түрі жағынан да, мазмұны жағынан да эмоционалды болуы, бейнелі ие болуы;

– білім алушылардың белсенділігі мен ықыласын арттыру.

Жалпы техникалық және арнайы пәндердің материалын ауызша баяндаудың әдістемелік тәсілдері кез келген ауызша баяндауға тән жалпы дидактикалық тәсілдермен қатар осы пәндерге ғана тән болып келетін өзіндік тәсілдерді де қамтиды.

Көрнекілік әдістер. Адамның қоршаған ортаны қабылдау үдерісінде ерекше белсенділік танытатын сезім мүшелерінің бірі – көру болып саналады. Ғалымдардың пайымдауынша, бізді қоршаған ортадан келіп түсетін хабарлардың 80 – 90 пайызы миға осы көру мүшелері арқылы келіп түседі екен. Өз кезегінде жұмыс операцияларының 80 пайызы көзбен бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Олай болса көру мүшелерімен, ең бірінші кезекте көрнекі құралдармен байланысты оқу құралдарын оқу үдерісіне кеңінен енгізу қажеттігі туындайды.

Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту барысында қолданылатын барлық көрнекі құралдарды шартты түрде екіге бөлуге болады: натуралдық (құрал-жабдықтар, бөлшектер, материал, бұйым үлгілері, т.б.) және көркемдік (плакаттар, үлгілер, макеттер, схемалар, кино-бейнефильмдер, слайдтар, кодопроекциялар, компьютер дисплейіндегі бейнелер, мультимедиа, т.б.).

Көрнекі оқу құралдарының атқаратын қызметі сан-салалы болып келеді. Мысалы, оқытушының сабақ түсіндірген кезінде олар иллюстрация рөлін атқарса, ал кей жағдайларда білім алушылардың бұрыннан таныс емес құбылыстар немесе оқиғалар, заттар жайында жаңа мәліметтер алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар көрнекі құралдар мүлде жаңа хабарлардың өзіндік көзіне де айнала алады. Көрнекі құралдардың дәл осы атап өтілген қызметінің өрісі неғұрлым кең болған сайын, білім алушылардың көрнекі құралдармен жұмыс істеу белсенділігі де одан әрі артып отырады.

Көрнекі құралдарды қолданудың сапасын арттырудың ең тиімді әдістемелік тәсілдерінің бірі – бақылау жасау болып саналады. Осы мақсатқа байланысты көрнекі құралдармен жұмыс істеудің, тәжірибе жасаудың, кино-видеофильмдер немесе оқу телефильмдерін көрсетудің алдында білім алушыларларға өзіндік жұмысты қорытындылауға байланысты сұрақтар тізімі хабарланып, танып-білуге, салыстыруға, негіздеуге арналған арнайы тапсырмалар беріледі. Өз кезегінде бұл тапсырмаларды білім алушыларлар алған білімдеріне, жинақтаған тәжірибелеріне сүйене отырып орындап шығулары керек.

Практикалық (тәжірибелік) әдістер. Ең негізгі практикалық әдістердің бірі – жаттығулар болып есептеледі. Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқу барысында қолданылатын жаттығулардың басты мақсаты – білім алушылардың алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білуге үйрету. Жаттығулар сонымен қатар білім алушылардың білімі мен шеберліктерін одан әрі жетілдіре түсудің ең тиімді әдістерінің қатарына жатады.

Жаттығулардың дидактикалық мәселелерін қарастырудағы ең маңыздысы бір жағынан, білім алушылардың танымдық қызметі сипатының қарым-қатынастары болатын болса, екінші жағынан – олардың дербестігінің дәрежесі болып саналады.

Жаттығуларды басты-басты үш типке бөлуге болады: репродуктивтік, шығармашылық, ізденістік. Жаттығулардың аталған түрлерін (типтерін) бөліп алып қарастыру, белгілі бір жағдайларға байланысты шартты түрде десе де болады, өйткені кез келген жаттығуда репродуктивтің де, өнімділіктің де компоненттері болады.

Репродуктивтік жаттығулар. Аталмыш жаттығулардың ең басты белгісі – оның берілген мазмұнының қолданыс табуының шектеулі сипатта болуы. Бұл жаттығулар негізінен берілген объектіден түсінгенінің мазмұнын айқындауға, түсіндіруге, т.б. байланысты беріледі.

Құрал-жабдықтардың, материалдардың, саймандардың, қосымша пайдаланылатын заттардың, т.б. құрылысын зерттеу –

дәл осындай типтегі жаттығуларға тән болып келеді. Мұндай жаттығулар негізінен жазбаша тапсырмалар ретінде орындалады, яғни білім алушылар белгілі бір заттың (схемасы) суреті (мысалы, станоктың жалпы түрі, механизмі, бөлшек құралдары, аппараты) бойынша станоктың қайда қолданылатындығын, оның қалай аталатындығын, бөлшектерінің орналасу ретін, т.б. көрсете отырып айтып беруі керек. Репродуктивтік жаттығулардың ең көп тараған түрлері – схемаларды, сызбаларды, графикаларды, диаграммаларды, т.б. талдау мен жасау. Мұндай сәттерде білім алушылардың танымдық қызметін дұрыс ұйымдастыра білудің маңызы өте зор болып келеді. Өйткені, біріншіден, форманың оқылатын заттың мәнділігін төмендетуіне жол бермеуін қадағалау керек болса, екіншіден, әрбір жаттығудың білім алушылардың ой-өрісінің одан кеңейе түсуіне жол ашып беруіне тырысу қажет.

Арнайы пәндерге станоктардың паспорты, өңдеудің, жөндеудің технологиялық карталары сияқты техникалық құжаттарды зерттеп-білуге арналған жаттығулар тән болып келеді.

Техникалық жаттығулар. Білім алушылар жаттығулардың дәл осы түрін орындаған кезде өзінің алған білімі мен жинақтаған тәжірибесін қолданады, алға қойған мақсатын ойдағыдай шешудің, өзіндік іс-әрекеттерінің тиімді жолдарын қарастырады, танымдық және тәжірибелік сипаттағы мүлде жаңа проблемаларды шеше білуге үйренеді.

Мұндай қабілет, негізінен жүйелендіруге байланысты берілетін жаттығулар барысында қалыптасады. Мұндай кезде білім алушылар оқытатын заттарды, құбылыстарды, қасиеттерді, тәсілдерді, т.б. ойша топтарға, шағын топтарға жатқызады, оларды жікке бөледі, олардың шығу белгілеріне байланысты өзара – продуктивтік (тиімді) есептерді шешу: қалауы бойынша (құралдарды, өңдеу тәсілдерін, тетіктерді, т.б.); салыстыру мен бағалауға арналған (жұмыстарды орындау тәсілдері, құрал-жабдықтарды, тетіктерді, үдерістерді қолдану тиімділігі); өзара байланысты, тәуелділікті анықтауға (өзіндік қасиеттер,

техникалық талаптар, құбылыстардың өзара байланыстары, т.б.); сонымен қатар түрлі техникалық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіру.

Арнайы пәндерді оқыған кезде өңдеу, дайындау, жөндеу, құру, реттеу сияқты технологиялық үдерістерді жоспарлау (жобалау) жаттығулары кеңінен қолданылады. Мұндай жаттығулардың басты дидактикалық мақсаты – білім алушыларды технологиялық жоспарлау ісіне үйрету (әдістер, басты принциптер, әрекеттердің типтік алгоритмдері, өзін-өзі бақылаудың тәсілдері) болып табылады. Мұндай дидактикалық мақсатқа жету үшін жоспарланған тапсырмалар жүйесін тиімді қолдану арқылы білгенде ғана нақты технологиялық үдерістерді жасауға, белгілі нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Жаттығулардың дәл осындай түрлеріне тән нәрсе – оқылатын машинаның, түрлі тетіктердің, механизмдердің және т.б. принципті кестесін жасап шығару. Білім алушыларлар мұндай зауытта басқа ештеңеге алаңдамай, басты назарларын негізгі мәселелерге аударып қана қоймай, олардың нақты тұрпатын жасай алатындай дәрежеге жетулері қажет.

Ізденіс жаттығулары. Бұлар да білім алушылардың алған білімдері мен шеберліктерін шығармашылық тұрғыдан қолдануға бағытталған жаттығулардың қатарына жатады. Алайда бұл жаттығулар білім алушылардың өте жоғары дәрежедегі ойлау белсенділігін қажет етеді. Бүгінгі таңда жалпы техникалық және арнайы пәндерге тән ізденіс жаттығуларының төмендегі түрлері қалыптасқан.

Диагностикалық жаттығулар. Бұл жаттығулардың басты дидактикалық мән-мағынасы – білім алушылардың техникалық ойлау қабілеттерінің «диагностикалық компоненттерін» дамыту болып табылады. Олар бірнеше кезеңдер арқылы жүзеге асырылады. Оның бірінші кезеңінде білім алушылар қолданған тапсырмалар мазмұнын дұрыс түсініп, қабылдауы қажет. Екінші кезеңде «Бұлай істесем не болады?», «Былай істесем қандай нәтиже берер екен?» деген сияқты жиі кездесетін жағдайлардан білім алушылардың өз беттерімен шығу талпыныстары

калыптастырылса, ал диагностикалық жаттығулардың үшінші кезеңінде білім алушылар тиімсіз тұстарын таба білуге, яғни диагностикалық міндеттерді шешуге талпыныстар жасайды. Бұл жағдайда жаттығулардың алгоритмін дұрыс қолдануы дәлелдене түседі.

Ізденіс жаттығуларына конструкторлық жаттығуларды да қатыстыруға болады. Олар әдетте білім алушылардың техникалық ой-өрісі мен өз күшіне сенушілігін біртіндеп арттыру мақсатын көздейтін белгілі бір жүйе бойынша жүргізіледі:

- қолдағы бар конструкцияға өзгерістер енгізуге байланысты туындаған міндеттерді шешу;
- конструкцияның жетпей жатқан жақтарын толықтыруға байланысты туындаған міндеттерді шешу;
- конструкцияны өзінің схемасы бойынша жобалау;
- объектіні оның жалпы идеясы бойынша және берілген техникалық талаптар бойынша дербес жасау.

Зертханалық, тәжірибелік жұмыстар – оқу әдісі ретінде. Кәсіптік білім беруде зертханалық-тәжірибелік жұмыстар теориялық және өндірістік оқудың арасында аралық жағдайда болады және теория мен тәжірибені жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қызмет етеді. Мұндай кезде, бір жағынан, білім алушылар өз білімдерін жетілдіре түсуге қол жеткізсе, екінші жағынан олардың бойында белгілі бір кәсіптік қабілеттер де қалыптаса бастайды. Ал олар өз кезегінде өндірістік оқу барысында кеңінен қолданыс тауып отырады.

Зертханалық-тәжірибелік жұмысқа басшылықты оқытушы нұсқаулар беру түрінде (бастапқы және күнделікті) жүзеге асырып отырады. Ондағы басты мақсат: білім алушылардың берілген тапсырмаларды әрі тиімді, әрі уақытында орындауларын қамтамасыз ету.

Фронталдық емес жұмыстармен бірге өзінің мазмұны мен мақсаттары жағынан күрделі болып келетін фронталдық жұмыстар кезінде тапсырма-нұсқау түрінде жазбаша нұсқаулар да беріліп отырады. Мұндай жазбаша нұсқаулар да жұмыстың тақырыбы мен мақсаты белгіленеді: жұмыспен байланысты

теориялық қысқаша мәліметтер беріледі; жұмысты атқаруда қолданылатын құралдардың тізімі беріледі: бүкіл жұмыс барысына сипаттама жасалады және техникалық сақтану шаралары атап көрсетіледі; жұмыстың нәтижелерін талдау және дайындап жинақтау жөнінде кеңестер айтылады.

Оқудың «белсенді» әдістері. Соңғы жылдары педагогика ғылымы өзінің мазмұндылығы мен тәсілдері жағынан білім алушылардың сан-салалы белсенділігін арттыруға ерекше ықпалын тигізетін оқу әдістеріне ерекше назар аударуда. Оларды, әдетте, «оқудың белсенді әдістері» деп атайды.

Осы әдістердің ішіндегі ең көп таралғаны – дидактикалық ойындар. Түрлі ойындар мен білім берудің толып жатқан «белсенді әдістерін оқу үдерісіне енгізу, ең бірінші кезекте, әлеуметтік қарым-қатынастардың түбегейлі өзгерістерге ұшырауына тығыз байланысты болып келеді. Адам мен қоғамның мемлекеттің ықпалындағы объектілерден қоғамдық өмірдің сан-салаларының субъектілеріне айналу үдерісі мектептердегі, кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы және басқа да педагогикалық жүйелердегі түбегейлі өзгерістерге тығыз байланысты болып келеді. Мұндай жағдайларда педагогикалық ғылым мен тәжірибеде жүзеге асырылып жатқан танымдық және педагогикалық қызметтің тың жолдарын іздестіру – білім алушыларларды да, ұстаздарды да педагогикалық үдерістің субъектілеріне айналуын қамтамасыз ететін, нақтырақ айтқанда адам өмірінің барлық сатыларына тән қызметтің ерекше түрі – ойындарға педагогика ғылымының ерекше назар аударуына әкеліп соғып отыр. Біздің пайымдауымызша, жақсы ойластырылған ойын әдістері, сөзсіз, педагогикалық үдерісті одан әрі нәрлендіре түседі.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру – көп еңбекті қажет ететін үдеріс, себебі ол педагогикалық жаңа технология, бағдарлама, оқулық, оқу сабақтарының түрлерін меңгеруді талап етеді.

Жалпы дамытудың педагогикалық-психологиялық тәсілдерін енгізу білім беру үдерісінде белгілі бір

ұйымдастырушылық өзгерістерді талап етеді. Ең алдымен дәстүрлі сабақ талаптары мен жоспарларын қайта қарап, оқытудың психологиялық жағдайын өзгертуге тура келеді.

Жаңа үлгідегі шығармашылық сабақты ұйымдастыру әдеттегідей сабақ жоспарын жазуға емес, оқу жағдайын жобалауға байланысты. Сабақ жобалаудың мәнісі – шеберханада немесе аудиторияда туындаған жағдаятқа орай, оқытудың шығармашылық әрекеттерін ұйымдастырудың бірнеше мүмкін нұсқасын болжау. Аудитория білім алушылары дайындық барысында оқу сабағының технологиялық картасын түсініп, өз іс-әрекеттерін ұйымдастырып, соны басшылыққа алады.

Шығармашылық оқыту технологиялары білім алушыларды жалпы және интеллектуалдық даму үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беретін айрықша сапалы психологиялық жағдайларымен ерекшеленеді. Оларды жасау барысында психологтар жеке тұлғаның жеке ерекшеліктеріне, ой-өрісіне, психикалық өзгерістері үдерістеріне сай, «дамыту» ұғымына жаңаша мән-мағына берді. Психологтар: «білім беруді дамытуды, яғни ой-өрістің жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз ете ала ма, әлде бұл білім алушының табиғи туа біткен қабілеттеріне ғана тәуелді ме?» деген сұрақтарға жауап іздеді. Өз кезінде ғалым «Оқыту – адамның ой-өрісін дамыту кепілі», – деген Л.С. Выготский ой салған. Л.С. Выготский дамыту секілді маңызды феноменнің заңды негіздемелері болмауы мүмкін емес деп есептеген. Ғалым бұларды адам және қоғамның өзара қарым-қатынастары негізінде туындайтын адамзат баласы жинақтаған тәжірибеден ой түюден және әр адамның өз басынан кешкен өмірлік жайлардан сабақ алуына байланысты деп болжаған.

Сол себепті дамыта оқытудың жоғары деңгейлі технологияларында білім алушыларды теориялық тұжырымдарды ұғынуға жетелейтін, жеке бас міндеттердің өз бетінше шешімін табу үшін және көлемді тұжырымдар құрау үшін қолданылатын ғылыми қорытындылар жүйесін жасауға мүмкіндік беретін психологиялық тәсілдер пайдаланылады.

Л.С. Выготский өз зерттеулерінде қандай болмасын білім алушының саналы түрде білім алудың қажет екендігін түсінуі туралы көп айтқан, осы жайға ерекше назар аударған. Білімді бойға сіңіру жолдарын меңгеру – адамның белсенділігінің, оның таным үдерісін дербес ұйымдастыра алатын тұлға ретінде қалыптасу мүмкіндігінің кепілі. Бұл жағдайда жеке тұлғаның саналылық дәрежесінің көрсеткіштері айқындалады.

Болашақ педагог мамандардың шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін дамытып, ой-өрісін жетілдіріп, оны дамыту үшін, өз санасында болып жатқан үдерістер мен ойлау операцияларының мәнін ұғына білуге машықтандырудың мәні өте үлкен.⁹

Білім алушылар үшін алда болатын үдерістер мен ойлау операциялары ерекше маңызды орын алатыны белгілі болды. Әрине, білім беру үдерісінде білім алушылар оқу нәтижесіне қалай жеткендігі, қандай ойлау операцияларын қай кезекпен жасағандығы туралы сұрақтарға жауап беруге алғашқы кезде біраз қиналды. Әйтсе де, білім алушылартерді білім беру үдерісінің барысын түсініп, сатылап жасалған қадамдарын сөзбен жеткізе білуге баулу керек. Оқу міндетінің шешімін табу, шешу жолдары мен жоспарларын ойластырудан басталғаны маңызды, ол жылдам және дұрыс жауап алу үшін, нақты әрекеттер орындауға ұмтылудан басталмағаны жөн. Білім алушылар бұл мәселелердің дұрыс шешімін іздестіру барысында оны түсініп қана қоймай, сонымен бірге, шығармашылық кәсіби іс-әрекетін шебер ұйымдастыру, сол шешімді іздестіру үдерісін түсіну, берілген тапсырманы орындау барысында өзін-өзі қадағалай білуі керек. Осы айтылғандарға байланысты, дамыта оқытудың жоғары деңгейлі технологиясын «ойлану» технологиясы деп атайды. Аталған технологияны білім беру үдерісінде қолданудың өзі – шығармашылық ойлауды дамыту туралы ой болып табылады. Бұл білім алушыларды шығармашылық, технологиялық, қарым-

⁹Выготский Л.С. Развитие высших психологических функций. – М.: Педагогика, 1960. – 598 с.

қатынас жасау мәдениетіне дайындауға жаңа серпін береді, олардың ақыл-ой дамуының қозғаушы тетігі бола алады. Бұл арада ең негізгі мәселе ретінде білім алу ғана емес, оқу міндетін шешуге білім алушыларды шығармашылық, белсенділік таныту үдерісі негізге алынады.

Педагогикалық дамудың негізі адамдардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол көптеген жаңа мағлұматтарды алға тартады және жаңа сұрақтардың туындауына түрткі болады, адам сол сұрақтарға жауап іздеуде біршама қызмет атқарады деген пікір айтқан Л.В.Выготский. Ал оқыту мен тәрбиелеу де сол себепті маңызды дамытушы орта болып табылады, өйткені олар әрқашан қарым-қатынастың түрлі нысандарында жүзеге асырылады. Егер білім алушылар шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын түсінсе, олардың оқу әрекеттерін, оны жүзеге асыру үдерісінде өзара қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастырса, теориялық мағлұматтарды үнемі кеңейтіп отырып, білім алушыларды ойлау операцияларын саналы түрде ұғынуына байланысты жұмыс жүргізсе, онда оқыту дамытушылық сипатта деуге болады.

Бұл ретте білім алушыларды дамыта оқытуға ерекше мән беріледі.

Дамыта оқытудың жоғары деңгейлі технологиясы негізіндегі мына ұстанымдарды жүзеге асыру барысында ғалым Р.С. Омарованың ой-тұжырымдарына сүйенуге болады. Мәселен:

1. Кәсіби білім беру үдерісінде білім алушылардың бойындағы қабілеттеріне сүйене отырып, кәсіби іс-әрекеттің басқа да түрлерін жүзеге асыру.

2. Оқу механизмін саналы түрде ұғыну ұстанымы арқылы білім алушылардың ойлау әрекетінің дамуын, шығармашылық қабілетінің өз бетінше дамыта алуын қамтамасыз етеді.

3. Қарым-қатынас ұстанымын, яғни кәсіби білім беру үдерісінде барлық қатысушылардың пікірін түсіну, оны назардан тыс қалдырмау, оқытудың негізгі тәсілдері ретінде қолдану, бұл – жеке ғылыми ізденушілік әрекеттерді оқу міндетін шешудің өнімді тәсілі ретінде бірлесе талқылауды білдіреді.

4. Жалпыдан жекеге көшу ұстанымы, оқытушы мен білім алушылардың бірлесе құрған теориялық тұжырымдардан, ғылыми ұғымдар жүйесінен жеке міндеттерді өз бетінше шешуге көшуі, бұл үдерістегі жеке іздену барысында білім алушылардың оқу міндетін шешудің жалпы тәсілі нақтыланады.

5. Іздену ұстанымы, ол оқу міндеттерін шешу үшін қолданылатын білім кейін білім алушыларға дайын формула түрінде ұсынылмайтындығын білдіреді, оқу әрекетінің мотивациялық түйіні – оқытушымен бірлесе оқу міндетін шешу тәсілін іздеу, ол білім алушылардың оқу үдерісіне тұлға ретінде қатысуын қамтамасыз етеді;

6. Өзіндік мақсатты айқындау ұстанымы, кезекті оқу кезеңінің міндеті мен мазмұны білім беру үдерісіндегі логикадан, оқытуда туындаған қиындықтардан шығады, ол білім алушылар жаңа білімді меңгермейінше игерілмейді;

7. Рефлексиялық механизмдер – білім алушыларды өз жетістіктерін өздері бақылау және өзін-өзі бағалау негізінде жүзеге асырылатын оқу әрекетіндегі өзін-өзі реттеу ұстанымы.

Аталған ұстанымдар жүйесінің басты мұраты – қарым-қатынас жасауда психологиялық ахуалды жақсартып отыру.

Жеке тұлғаның дамуы үшін қажет психологиялық жағдайларды қамтамасыз ететін шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын әдістер ұйымдастырушылық тұрғыдан да, дидактикалық тұрғыдан да жаңаруларды талап етеді.

Демек, оқытудың төрт жүйелі психологиялық сатыдан құралатын типтік сызбасы ғылыми-шығармашылық, өндірістік-басқарушылық, жобалау мазмұны кәсіби білім беру жүйесінің педагогикалық сипатын анықтайды (1-кесте).

1-кесте. Кәсіби білім берудің педагогикалық сипаты

Педагогикалық мазмұны	Дидактикалық міндеттері	Нәтижелік көрсеткіштері
1. Ғылыми-шығармашылық	Жаңа материалды зерттеуге, белгісізді тану, ғылыми ізденіс жүргізуге талпындыру, білімді игеруге құлшынысын ояту, ғылыми-шығармашылық қызығушылығын дамытып отыру.	Білім алушылартердің оқу міндетінің шешімін табу үшін қажетті білімді айқындау әрекеттері, интеллектуалдық пікірталас тудыру, т.б.
2. Білім беру әрекеттері	Оқу міндетін шешу және жаңа білім алу мақсатындағы ізденушілік, білім беруәрекеттерімен қамтамасыз ету, шығармашылық бағытын қалыптастыру.	Оқу міндетінің шешімін табудың оңтайлы жолдары мен нұсқаларын іздеу, алынған шешімнің қорытындыларын тұжырымдау және жаңапедагогикалық ізденістерге ұмтылу.
3. Өндірістік - басқарушылық	Меңгерген теориялық білімдерін өмірде қолдануға бейімдеп, белсенді іс-әрекеттерге баулу. Білімді игеруде шығармашылық таныту. Өндірістік-басқарушылық міндеттерді айқындау.	Жеке міндеттерді шешу нұсқаларын табу, теориялық білімдерін жаңа жағдаяттарда қолдану. Басқарушылық сипатын анықтау.
4. Жобалау	Білім алушылардың кәсіби іс-әрекетіндегі қарым-қатынасын, оқу нәтижесін жобалау. Өз бетінше бағалауға, жобалауға үйрету.	Білім алушылардың ақыл-ой әрекеттерінің мәнін түсінуі, өзін-өзі реттеу тәсілдерін болжау, жобалау, өзіндік бағаны салыстырмалы түрде беруге үйренуі, жобалау ой-тұжырымын жасау.

Жоғарыда білім берудің психологиялық сипаты жан-жақты баяндалды. Біз өз зерттеу мақсатымызға сай көптеген пікірлерге сүйене отырып, білім берудің педагогикалық сипатын кесте түрінде береміз (1-кесте).

Бағдарлық-мотивациялық сипаты деп білім алушылардың мәселені ұғынуын, олардың алдағы іс-әрекетке қызығуын, сонымен бірге оқытушымен бірлесе оқу және тәрбиелік міндеттерді белгілеуін атаймыз.

Ізденушілік-зерттеушілік сипаты деп – білім алушылардың өз білімінің кемшін тұстарын өз бетімен толықтыруын, оны теориялық тұжырымдар түрінде ұсынуға, кейінгі жұмыстарында қосымша мағлұматтармен «байытылатын», еске сақтауға ыңғайлы сызбалар түрінде рәсімдеуге дағдылануын айтамыз. Тәжірибелік іс-әрекет кезеңінде білім алушылар алған теориялық білімдерін өмірде қолдануға үйренеді.¹⁰

Рефлексиялық-бағалаушылық сипаты дегеніміз – білім алушыларға өз-өзіне талаптар қойып, өздерінің кәсіби іс-әрекеттеріне талдау жасап, жұмыстарындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтайтындай және байқалған кемшіліктерді болдырмау мақсатындағы оқу әрекеттерінің бағдарламасын әзірлейтіндей жағдай туғызу.

Сонымен, болашақ педагог мамандарға кәсіби білім беру үдерісінде шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін дамыту бағытында жүргізілетін ұйымдастырушылық жұмыстардың ерекшеліктерін былайша белгілеуге болады:

- білім алушылардың теориялық ойлау қабілетін дамыту үшін жағдай жасалады;

- бір оқу жылында негізгі теориялық ұғымдармен танысу үдерісінде оларды терең және жан-жақты меңгеруге жағдай туындайды;

1

Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында білім алушыларлардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Түркістан, 2008. – 41 б.

– әр білім алушыларке меңгерген ілімдерін өмірге қолдануға жағдай жасалады;

– негізгі теориялық тұжырымдарды өмірлік тәжірибеде өз бетінше қолдануға білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік, білім беру бағытындағы жұмыстарына жағдай жасалады;

– өндірістік-басқарушылық, жобалау жұмыстарының нәтижелі болуына ықпал етеді, өйткені білім алушылардың жеке тұлға ретіндегі субъектілік бағыт-бағдары бар, мұның бәрі оларды ғылымда өзіндік жаңалық ашуға талпындырады;

– білім алушылардың жеке басының қабілет мүмкіндіктерін ашуға түрткі болатын оқыту әдістерін қолдану олардың шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға жол ашады;

– оқытушымен бірлескен әрекет үдерісінде болашақ өнертану мамандарының бойында жеке тұлғалық рухани-адамгершілік, эстетикалық талғам негіздері қалыптасады, олар қоршаған ортамен үйлесімді тірлік етуге үйренеді;

– кәсіби білім беру үдерісінде оқу-тәрбиелік деп аталатын интегративтік нәтиже берерлік дидактикалық міндеттерді жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады.

Шығармашылық сабақтар білім алушылардың оқу мазмұнын жақсы меңгеруіне және тұлғаның интеллектуалдық қабілетін, шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға олардың бойында адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететін мақсатты танымдық іс-әрекет ретінде айқындалады.

Шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытында оқу сабақтарының арнайы типологиясы қолданылады, оның нәтижесінде оқу әрекеттерін дамыту логикасымен айқындалып, олар мынадай түрлерден құралады:

– оқу міндеттерін белгілеу және оны білім алушылардың іштей қабылдауы;

– жаңа ұғымдарды түсіну;

– жаңа ұғымдарды өмірге әкелу;

- жекеленген міндеттерді шешу барысында теориялық қорытындылар жасау;
- өзін-өзі бақылау;
- өзін-өзі бағалау.

Біз ұсынылған әрекеттер нәтижесінде білім алушылардың дүниетанымын байыту міндеттерін шешетін жолдарды іздестірдік. Бұл айтылған міндеттер болашақ маманның өзіндік шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді. Сондықтан білім беру үдерісінде әр пән бойынша бағдарлама айқындалып, жоспарлы түрде міндеттерін белгілеу керек. Оның шешімін іздестіруде тақырыптық жоспар сұрыпталып, білім алушылар оқу барысында өзін-өзі бақылайтындай, бағалайтындай дәрежеге көтерілуі тиіс. Мысалы, оқытушы бағдарламаға сәйкес білім алушылардың өзіндік тапсырмалар жүйесін құрастыруда нақты өнертану мамандығының кәсіби ерекшелігін ескеріп отыруы қажет.

Педагог мамандарға кәсіби, базалық, жалпы білім беру үдерісінің әр оқу сабағында белгілі бір үйлесімді құрылым жасалып, оны жүзеге асырудың әр кезеңінде білім алушылардың оқу белсенділігін, шығармашылық, технологиялық, қырам-қатынас мәдениетін дамытатын педагогикалық-психологиялық тәсілдердің жүйелі түрде қолданылуы ерекше маңызды.

Білім алушылардың шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда зерттеу жұмыстары маңызды орынға ие. Болашақ өнертану мамандарының ғылыми-шығармашылық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда *сабақ* маңызды рөл атқарады. Оқытушы білім беру үдерісінде зерттеу әдістеріне негізделген педагогикалық технологияларды қолданады. Зерттеу әдістері – білім алушылардың оқытушының көмегіңсіз өзекті мәселені шешуде ғылыми-шығармашылық зерттеу элементтерін қолдана білуі, яғни бақылау, тексеру, тұжырымдар мен қорытындылар шығару, заңдар мен заңдылықтарды анықтау.

Шығармашылық сабақтарда болашақ өнертану мамандарының шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас

мәдениетін қалыптастыруда *интерактивті әдістердің* маңыздылығы жоғары.

Кәсіби білім беру үдерісінде оқытушы тек қана тәжірибелі ұйымдастырушы болуымен шектеледі. Мұнда барлық қатысушылар бір-бірімен өзара қатынасқа түседі, қабылдаған ақпарат төңірегінде пікір алысады, көкейкесті мәселелерді шешеді, жағдай тудырады, курстастарының іс-әрекетіне және өзінің жұмысына баға береді. Білім алушылар көкейкесті мәселелерді шешуде нақты іскерлік танытып, қажетті дағды және білімділік, біліктілік сапасына қол жеткізеді. Кәсіби іскерлікті дамытуда интерактивті әдіс маңызды орын алады. Әртүрлі әдіс түрлерін қолдану және оның мақсаты, маңызы туралы сөз болғанда білім алушылардың танымдық деңгейін ескеру керек.

Кәсіби білім беру мақсатына сай белсенді әдістер арқылы шығармашылық жұмыс жасауда интерактивті оқыту әдісінің орны ерекше. Білім алушылар оқу сабақтарына ұжымдық түрде қатынасып, қойылған міндеттерді шешеді. Интерактивті әдіс үшін сыртқы шарттарды ескеру, пән сабағына қызығушылық таныту, ішкі үйлесімділік сезіміне баулу, күрделі жағдайлардың оңтайлы шешімдерін іздестіру, оның механизмін дайындай алу қажеттігі туындайды. Интерактивті оқыту әдісі мынадай мақсаттарды жүзеге асыру үшін қолданылады:

- танымдық дағдыны дамыту және қателіктерді табу;
- шығармашылық және кешенді дағдылар тренингі;
- байқау және түсініктеме тренингі, жобалау әдістері;
- нәтижелі оқытуды бағалау.

Сонымен қатар интерактивті оқыту әдісін қолдану мақсатында ақпаратты жинау және бағалау; ақпаратты талқылауға белсенді қатынаса білу; түйінді мәселеге қатысты және сол түйінді мәселе төңірегінде шешім қабылдау; адамзат құндылығын негізге ала отырып кез келген іс-әрекетті бағалауға, өзінің көзқарасын басқа топ мүшелеріне, оқытушыға және басқаларға жеткізе білу; қойылған жалпы мақсатқа жету үшін топтың басқа мүшелерімен ынтымақтастықта жұмыс істей алу.

Интерактивті оқыту әдісін дұрыс таңдау оқыту кезінде алға мақсат қоя білуге тікелей байланысты. Жоғарыда осы

интерактивті оқыту әдісін талдай келе, біз зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес білім алушыларды шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бағытындағы ең тиімді интерактивті оқыту әдістерін белгілеп алдық. Олар:

- пікірсайыс жүргізу;
- өзін-өзі таныстыру;
- іскерлік ойындар жүргізу;
- ойлау қызметін қалыптастыру;
- кіші топтармен топтама жұмыстарын ұйымдастыру;
- кейс-саты;
- қысқа мини-дәріс түрінде баяндама әзірлеу;
- практикалық жаттығуларды үйлесімді жүйеде орындау, т.б.

Біз тәжірибе жүзінде білім беру үдерісінде қолданған әдістердің кейбіреулеріне қысқаша сипаттама бердік.

«Пікірсайыс»

Пікірсайысқа қойылатын сұрақтарды таңдап алу және білім алушыларды жарыс сөзінде оны дамыту: бұл ретте білім алушылар сөзінің айқындылығы, кішіпейілділігі, сөйлеу мәдениеті, сөзінің орнықтылығы, сөйлеу мәнері, парасатпайымы, т.б. ескеріледі.

«Өзін-өзі таныстыру»

Өзін-өзі таныстырудың басты мақсаты бүгінгі күннің өзекті тақырыбын таңдауы. Білім алушылар тақырыпты таңдап және қолданатын әдебиеттерді белгілеп, оқытушының алдын-ала келісімімен аудиторияда ауызша презентация өткізеді. Презентация өткізу мақсаты – өнер саласындағы көкейкесті мәселелер, өнер саласының тарихы жайлы сөз қозғағанда, жинақталған әдебиеттер негізінде тақырыпты жан-жақты ашу. Аудиториядағы басқа зерттеушілер осы тақырыпқа байланысты өз көзқарасын білдіріп және басқа авторлардың жұмыстарымен танысады.

«Ойлау қызметі»

Екі-екіден бірігіп топ құрып, бір тапсырманы талқылайды, әрі қарай екі топ бірігіп төрт-төрттен топ құрып, берілген ауызша (жазбаша) тапсырманы талқылайды. Келесі сегіз-сегізден т.с.с., ең ақырында қойылған тапсырманың мақсатына жетеді.

«Кіші топтармен жұмыс»

Мысалы: «Қажеттілік» тақырыбына топ құрастыру үшін білім алушылар рет-ретімен белгілі бейнелеу заттарын атап өтеді. Әрі қарай оларды қолдану саласына орай біріктіріп топ құрады. Құралған топтарға нақтылы тапсырма қойылады. Ескеретін жағдай, білім алушылардың жарыс сөзінен кейін оқытушы жан-жақты талдау жүргізуі тиіс. Жұмыс барысында топта әркім өз мақсатын ұстанып, ізденімпаздық, тапқырлық танытып, бірігіп жұмыс істеу керек екенін мойындайды:

- ортақ мақсаты және міндеті;
- өнер саласының даму тарихын меңгеруі;
- топ мүшелері арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің орнығуы;
- өнер туындыларының әртүрлі саласынан жан-жақты хабардар болуы;
- жалпыға ортақ жұмысқа берілгендігі;
- жоғары сапалылық.

«Қысқаша баяндама»

Қысқаша баяндаманы дайындағанда монитор арқылы, компьютердің «Power Point» бағдарламасын қолданып, мына ережелерге көңіл бөлудің маңызы зор:

- таңдап алған баяндаманың тақырыбын, негізгі идеясын анықтау;
- қысқаша конспект даярлау;
- негізгі ақпараттарды айқындай білуі;
- электронды түрде жүйеге келтірілген материалды орынды пайдалану;
- 5 – 7 слайдты дайындап, әрбір слайдтағы кішігірім суреттерге сипаттама беруі.

«Болашаққа ізгілікті қадам»

Нақтылы мақсат қою және жұмыс бағдарын анықтау, сонымен қатар қойылған мақсатқа жету жолдарын белгілеу. Ескеретін жағдай, мақсат пен ықыласты бір-бірінен ажырата білу.

Мынадай тақырыптарға өз ойын білдіру: «Менің мамандығым» немесе «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетін қандай мақсатпен қаладым?». Бұл орайда өз пікірін, ұжым пікірін білдіруде қоғам сұранысын ескеру.

Жетістікке жетуіне немесе жете алмауына себепші – адамдар болуы мүмкін, олар екі топқа бөлінеді: көмектесетін де адамдар; кедергі келтіретін де адамдар.

Ерекшелігі: а) көмектеседі: ә) кедергі келтіреді.

Жағдайы: саяси, демографиялық, т.б.

а) көмектеседі: і ә) кедергі келтіреді: т.б.

Интерактивті оқытудың білім алушыларды шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін арттыруда маңызы зор:

1. Өз пікірін қалыптастырып, тақырыптың маңыздылығын көрсете білуге үйретеді.

2. Берілген тақырып бойынша өзекті мәселені көтере білу дағдысын қалыптастырады.

3. Оқу материалдарын жан-жақты меңгеруге көмектеседі.

4. Оқу материалдарына шығармашылық тұрғыда қарауға үйретеді.

5. Үлкен аудиторияда жарыссөзге шығып, өзге де пікірлерді сыйлауға, өзінің көзқарасын қорғауға үйретеді.

6. Алынған ақпараттарды талдай алу шеберлігіне дағдыландырады.

7. Өз бетімен шығармашылық жұмыс дағдыларын дамытуға әсер етеді.

8. Өзінің дара ерекшеліктерін көрсетуге машықтанады.

9. Өзінің өмірлік тәжірибесін және осы уақытқа дейінгі алған кәсіби білімін өмірдің әртүрлі кезеңдерінде шығармашылықпен іс жүзінде асыруға үйренеді.

Білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін жетілдіруде *дәстүрлі емес сабақтарды* қолдану: зерттеу – сабақ, шығармашылық есеп сабағы, қиял-сабақ, зерттеу жобасын қорғау сабағы, сараптау сабағы, ашық пікір сабағы, ғылыми жұмыстар сабағы, т.б. оңтайлы нәтижеге жеткізеді.

Оқу экспериментінің, білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын, дербестігі мен ізденімпаздығын дамытуда маңызы зор. Оқу экспериментін білім алушылар өзі жоспарлай отырып, жүргізеді және нәтижелерін талдап үйренеді. Оқу эксперименті шынайы ғылыми-зерттеу элементтерін қамтуы мүмкін. Олар: бақылау және фактілерді, құбылыстарды талдау, мәселені анықтау, зерттеу міндеттерін, мақсатын, болжамын жасау, зерттеу жұмысының әдістемесін құру, жоспарын, бағдарламасын белгілеу, әдіс-тәсілдерін саралау, эксперимент нәтижелерінің сапалық және сандық көрсеткіштеріне талдау жасау, қорытындыларды тұжырымдау, зерттеу жұмысының нәтижелерін қорғау.

Шығармашылық сипаттағы тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық қызығушылықтарын дамыта отырып, білім беру үдерісін жақсартады. Білім алушылардың шығармашылық зерттеу іс-әрекетінің сабақтан тыс түрлері көптүрлілігімен ерекшеленеді.

Зерттеу практикасы мәдени орталықтар мен мұражайлар залында өткізілуі мүмкін. Сонымен қатар оқу жылы соңындағы емтиханда зерттеу жұмыстары бойынша қорғау ұйымдастырылады.

Зерттеу практикасы міндеттері мыналар:

- шығармашылық жұмыстарға қызығушылығын арттыру;
- шығармашылық-зерттеу жұмыстары дағдыларын жетілдіру;
- шығармашылық құзырлылықты қалыптастыру;
- пән бойынша білімін, біліктіліктерін тереңдету;
- зерттеу біліктіліктерін қалыптастыру, практикалық дағдыларын жетілдіру;
- болашақ мамандықты игеруде кәсіби білімін тереңдету;

- ғылыми мекемелер, зертханалармен, технологиялық үдеріспен таныстыру;

- топтық шығармашылық жұмыстар кезінде қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

Шығармашылық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру үшін төмендегі талаптар орындалуы керек:

- шығармашылық іс-әрекет міндеттерін білу және оңтайлы ұйымдастыру;

- зерттеу үдерісінде үйлестіруші және қатысушы қызметін орындау;

- авторитарлық көмек беруден аулақ болу, қателіктер жіберген кезде шыдамдылық көрсету;

- жетуге ынталандыру, мотивациясын дамыту;

- зерттеуді сапалы өткізу шарттарын қамтамасыз ету, мадақтау, шешім табу, бір шешімге келу үшін пікірталас ұйымдастыру, т.б.

Жоғары курстарда зерттеу практикасын өткізуде мына жайлар басты назарда болуы тиіс:

- зерттеу объектісін, зерттеу, мақсат-міндеттерімен таныстыру;

- мәдени орталықтарға саяхат жасау, мамандармен, технологиялық үдерістермен, құрал-жабдықтармен таныстыру;

- зерттеу тақырыптарын ұсыну (практикалық мақсатына сай, білім алушылардың білім, біліктілік деңгейлерін ескеру, тақырыптардың бірнеше нұсқаларын ұсыну, әрқайсысына түсініктеме беру);

- берілген тақырып бойынша қосымша әдебиеттерді ұсыну;

- тақырыптарды бекіту;

- таңдалынып алынған мәселе бойынша түрлі құралдарды, т.б. қолдану;

- оңтайлы әдіс-тәсілдерді табу;

- зерттеу жоспарын құру;

- жұмысты кезеңдерге бөліп, жүйелі жүргізу;

- қол жеткен нәтижелерді талдау және бағалау;

- зерттеу нәтижелерінің есебін, баяндама, т.б. даярлау;
- зерттеу практикасы бойынша білім алушылар білімін бағалау.

Бағалауда мынадай өлшемдер ескеріледі:

- мәселенің теориялық негізделуі;
- зерттеу біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі;
- баяндаманы даярлау біліктілігі, зерттеушілік мәдениеті.

Шығармашылық жұмыстардың оқу пәні мазмұнына байланысты мынадай формаларын ұйымдастыруға болады: *ғылыми жұмыс, жоба, шығармашылық көрме, шығармашылық апталық, шығармашылық есеп, зерттеу күнделігі, ғылыми-зерттеу топтамасы, т.б.*

Шығармашылық жұмыстар қорытындысы білім алушылардың дербестігін, ізденімпаздығымен қатар, ойтұжырымын қағаз бетінде жүйелі сипаттап көрсете білу, үйлесімді бірізділігін сақтау, т.б. танымдық біліктіліктерді қажет етеді.

Шығармашылық жұмыстарда мынадай мәселелер қамтылуы керек: педагогика ғылымының өзекті мәселелерін негіздеу; мәселенің зерттеу деңгейін, қазіргі ғылыми айналымдағы бағыттарын айқындау; ғылыми еңбектердегі белгілі анықтамалардың жаңа байланыстарын іздестіру; кейбір мәселелерді жаңа идеялар негізінде жан-жақты қарастыру; тұжырымдар жасау және қорытындыға келу; қол жеткен нәтижелерге байланысты ұсыныстар мен нұсқаулар беру.

Оқу экспедициялары – саяхат, танымжорықтар, білімдік нақты мақсаттары бар экскурсиялар. Оқу экспедициялары – білім алушылардың белсенді шығармашылық іс-әрекетін талап ететін зерттеу жұмыстары болып табылады.

Оқу экспедицияларының негізгі мақсаты – туған жер табиғаты мен тарихи-мәдени, өндіріс, т.б. орындарын саяхат жасау арқылы рухани құндылықтарды сезіну, пәндік білім, біліктерін жетілдіру, ой-өрісін кеңейту, танымдық қызығушылығын арттыру.

Оқу экспедициялары кезең бойынша өткізілуі керек.

1-кезең – дайындық, білім алушылар оқытушымен бірге экспедицияның мақсат, міндеттерін анықтайды. Қызығушылықтарына байланысты зерттеу тапсырмаларын алады, жұмыс жоспарын жасайды.

2-кезең – экспедициялық жұмыс кезінде саяхаттау барысында тапсырманың мазмұнына байланысты жұмыстар жүргізеді. Суретке түсіреді, сызба салады немесе жазбаша түрде мәліметтер жинақтайды.

3-кезең – зерттеушілік, жинақталған материалдарды жүйелеу, логикалық бірізділік ұстанымына сай көркемдеу. Көрмеге немесе шығармашылық есеп, арнайы семинарға дайындалу: мәлімдеме, реферат даярлау.

4-кезең – әр білім алушы жеке тұлғалық дамуына, білімді меңгеру дәрежесіне және шығармашылық шеберлігіне сай экспедициялық сапардан алған әсерін талдайды, бағалайды.

Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінің кредиттік оқыту жүйесінде топтастырылған *элективтік курстар мен арнайы курстар қатарларының* білім беру пәндерінің пәндік мазмұнын тереңірек меңгеруде, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруде маңызы зор.

Білім алушылардың ғылыми орталықтары ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және өз интеллектуалдық мүмкіндіктерін, ізденімпаздық қабілетін жетілдіруге талаптанған білім алушылардың танымдық қызығушылығы негізінде, ерікті түрде құрылған шығармашылық бірлестіктері.

Білім алушылардың ғылыми орталықтары мүшелерінің сабақтары ғылыми жетекшінің басшылығымен жоспар бойынша аптасына кемінде бір рет ұжымды түрде немесе жекелей өткізіледі. Конференция, семинар, көрме, т.б. ұйымдастырылып тұруы керек. Ең үздік білім алушылар анықталып, ғылыми жобаларға ұсынылады. Ғылыми қоғам мүшелері өздері таңдаған тақырып бойынша жыл бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын

жүргізеді және мәжілістерде кезең-кезеңмен нәтижелерін баяндап отырады.

Білім алушылардың ғылыми орталықтар құрамына секциялар, ғылыми үйірмелер, клубтар, топтар, т.б. ене алады. Ғылыми орталықтардың мақсаты – білім алушылардың ғылыми зерттеуге қызығушылығын ояту, шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту, ғылыми іздену әдістерін үйрету арқылы ғылыми көрегендікке, шығармашылық дербестікке баулу, жеке тұлғасын қалыптастыру.

Білім алушылардың ғылыми орталықтарының белсенді жұмыс істеуі білім алушыларды арасынан талантты жастарды табуға, олардың бар мүмкіндіктерін шығармашылық сипатта пайдалы, қызықты істерге жұмылдыруға және жалпы жоғары кәсіби білім беру деңгейін көтеруге игі ықпал етеді. Сонымен қатар, білім алушылардың ғылыми орталықтары олардың өмірлік және шығармашылық мәдениетін дамытуға, кәсіби бағдар алуына көмектеседі.

Олимпиада мен сайыстар, конференциялар – пән апталықтарында, интеллектуалдық марафон, т.б. түрінде және ауданаралық, қалааралық, республикалық деңгейдегі сайыстар, конференциялар, арақашықтықтағы пікірсайыстар сипатында өткізіледі. Олар білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын оятып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулиды.

Шығармашылық сабақтарда қазіргі білім алушылардың шығармашылық қызығушылығын оятуға көп септігі бар инновациялық білім беру әдістері мен формаларының бірі – өзіндік мәні бар интеллектуалдық ойындарды енгізуге болады.

Педагогика терминдері боп табылатын рөлдік, танымдық-дидактикалық, оқу іскерлік, драмалық және мерекелік ойындар ұғымдары бар. Бұл ойындардың атқаратын педагогикалық функциялары да анықталған.

Дегенмен, бүгінгі күнге дейін интеллектуалдық ойындар, олардың пайда болуы және даму тарихы туралы ортақ пікір қалыптаспаған. Неміс философы Е.Финс ойындарға

экзистенциалды ұғым ретінде төмендегідей түсінік береді. «Ойын – адамның өзін-өзі тануына, түсінуіне ықпалын тигізуші тәсіл...»

Адамдар тұрмыс-тіршілігін «толықтырушы» тәсіл ретіндегі ойындарды атау үшін «интеллектуалды ойындар» тіркесін К.Гросс енгізсе, ойынтанудың «классигі» атанған М.Лозарус оларды үш топқа: «дене еңбегіне қатысты ойындар, құмар ойындары және интеллектуалдық ойындар» деп бөледі.

Интеллектуалды ойындар тұлғаның эмоционалдық деңгейін толықтырып, өзінің ақыл-ой мүмкіндіктерін жүзеге асыру арқылы қуанышты сезінуге, күнделікті өмірде бола бермейтін жеңістер мен жеңілістерді басынан өткізуге мүмкіндік туғызады. Я.А. Коменский: «Интеллект – жанған шырақпен тең, ал қиял май секілді шамның жануына ықпалын тигізсе, сана жалын секілді жан-жағын жарықтандырып, шуағын төгеді», – деген екен. Ұлы педагогтың берген поэзиялық теңеуі «интеллектуалдық» сөзінің анықтамасына да негіз бола алады деп ойлаймыз.¹¹

Интеллект дамуын зерттеу барысында интеллектуалдық ойындардың пайда болуы және оның дәстүрлі емес түрлері адамның психикалық және когнитивтік қабілетін анықтауда елеулі жаңалықтар әкелумен қатар, педагогика мен психология, әлеуметтік педагогика саласында жаңа ағымдардың пайда болуына әсерін тигізді.

Интеллектуалдық ойындардың алғашқы түрлері – викториналар мен тест сұрақтарының, жұмбақтар мен сөзжұмбақтардың даму тарихы әріден басталады. АҚШ-та «Не? Қайда? Қашан?», «Брейнг-ринг» ойындары іспеттес «Quis» және «Copardy» интеллектуалдық ойындары шоу сипатына қарамастан көпшілікке ұсыныла бастады. Шағын басқосулар түрінде бастау алған, кейіннен телебағдарламаға қажетті барлық атрибуттармен көркемделген интеллектуалдық ойындар интеллект дамуын қамтамасыз ете отырып, қызығушылықты оятуды мақсат етеді.

¹¹ Финс Е. Игры, тренинги в управлении персоналом. –М.,2001.–285 с.

Осыған сәйкес интеллектуалдық ойындар екі қарама-қайшылықты: бұқаралық қарым-қатынас мәдениеті мен саналы адамға тән білімге деген ұмтылысты қамтиды. Ойынға қатысушылар ойын барысында өзін-өзі танумен қатар, қарым-қатынас мәдениетін тереңінен меңгереді.

Күрделілік деңгейі әртүрлі тапсырмалар мен сұрақтар ұйымдастырушылар мен жүргізушілерге, педагогтар мен психологтарға, жоғары оқу орындарындағы білім сапасына жаңа талаптар қойып, болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлаудың мүмкіндік деңгейін анықтауға ықпал етті.

Көгілдір экран бетіндегі интеллектуалдық ойындар жастар мен ересектердің бос уақытын өткізу тәсіліне айналды. Телевизиялық ойындар өткізу тәжірибесі интеллектуалдық ойындарға қатысушылардың білім сапасы мен көлемін ғана емес, есте сақтау қабілетін, ойлау жылдамдығын да анықтауға болатындығын дәлелдеді. Интеллектуалдық ойындарға қатысу тұлғаны интеллектуалдық тұрғыда қалыптастырушы фактор ретінде қарым-қатынас, әлеуметтік белсенділік, біліктілік қасиеттерін қалыптастырады.

Ауыз әдебиетіне жататын жұмбақтар затты немесе құбылысты жасырын бейнелейтін болса, интеллектуалдық ойындар жауапты тексеруді ғана мұрат тұтпайды, болашақ өнертану мамандарын кәсіби даярлауда қарым-қатынас мәдениетін үздіксіз дамытуды көздейді.

Ақыл-ой еңбегімен ұдайы айналысатын адамдардың ойлау қабілеті жақсы сақталатынын, өзінен жас адамдардан да асып түсетіндігін дәлелдейді. Сол себепті кей жағдайда тіпті шығармашылықты талап ететін күрделі ойындар жастармен қатар ересек адамдарды да қызықтырады, яғни адам қартайғанша ойынға деген қызығушылығын жоғалтпайды.

Сонымен, білім алушылардың шығармашылық мәдениетін қалыптастыруға арналған интеллектуалдық ойындар технологиясы негізін анықтау үшін төмендегі ережелерге сүйендік:

– интеллектуалдық деп аталатын ойындар белгіленген уақыт аралығында сайыс түрінде өткізіледі, мұндай ойындар заттық немесе әлеуметтік шындықты тану мақсатын көздейтін нәтижелі, әрі жылдам ойлауды талап ететін тапсырмаларды жеке немесе топтық үлгіде орындауға дағдыландырады;

– интеллектуалдық ойындар негізгі ойлау операцияларын (жіктеу, талдау, байланыстыру, т.б.) орындау негізінде түсінік қалыптастыра отырып, теориялық ойлауды дамытады, ойын арқылы оқу қызметінің белгісі міндеттерін орындайды;

– ойын нәтижесі, сайыс кезіндегі жеңіс тез ұмытылып, ойын қызығы сонымен тарқаған сияқты көрінгенімен, проблемалық жағдаяттар тізбегін шешу арқылы білім алушылардың ой-өрісін үздіксіз дамытуға, ізденіске және белгілі бір мақсатқа ұмтылуға түрткі болады.

Интеллектуалдық ойындар түрі өте көп болғанымен, олардың мәні бір: ол қойылған міндеттерді орындауда шығармашылықтың қатар жүруі, ақыл-ойдың ұшқырлығы, яғни талдау, салыстыру, кіріктіру, бақылау, байланыс пен тәуелділікті анықтау барысында ақиқатқа қол жеткізу. Жалпы алғанда интеллектуалдық ойындар білім алушылар арасында қалыптасқан қарым-қатынас мәдениетін қайта жаңғыртумен қатар, жинақталған интеллектуалдық және әлеуметтік тәжірибені ойын барысында пайдаланып, кәсіби қызығушылығын дамыта іске асырып, танымдық іс-әрекетті белсенді дамытуға ерекше ықпал етеді.

Жоғарыдағы пайымдауларды негізге алсақ, интеллектуалдық ойын – ойыншының психологиялық-биологиялық типімен өмірлік кеңістік өлшеміне сай ақпаратты белсенді түрде трансформациялау механизмі. Интеллектуалдық ойын ойыншыны және ұжымды сұраққа тез жауап беруге дағдыландырады, ойын барысында жауапты жалғыз ойыншы таба алмауы мүмкін, ал өзара ой тастау негізінде ақпаратты синтездеу секілді жаңа тұлғалық сапа қалыптасады. Интеллектуалдық ойынға қатысушылардың шығармашылық іс-

әрекеті: мәселенің шешімін табу, оны шешу жолдарын іздестіру және тиімдісін таңдаудан тұрады.

Интеллектуалдық ойынның басты ерекшелігі – «нұсқаға сай ойлау, ой белсенділігін, ой ұшқырлығын дамыту» болып табылады. Барлық ойындардың шартында алғашқы қадам интуицияға бағытталады: сену, екінші қадам – түйсікті біліммен негіздеу, дәлелдеу, одан соң жаңалықпен бетпе-бет келу және соңғысы – нәтижені түйіндеу.

Демек, интеллектуалдық ойын – бұл адамның ақыл-ойы мен ойлау қабілеті есебінен жетістікке жету ойыны. Интеллектуалдық ойын түрлі бағыттағы және түрлі деңгейдегі тапсырмалар жиынтығынан құралады, ол білім алушының ой-өрісінің дамуына, өзін-өзі жетілдіруіне ықпал етеді; жауап міндетті түрде абстракт немесе вербальді сөз түрінде ғана емес, сурет немесе сызба түрлерінде де болуы мүмкін. Жауаптарды іздеу тұлғаны өзін-өзі дамытуға тәрбиелейді; жаңа шығармашылық бағыттары мен жолдарын белгілеуге әсерін тигізеді.

Ойын жүргізу тәжірибесіне орай ғылыми теориялық талдауларда интеллектуалдық ойынның төмендегідей психологиялық-педагогикалық анықтамасы ұсынылған: бұл – ойлау мен есте сақтауға негізделген, ойынға қатысушылардың ақыл-ой операциялары берілген материалды түсіну мен тануға бағытталған, жағдайға орай дұрыс әрекет етіп және дәл шешім табуды мақсат ететін ізденіс және бірнеше бағыттағы ізденіс нәтижелерінен тұратын ойын түрі.

Интеллектуалдық ойын мазмұнын нақты заттар немесе бейне, белгілер – әріптер, сандар, сөз мағынасы, әрекеті немесе өзіндік әрекет құрайды.

Интеллектуалдық ойынның ақырғы нәтижесі:

- нысан бірліктері ретінде керекті сөз бен сөз тіркестерін табу;

- өнер түрлеріндегі кейбір түсініктерді жіктеу немесе топтау;

– қарым-қатынас түрінде берілген нысандар арасындағы байланысты табу;

– жүйе ретінде нысандарды ұйымдастыру тәртібі, жүйесі;

– ұсынылған материалды өзгерту және жаңарту.

Ойын нәтижелеріне сай интеллектуалдық ойындарды вербальдық жіктеу, коммуникаторлық, жүйелілік, трансформаторлық және импликаторлық деп топтастыруға болады.

Берілген анықтама зерттеушілерге арналған бағдарлама ретінде емес, білім алушыларға өз қабілеттерін жетілдіруге, өз күзiреттіліктеріне сенімділік туғызып, өз интеллектуалдық мүмкіндіктерін бағалауына, интеллектуалдық ойындар барысында өз білік-дағдыларын реттеу бағыты есебінде ұсынылып отыр.

Интеллектуалдық ойындардың лидерлер мен аутсайдерлерді анықтауда, өзін-өзі реттеу мен өзіндік рефлексия жасауда, өзін-өзі ұстау ережелері мен қарым-қатынас дағдыларын меңгеруде маңызы зор.

Ал, ұйымдастырушылық-іскерлік ойындар өткізу барысында төмендегі жайларды ескерген дұрыс:

– білім алушылар алдында проблемалық жағдаятты шешуде шығармашылық топтың мақсатын, мазмұнын, ойын әдістері мен құралдарын, топ құрамын анықтау;

– проблеманың көкейкестілігін анықтауда шығармашылық топты ұйымдастыру, іс-әрекет құралдарын таңдауда, алға қойылған мақсатты шешуде бірлесе жұмыс істеу;

– шығармашылық шағын топпен жұмыс атқару: ғылыми ізденіс жүргізуге дағдылану, жобалау іскерлігін қалыптастыруда өзінің жеке мақсатын анықтау, шешімдер қабылдау, іскерлік бағдарламасын құрастыру; орындаушылық іскерлігін ұштау – ұжымдық бағдарлама жұмысын іске асыру; ұжымдық және жеке көзқарасты таныта білу; жұмыс барысын бақылау;

– шығармашылық топ идеяларын талқылау, дәлелдеме келтіру және өзгерістер енгізу;

– рефлексия ұйымдастыруда әр топ мүшесінің танымдық және қарым-қатынас іс-әрекеттерін талдау.

Мұндай талдау жүргізу арқылы істелінген жұмыстың мақсатқа, мазмұнға сәйкестігін, қолданылған әдістер мен құралдардың қаншалықты тиімді болғанын анықтау. Ұжымның барлық мүшелері өзіндік ой-пікірлерін, кәсіби іс-әрекеттер құндылығын, қарым-қатынас жүйесіндегі өз орнын жете түсіне біледі, қоршаған ортада өзіндік пікірін сақтай біледі.

Енді танымдық-дидактикалық ойындар топтамасына келетін болсақ, мұнда білім алушылар алдында қойылған жағдаяттар олардың кәсіби іскерлігімен байланысты, ерекше ойын контекстінде беріледі. Мәселен, бұлар – пәндік-мазмұндық құрылымда ұйымдастырылып, білім алушылардың ғылыми, мәдени, әлеуметтік ілімдерін қорытындылау және бағалауға бағытталған білімділер сайысы, өнер төлтумалары туралы білімдерін толықтыратын саясат сабағы түрінде түрлендірілген инновациялық сабақтар топтамасы түрінде болады.

Оқу іскерлік ойындарының кәсіби білім беру үдерісінде ұйымдастырылуын қарастырған жөн. Мұнда білім алушылардың пәндік және әлеуметтік мазмұндағы кәсіби, саяси, техникалық құбылыстарға байланысты нақты меңгерген ілімдерін қорытындылайды. Ойын барысында тиімді пайдаланылған ақпарат мәліметтері білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби бағыт-бағдарын кеңейтіп, өз мамандық аясындағы білік-дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Бұл келтірілген ойын түрлерінің топтама жұмыстары негізінде білім алушылардың шығармашылық, технологиялық, қарым-қатынас мәдениеті дамиды, түрлі қиындықтарды шешу мүмкіндігі туады; ойыншылар арасындағы қақтығыстар жойылып, ойын барысында жағымды психологиялық ахуал пайда болады. Сонымен, білім алушылармен жүргізілетін дәріс кезінде интеллектуалдық, ұйымдастырушылық-іскерлік, танымдық-дидактикалық, т.б., ойындардың дүниетанымдық іс-әрекет формаларының маңыздылығы жоғары деп тұжырымдаймыз.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби даярлығын қамтамасыз етуде инновациялық білім беру әдістері мен формаларының орны ерекше, оның мазмұнын түбегейлі қарастырып, кәсіби білім беру үдерісінде тиімді пайдалану нәтижесінде білім алушылардың кәсіби шығармашылығын, технологиялық, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге, ойлау жүйесінің, дүниетанымының қалыптасуына бағыт беруге, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге мол мүмкіндік бар деп ойлаймыз.

Өте күшті дәлелдеушілік ықпалға ие болып келетін ойындардың оқу үдерісін жандандыру құралы ретіндегі мүмкіндіктері де өте көп болып келеді. Ойындардың атқаратын қызметінің мән-мағынасы мен себеп-салдарын оның өз бойынан іздестіру керек. Сондықтан да болар, олар басқа да мотивтердің қалыптасуына себепкер болып отырады.

Педагогикалық тәжірибеде ойындардың тағы бір ерекше қасиеті кеңінен қолданыс табуда. Ол – ойындардың білім алушылардың бойында олардың болашақ практикалық қызметі мен оқуына қажетті өмірлік тәжірибені қалыптастыруға дәнекер бола алатындай қабілеті болып табылады. Дәл осындай қасиеттің арқасында ойындардың оқу үдерісіндегі рөлі одан әрі арта түседі және оқудың басқа да әдістерімен қарым-қатынастары белгілі бір тұрақты жүйеге келеді.

Кәсіптік білім беруге тән дидактикалық ойындардың кең таралған түрлері мыналар: техникалық «диктанттар», «кім жылдам», «кім алда», «техникалық ұрыстар» атты мини-конкурстар; білім алушылардың өзара сұрақ-жауаптарын бағалау; техникалық лото; техникалық домино, т.б.

Білікті жұмысшылар мен мамандар дайындау жағдайында кәсіптік педагогика саласында соңғы кездерде іскерлік ойындар кеңінен қолданыла бастады. Олардың басты мақсаты – жұмысшылар мен мамандардың бойында белгілі бір жағдайларда нақты әрекеттер жасай білу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Арнайы ойластырылған ерекше жағдайлардағы іскерлік ойындарды өткізу барысында білім алушылар туындаған

өндірістік жағдайларды (тіпті апаттарға дейін) тез арада анықтай білуге үйренумен қатар, орын алған жағдайға байланысты жедел түрде шешім қабылдауға дағдыланады және тиімді технологиялық үдерісті таңдай білудің, экономикалық мәселелерді тез арада шешудің жолдарын қарастырады. Іскерлік ойындардың қатарына теориялық оқу саласында да, өндірістік оқу саласында да кеңінен қолданылып жүрген білім алушылардың жаттығу залында жасайтын жаттығуларын жатқызуға болады.

Рөлдік және басқа да басқару ойындары іскерлік ойындардың ерекше түріне жатады. Мұндай кезде білім алушылар өз достарымен қарым-қатынас кезінде туындаған ерекше жағдайларда қандай шешім қабылдау керектігіне үйренеді. Бұл ойындардың басты ерекшелігі – оның ойынға қатысушыларға тигізетін әсерінің күшті болуы. Сонымен қатар білім алушылардың бойында қарым-қатынас жасай білу, дұрыс мінез-құлық, қажет болған кездерде көмек көрсете білу сияқты толып жатқан адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға дәнекер болады. Олай болса, дәл осындай жағдайларда ойын адамгершілікке тәрбиелеу мектебінің рөлін де атқара алады.

Ойынды жүргізу барысындағы оқытушының қызметі сан алуан болып келеді: ойын басталғанға дейін ол ойынның мазмұнын, өткізілу тәртібін және ойынның ережелерін түсіндіріп беретін инструктор; ойын барысында консультант (ақылшы); ал ойын аяқталғаннан кейін басты қазылардың бірі және пікірталастарын ұйымдастырушы.

Оқу үдерісінің «белсенді» әдістеріне семинар сабақтарын да жатқызуға болады. Оны өткізу үш кезеңге бөлінеді: семинардың тақырыбы бойынша оқытушының дәрісі, білім алушылардың семинарға дайындалу барысындағы өзіндік үй жұмыстары және сол семинардың өткізілуі. Семинар кезінде білім алушылар дайындаған тақырыптары бойынша баяндамалар жасалады және арнайы дайындалған көрнекі құралдар, арнайы құрал-жабдықтар, тетіктер көрсетіледі. Ең соңында семинар тақырыбына байланысты тиісті қорытындылар жасалады.

Құрал-жабдықтардың құрылысы мен олардың жұмысының принципі, оны жөндеу, жұмысқа дайындау сияқты шараларды тәжірибелік тұрғыдан білу үшін практикумдар өткізіледі. Олар зертханалық-тәжірибелік жұмыстардың қолданбалы түрі болып саналады. Дәл осындай практикумдардың нәтижелері бойынша эвристикалық қорытынды әңгімелер жүргізіледі.

Оқытудың «белсенді» әдістерінің қатарына проблемалық оқытуды емін-еркін жатқыза беруге болады. Оның мән-мағынасы – білім алушылардың туындаған өмірлік және өндірістік жағдайлар барысында өздерін «зерттеуші», «жаңалық ашушы» ретінде сезінулеріне қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Проблемалық оқытудың теориясы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері педагогикалық әдебиетте жан-жақты ашып көрсетілген. Мұндай проблемалық жағдайлар, әдетте, пәндер мен өндірістік оқудың нақты материалды негізінде ғана туындайды.

- білім алушыларды мүлде жаңа, бұрыннан болмаған жағдайлар барысында өздерінің білімдері мен жинақталған тәжірибелерін қолдана білуге үйрету;

- берілген есептерді дұрыс шеше білудегі теориялық немесе мүмкін болатын принципіалды жолдың арасындағы және бұл тәсілдің тәжірибе жүзінде жүзеге аспаушылығы немесе мақсатқа сай келмеушілігі арасындағы қарама-қайшылықтарды ашып көрсету;

- білім алушылардың бұрыннан белгілі болған шешімдерінің ішіндегі ең дұрыс шешімді өздері таңдай білетіндей дәрежеге жетуі;

- білім алушылардың алға қойған мақсатты өз беттерімен шешуге білімдері де, өмірлік тәжірибелері де жетпейтіндігін ұғынатындай жағдайлар туғызу.

Білім алушылардың танымдық-оқу қызметінің жандануына бүгінгі таңда кәсіптік мектептер мен техникалық лицейлерде кеңінен қолданылып жүрген техникалық шығармашылықты дамытуға бағытталған сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру шараларының қосқан үлесі өте зор болып келеді. Сыныптан тыс жұмыстардың кейбір түрлерін атап айтсақ:

кәсіптік шеберлік конкурстары (жарыстары), рационализаторлар мен өнер тапқыштар және ғылым мен техниканың көрнекті өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру, қоғамдық-конкурстық бюролардың жұмыстары, білім алушылардың рационализаторлық өнер тапқыштық қоғамдары пәндік және техникалық үйірмелердің жұмыстары, т.б.

2.3 Оқу қызметін мотивтендіру және бақылау әдістері

Адамның кез келген қызмет саласы, оның ішінде оқу саласының қызметі де толып жатқан факторлардың ықпалында болады. Солардың ішіндегі ең бастысы – қажеттілік болып есептелінеді. Қажеттілік адамның іс-әрекеттерінің себепкері болғандықтан психологтар оны мотивтер деп атайды. Ең негізгі, дәлірек айтқанда адамның өз басының қажеттілігі, ол – танымдық қажеттілік.

Кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы оқу үдерісінің тәжірибесінде оқу үдерісін мотивтендіру мәселелерін зерттеп-білуге өкінішке орай, көп көңіл бөліне қоймайды. Сондықтан да болар оқытушылар мен шеберлердің барлық күш-жігері негізінен оқу үдерісінің әдістемелік аппаратын жетілдіруге бағытталады да, ал білім алушылардың мотивациялық саласын дұрыс басқара білудің олардың танымдық және өндірістік-оқу қызметтерінің ең тиімді жолы екендігі көп жағдайларда ескеріле бермейді.

Оқудың жағымды мотивациясын тәрбиелеу көп жағдайларда білім берудің мазмұнына байланысты болып келеді. Олай болса білім алушылардың танымдық қызметінің жандануы оларға қажетті материалдармен ғана шектеліп қалмайды. Сондықтан да оқытушы сабақ барысында, ең бірінші кезекте, білім алушыларға оқу бағдарламасының әрбір бөлімін соншалықты мұқият оқудың не үшін және неге керек екендігін, оқу барысында қандай жаңа материалдарды пайдалану керектігін және оқу үдерісінің басты міндеті мен оның түпкі мақсатының қандай екендігін түсіндіріп беруі керек.

Жағымды танымдық мотивизация тұрғысынан алып қарастырғанда оқу материалдарын іріктеу, оны ақпарат

көздерінен сұрыптап алу негізінде ұсынған оқу материалының инновациялық әсері мол болатыны сөзсіз.

Алайда, оқудың мазмұны білім берудің жағымды мотивациясына бар болғаны алғышарттар ғана жасайды. Ал шын мәнісіндегі мотивация бүкіл педагогикалық жүйенің ықпалымен қалыптасады, бірақ осы орайда оның қалыптасып шыңдалу үдерісіне де тікелей ықпалы болатындығын естен шығарып алмауымыз керек. Мотивтердің қалыптасып, одан әрі дамуына білім алушылардың білім алу жолындағы әрекеттерінің де қосар үлесі зор болып келеді.

Сабақтың дәл осындай «мотивизациялық жағын» жүзеге асыру тәсілдерінің бірі – білім алушылардың білім мен тәжірибесінің өзектілігін тиімді түрде өткізу болып саналады. Ол тәсілдерді жинақтап былайша қарастыруға болады:

- кіріспелік проблемалық жағдайларды тудыру,
- кіріспе эвристикалық әңгімелер өткізу,
- оқытушының табиғаттың түрлі құбылыстарының, заңдылықтарының, т.б. ашылу тарихы жайындағы әсерлі әңгімелері.

Сонымен қатар білім алушылар дәл осы кезінде өз жұмыстарының нәтижесі мол екендігінен және оның бұрыннан өтілген материалдармен тығыз байланысты екендігінен толық хабардар болып қана қоймай, оны сапалы түрде орындай білу қажеттігіне көздері анық жетулері керек.

Білім алушылардың «ақыл-ой талғамын», түрлі пайымдауларға салыстыруға, өзіндік пікірлерге деген қажеттіліктерін үнемі жетілдіріп отырудың маңызы өте зор екендігі айтпасақ та түсінікті болар.

Оқудың жағымды мотивтерінің дамуына сабақ барысында «жетістіктер әдістемесі» деп аталатын әдістемені қолданудың да тигізетін әсері аз болмайды. Оны кеңінен қолданудың нәтижесінде білім алушылардың өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімі одан сайын арта түседі.

Білім алушылардың сабаққа деген ынтасының артуына себепкер болатын басты шаралардың бірі – бағалау, баға қоя білу

болып саналады. Алайда кейбір тәжірибесі аз оқытушылардың бағалау мен баға қоюшылыққа байланысты жіберген қателіктерінің оқушының танымдық қажеттіліктерінің дамуын ұзақ уақытқа дейін тежейтін факторға айналдырып жіберетіндігін тағы да жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан да бағаны мотивация құралы ретінде пайдалану, оған педагогикалық көзқарас тұрғысынан байыппен қарауды естен шығармаған жөн.

Жоғарыда атап өтілген оқуды мотивациялауды қалыптастыру мен дамытудың әдістерін жиі қолдану мотивацияның біртіндеп өзіндік мотивацияға әкелетіндігін де көрсетіп отыр.

Оқу қызметін мотивтендіру әдістері. Экономикалық қайта құрулардың бүгінгі жағдайында еңбек рыногы саласына белсене араласып жүрген жастардың жетер жетістіктеріне кепіл болар басты нәрсе, ол – кәсіптік дайындықтың сапасы мен кәсіптік білім беретін оқу орындарына тағы да күрделі міндеттерді жүктейді. Ол міндеттер – білім алушыларды, жұмысшылар мен мамандарды кәсіптік жағынан даярлауды түптілікті жақсарту, оларды жүзеге асыру әдістерінің тиімділігін арттыру. Өндірістік оқудың әдістері көп жағдайларда олардың оқу үдерісінде алатын орнына байланысты бағаланады.

Кәсіптік білім беру оқу орындарындағы оқу үдерісінің құрамдас бір бөлігі ретінде көрініс тапқан өндірістік оқуға алдыңғы параграфтарда қарастырылып өткен оқу үдерісіне берілген сипаттамалардың барлығы да тән болып келеді десек артық айтпаған болар едік. Сонымен қатар өндірістік оқудың өзіндік мақсаттарын, мазмұнын, формалары мен әдістерін айқындау ерекшеліктеріне байланысты оның өзіне тән ерекшеліктері де бар.

Ең бірінші кезекте өндірістік оқудың мақсаттары жайында айта кетейік. Өндірістік оқудың басты мақсаты – белгілі бір мамандық, кәсіп саласына білім алуға келген білім алушылардың бойында кәсіптік шеберлікті жан-жақты қалыптастыру болып табылады.

Бұл негізгі мақсат өндірістік оқуға байланысты туындайтын міндеттерде нақтыланып отырады. Сондықтан да оларды белгілі бір жағдайларда басты мақсатқа жетудің жолдары және кезеңдері ретінде қарастыруға да болады. Мақсаттар мен міндеттердің дәл осындай өзара байланыстарына сүйене отырып, «кәсіптік шеберлік» ұғымының мәнін тереңірек ашып көрсететін төмендегі көрсеткіш-өлшемдерді атап өтелік:

- жұмыстың орындалу сапасы – жұмыс нәтижесінде техникалық талаптардың (жағдайлардың) орындалуы; оның бекітілген көрсеткіштер мен мөлшерлерге, параметрлерге сәйкестігі, тұрақты пайдалы нәтижелерге жету;

- еңбек өнімділігі – бекітілген уақыт нормасын орындау; уақыт факторын дұрыс бағалай білу қабілетіне ие болу (бұл жағдай жоғары сапалы техника мен технологияны, еңбекті ұйымдастыру мен жұмысты орындаудың ең тиімді және өнімді тәсілдерін игере білуді айқындап береді);

- кәсіптік дербестік – еңбек өнімділігі мен жоғары сапаны қамтамасыз ететін жұмыс тәсілдерін өз бетімен таңдай білу; туындаған өндірістік жағдайды өздігінше бағалай білу;

- еңбекке шығармашылық қарым-қатынас – еңбек үдерісін жаңартуға деген талпыныс пен қабілет, еңбектің тәсілдері мен қолданылатын құрал-жабдықтарды жетілдіру; рационализаторлық пен өнер табуға деген құлшыныс;

- еңбек қызметінің экономикалық мақсатқа сай болуы – орындалатын еңбек үдерісін экономикалық тұрғыдан талдауға, жұмыс барысында экономикалық жағынан алғанда тиімді шешімдер қабылдай білуге қабілеттілік таныту.

Еңбек қызметінің тәсілдерін көрсету, жаттығулар, білім алушылардың өзіндік бақылаулары, жазбаша нұсқаулар беру, білім алушыларды жұмыстың алдыңғы қатарлы жоғары өнімді тәсілдері мен жолдарына үйрету әдістері, еңбекке шығармашылық қатынасты қалыптастыру, сонымен қатар өндірістік оқудың кейбір «белсенді» әдістері.

Бұл әдістің негізгі мақсаты – білім алушылар санасында еңбек қызметнің нақты және айқын бейнесін жасау болып

табылады. Сонда ғана білім алушылар жұмыс тәсілдеріне сай келетін жаттығуларды жасау барысында өз әрекеттерін салыстыра білу қабілетіне ие болады.

Алайда еңбек қызметінің нақты толық бейнесі білім алушылар санасында бірден пайда бола қоймайды. Алғашқы кезде ол жалпы түрде көрініс табады да, кейін біртіндеп белгілі бір бөлшектер нәрсені өз санасында толық қабылдап, оны жетік білетіндей дәрежеге жетуі үшін, белгілі бір уақыт ішінде оның әрбір бөлшегін жеке-жеке қабылдай отырып, ой елегінен өткізулері қажет. Міне, сондықтан да өндірістік оқу шебері өз қызметінің барысында, көрсетілетін еңбек әрекеттеріне барынша сүйеніп отырады. Бұл үдерісті былайша сипаттауға болады: баяу қарқында көрсетеді, содан соң оның жекелеген бөлімдерінің арасында үзіліс жасап, білім алушылардың назарын нақты мақсатқа ғана емес, еңбек әрекеттерінің аралық сәттеріне де аударуға тырысады.

Өз кезегінде білім алушылар еңбек тәсілдерін қабылдай отырып, шебердің көрсеткендерінің бәрін де жадында сақтап қалулары керек. Сондықтан да, білім алушының есінде жақсы қалу үшін еңбек тәсілдері мен әдістерін көрсетуді бір емес бірнеше рет қайталаған дұрыс.

Тәсілдерді көрсете отырып, әдістемелік тәсілдердің қаншалықты үлкен рөл атқаратындығын аңғаруға болады. Ең соңында білім алушылар тұтас еңбек әрекеттерін нақты қабылдай алатындай жағдайға жетуі керек. Осы себептен де еңбек тәсілдерін білім алушыларға көрсетудің басталуы да, аяқталуы да қалыпты жұмыс қарқынында жүзеге асуы тиіс.

Жаттығулар мен өзіндік жұмыстар. Жаттығулардың әдістерін қарастыра отырып, «жаттығулар» мен «өзіндік жұмыстар» ұғымдарының өзара қатынастары жайында толық түсінігіміз болуы қажет сияқты. Өзіндік жұмысты білім алушылар өндірістік оқудың өзіне ғана тән кезеңдеріне тән жаттығулар ретінде қарастырғаны дұрыс болады, өйткені бұл кездегі білім алушылардың қызметі дербестік сипат алады (яғни олар дәл осы уақытта шебердің көмегінсіз-ақ өз беттерімен

жұмыс атқара алады). Мұндай жағдайдағы ең басты дидактикалық мақсат – білім алушылардың кәсіптік дербестігінің қандай да болмасын көріністерін қолдай отырып, олардың өзіндік жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Білім алушылардың өзіндік бақылаулары.

Бұл әдіс, негізінен оқу саласында күрделі құрал-жабдықтармен жұмыс істейтін мамандықтарға байланысты қолданыс табады.

Бақылауды білім алушылардың өздері жүргізеді, алайда тапсырманы беретін де, оның орындалуын қадағалайтын да өндірістік оқу шебері болып табылады. Берілетін тапсырмаларда әдетте өзіндік бақылаудың басты мақсаты белгіленеді, олардың өткізілу тәртібі көрсетіледі және бақылаудың қорытындыларын анықтау жөнінде қажетті нұсқаулар беріледі.

Білім алушылардың өзіндік бақылауларына жетекшілік жасау барысында шебер бақылауға алынған тиімді сәттерді анықтауға септігін тигізеді. Бақыланатын үдерістің өзіндік белгілеріне білім алушылардың назарын аударады, бұл белгілерді түрлі объектілермен салыстыра білуге және білім алушыларға бұрыннан белгілі заңдылықтардың, ережелердің, талаптардың, өлшемдердің, т.б. негізінде бақылау аясындағы құбылыстар мен үдерістердің мән-мағынасын ұғына білуге үйретеді.

Жазбаша нұсқаулар.

Бұл әдістің қолданылуы шығармашылық сабақтарында хабарлардың өзіндік көзі болып табылатын түрлі нұсқау түріндегі оқу құжаттарымен тығыз байланысты. Өндірістік оқу үдерісінде нұсқаулық, технологиялық (нұсқаулық-технологиялық) қатарлар мен оқу алгоритмдері кеңінен қолданылады.

Нұсқаулық қатарлар оқу операцияларын зерттеу барысында қолданыс табады: олар типтік реттілікті, ережелерді, құралдарды, орындау тәсілдерін, зерттелетін операцияның игерілген тәсілдерін бақылау мен өзін-өзі бақылауды айқындап береді.

Жазбаша нұсқаулардың құжаттарын өндірістік оқудың шебері білім алушыларға бастапқы нұсқаулар беру барысында жұмыстың орындалу тәсілдері мен әдістерін түсіндіру, көрсету

кезіндегі арнайы құрал ретінде де, одан қалды білім алушыларға өндірістік-оқу жұмыстарын орындау үдерісінде де кеңінен қолдана алады. Мұндай жазбаша нұсқаулардың әрбір білім алушыларның жұмыс орнынан табылуы, сөзсіз, оқу үдерісінің тиімділігін арттыра түседі.

Жаттығулар нақты жұмыс орнында туындайтын технологиялық режимнің бұзылғандығы, тіпті апаттық жағдайлардың дәл өмірде болып жатқандай шешімін білім алушылар технологиялық есептерді шешу кезінде де таба алады.

Білім алушыларлар берілген есептің мәліметтерімен танысқаннан кейін бұзылған тетіктердің істен шығуының себептерін іздестіреді және нақты жағдайда орын алған қателіктерді жою үшін қандай шараларды жүзеге асыру керектігін сипаттайды, соған байланысты қандай дұрыс шешім қабылдау керектігін көрсетеді.

Білім алушылардың оқу қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі. Соңғы кездерде білім алушылардың оқу сапасын бағалауда рейтинг технологиясының элементтеріне негізделген әдістер кеңінен қолданыла бастады. Рейтинг білім алушылардың оқу сапасының барлық түрдегі көрінісі болып табылады. Сондықтан да болар, белгілі бір мағынада, ол маман жұмысшыларды дайындау сапасын дәл анықтай білудің кепілі де болып саналады. Сонымен қатар бұл жүйенің үдерісін жақсарту жолындағы мәліметтерге сүйенетін болсақ, дәстүрлі төрт балдық шкалаға (2,3,4,5 бал) қарағанда бақылаудың рейтингтік жүйесінің бірқатар артықшылықтарының бар екендігін мойындауға тура келеді. Олар төмендегідей болып келеді.

- оқу үдерісінің негіздерін әлдеқайда тиімді түрде қалыптастыруға көмектеседі;

- күнделікті жұмыстарға деген білім алушылардың ынтасын арттырады;

- білім алушылардың білімі мен олардың кәсіби біліктілігін арттырады, нәтижесінде қорытынды бағаларды қою кезінде орын алатын кездейсоқ факторларға жол берілмейді;

– білім алушылардың қызметін өз тобындағы, курсындағы жеткен жетістіктеріне сай бағалауға мүмкіндік береді;

– білім алушылардың оқуы мен мұғалімдердің педагогикалық қызметінің нәтижелілігінің артуына және олардың қызметтерін жандандыруда материалдық ынталандыру әдістерін тиімді пайдаланып отыруға оң әсерін тигізеді;

– оқу үдерісін әрі тиімді, әрі жедел түрде басқаруға мүмкіндік береді.

Рейтинг жүйесінде қарастырылған білімді бағалау шаралары білім алушылардың білімі мен тәжірибелерін бақылауға қойылатын талаптарды нақты орындауға жол ашып береді. Олар: жүйелілік, объективтілік, жан-жақтылық, тиімділік, жекелілік, т.б. Сонымен қатар, мұндай кездерде дәстүрлі педагогикалық бақылау түрлерімен қатар (ауызша және жазбаша сұрау, бақылау, зертханалық және өндірістік жұмыстар, ауызша және жазбаша емтихандар, т.б.) бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жаңа әдістерді де (мысалы, тестілеу) кеңінен қолданамыз.

Рейтинг жүйесіне байланысты жалпы мәліметтер.

Рейтинг жүйесінің ерекшелігі сол – жекеленген оқу сапасын бағалау циклдерінің білім берудегі табыстарының нәтижелері өздерінің алатын орны жағынан да, маңыздылығы жағынан да бір-бірінен өзгеше болып келеді. Мұндай жағдайда қорытынды бағаларды алу кезіндегі нәтижелерді қосып есептеу барысында білім алушылардың білімдері мен тәжірибелерін біртіндеп жүргізілген әрбір бағалау коэффициентінің маңыздылығын ескере отырып, рейтинг анықтамасын былайша пайымдауға болады: білім алушылардың рейтингі (бұдан әрі «рейтинг») – ол жекеленген оқу қызметінің мәнділік коэффициентінің маңыздылығын ескере отырып, оны жан-жақты қарастырудың нәтижесінде алынған оқу саласындағы жетістіктерді интегралдық тұрғыдан бағалаудың жеке сандық көрсеткіші болып табылады.

Оқу әдістерін таңдау. Оқу әдістерінің жалпы сипаттамасында әдістердің әр тобы (классификация негізінде қабылданған) мен әрбір әдістің өз басы оқу үрдісінде белгілі бір функцияны (қызметті) жүзеге асырып отыратындығы және онсыз

оқу үдерісі барысында туындаған мәселелерді ойдағыдай шешудің мүмкін еместігі жоғарыда атап көрсетілген. Шындығында да, оқу үрдісінің кез келген көрінісінде бірнеше әдістер бір-бірімен өзара үндестік тауып отырады және ұстаздар мен білім алушылардың қарым-қатынастарын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Олай болса, оқу үрдісіндегі оқу әдістерінің атқаратын қызметі мен алатын орнын қарастыруға байланысты қалыптасқан мұндай тәсіл – ол әдістерді таңдау мәселесін шешудің ең басты шарттарының бірі болып табылады. Оқу әдістерін таңдай білудің тиімді әдістерінің қатарына тиімді үйлестіре білу, үйлестіре білудің өлшемдерін кешенді тұрғыдан есепке алу жатады. Бұл талапты жүзеге асыру – оқу әдістерін таңдау ісін сол принциптердің туындауына себепкер болатын оқу үрдісін тиімді жасай білудің негізгі заңдылықтарымен сәйкестікке әкеліп соғады.

ІІІ. КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

Жоспар:

- 3.1. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістің мәні мен мазмұны
- 3.2. Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыттылығы
- 3.3. Инновациялардың жіктелуі
- 3.4. Инновацияны бағалаудың сипаттамалары мен өлшемдері
- 3.5. Инновациялық оқу орындары

3.1. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістің мәні мен мазмұны

Бүгінгі күнгі жоғары оқу орындарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті білікті мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын, жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Сол талаптардың маңыздыларының бірі педагогикалық жүйе үдерісінде инновациялық іс-әрекет жүргізу қажеттілігі. Инновациялық үдеріс түсінігі, ол барлық динамикалық үдерістерді қамтып, ақпараттар әлеміндегі үдерістік аспектілердің, жаңалықтардың бүтіндей өзгеруіне байланысты.

Бүгінгі білім беру саласына үш сатылы білім беру мен кредиттік жүйенің ендірілуі, білім саласына мемлекет қана емес, жалпы қоғамның араласуы – инновациялық реформалардың бастапқы жемісі. Бүгінгі таңда әлемдік бәсекеге қабілетті, кәсіби даярлығы жоғары, өз білімін ұдайы жетілдіріп отыратын, шығармашыл, ізденімпаз, инновациялық даярлығы қалыптасқан, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын маман даярлау басымдықтар биігіне көтерілді.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу

сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің дұрыс жолға қойылуы мен осы саланы жаңашаландыру деңгейіне келіп тіреледі. ЖОО-дағы педагогикалық пәндерді оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдану өзгермелі қоғам жағдайындағы педагогикалық міндеттердің қайнар көзі.

Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені, инновациялар көбінесе экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде XX ғасырдың 70 – 80 жылдарында ғана қолданысқа енгізіле бастады.

Инновация (латын сөзі – innovation) – жаңаны ендіру деген ұғымды білдіреді. «Инновация» жөнінде бүгінде бірнеше түсініктер мен анықтамалар қалыптасқан. Егер, педагогикалық және кеңестік энциклопедиялық сөздіктерде бұл ұғым жаңа білім ретінде түсіндірілсе, бірқатар ғалымдар былайша анықтама берген:

– «...тиісті деңгейге жетуді қамтамасыз ететін педагогикалық әрекеттің жаңару сипатындағы тұтас теориялық, технологиялық және әдістемелік тұжырымдамасы»;

– «...бұл кәсіби әрекетті жаңа сапалық деңгейге шығаратын, әдеттегі мөлшерден тыс және реттелмеген іс-әрекеттің принципті жаңа үлгісінің жасалуы»;

– «...бұл идея нақты адам үшін жаңа болуы мүмкін. Идеяның объективті түрде жаңа болуы, болмауы маңызды емес, біз оны алғашқы пайда болуы мен пайдаланған уақытына байланысты анықтаймыз».

Э.Брансунктың пайымдауынша, педагогикалық жаңалықтардың мынадай үш түрі бар:

– толығымен жаңа және бұрын белгісіз болған білім беру идеялары мен әрекеттері жаңалық болып есептеледі. Ондай, тұтастай жаңа және соны идеялар өте аз кездеседі;

– ең көп кездесетін жаңалықтар белгілі бір ортада және белгілі бір уақыт ішінде ерекше көкейкестілікке ие болған, бейімделген, кеңейтілген немесе қайта қалыптастырылған идеялар мен іс-әрекеттер болып табылады;

– педагогикалық жаңалықтар жаңа жағдайларда бұрыннан белгілі болған жағымды идеялардың жетістікке жетуіне кепілдік берілуіне, тәрбие мақсаттарының қайта қойылуына байланысты бұрыннан белгілі әрекеттердің жандану жағдайында туындайды.

Ал, К.С. Құдайбергенова «инновацияны» нақты қойылған мақсатқа сай алынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» – жаңарту, «нововедение» – енген жаңалық, «новое» – жаңа, «новшество» – жаңалық, «инновационный үрдіс» – жаңарту үдерісі.

Кейбір зерттеушілер, оның педагогикалық айналымға жаратылыстану ғылымы арқылы енгендігін айта келіп, «инновация» ұғымы көпшілік жағдайда техникалық өндіріске, медицинаға қатысты қолданылғанымен, кейінгі жылдары педагогикалық әдебиеттер мен білім беру практикасында да кеңінен көрініс тауып жүргендігіне мысалдар келтіреді. Н.В. Горбунова «жаңалық», «жаңаны ендіру», «инновация ұғымының арасында пәлендей айырмашылық жоқ» дей келе, осы бағыттағы еңбектердің авторлары инновацияны нақты жағдайда жаңа болып табылатын идеялар, құралдар деп танитынын ескертеді. Олардың пікірінше, «инновация – педагогикалық үдерісте жаңа тұжырымдамаларды, оқу жоспарын, бағдарламаларды, жаңа жұмыс формаларын, әдістерін, құралдарын, білім беру мен тәрбие берудің амалдарын қолдануды білдіретін педагогикалық категория.

50-жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды оқу және қорыту орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы басылымдар шыға бастады (мысалы, «information at innovation en education Educational innovation in the United States» және басқалар).

Біздің елімізде де дәл осындай үдерістер жүріп жатты. Алайда олар басқаша аталды. Әңгіме педагогикалық тәжірибенің таратылуы туралы, білім қызметкерлерінің оны пайдалануға дайындығы туралы және ұсынылған жаңалықтардың жаңалығы, оларды бағалау тәсілдері туралы болды.

Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі:

- білім мазмұнындағы инновация;
- оқу-тәрбие үдерісінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация;
- оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы инновация;
- мектептегі басқару жүйесіндегі инновация;
- жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновацияның түрлері;
- жеке, бір-бірімен байланысы жоқ;
- модульдік (бір-бірімен байланысты):бір – біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей білім алушылармен ұйысдастырылатын оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;

– жүйелі барлық мектептерде болатын өзгерістер.

Әдетте инновация дәстүрлі мәселелерді жаңаша шешу нәтижесінде, фактілерді ұғыну және жиналу үрдісінің ұзақтығы нәтижесінде пайда болды. Қазіргі кездегі инновацияның көбі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты және оның өткен уақыттағы белгісі – ұқсастығы бар. Бұл инновациялық үдерістің белгілі бір тұжырымдарға сәйкес келетін және белгілі бір жағдайларға өзекті және бейімделген, белгілі бір мақсатқа бағытталған және қазіргі заманғы идеяның құрылу, орнығу, қолдану және жойылу үрдісі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Ол жаңалықтар кіретін жүйенің сапалы жақсаруына бағытталған, оған қатысушыларды ынталандырады және олардың көзқарастарын жаңалықтар тұрғысынан өзгертеді.

Инновациялық білім беру үрдісінің негізінде педагогиканың екі басты мәселелері:

– педагогикалық тәжірибені зерттеу мәселесі;

– психология мен педагогика ғылымының жетістіктерін тәжірибеге жеткізу мәселесі.

Білім берудегі инновациялық үдерістің нәтижесі теориялық және тәжірибелік жағынан жаңалықтарды қолдану. Инновация білім беру жүйесінде жаңалықтар енгізу, жаңа мазмұнды жаңа тәсілдер мен тәжірибелер, білім беру формаларын қайта жасауды, жаңа педагогикалық жүйені енгізу мен таратуды, мектепті басқарудың жаңа технологияларын жасау және дамытуды, мектеп жаңа білім беру бағытын ұстанғанда, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуын жобалайды.

Олардың дамуын екі факторға бөліп қарастырамыз:

– объективті факторлар – инновациялық әрекеттің қарқынды дамуына жағдай жасау және оның нәтижелерін қабылдауды қамтамасыз ету.

– субъективті факторларлар – инновациялық үдеріс субъектісімен тығыз байланысты. Инновациялық үдеріс субъектілеріне ғалым-педагогтар, мұғалімдер және білім беру саласында инновацияға бағытталған әрекеттің басқа да қызметкерлері жатады.

3.2. Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыттылығы

Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағытының мәні. Әдетте бұл түсінік инновациялық үрдіс әрекет субъектілерінің – зерттеушілердің, жазылымдарды даярлаушылардың, техниканы басқарушы мамандардың, инновацияның таралуына және құрылуына қолайлы жағдай жасайтын мамандардың әрекет жиынтығын білдіреді. Инновациялық үрдістегі ұжымдық әрекет туралы сөз болғандықтан, бұндай анықтама дәлме-дәл келеді. Біз жеке субъект деңгейіне келсек – онда инновациялық үрдістің жеке алынған субъектісінің әрекетін қарастырамыз. Бұл жағдайда инновациялық әрекеттің объектісі бұдан бұрын қалыптасқан және осы уақытта оның тәсілдері, құралдары адамдардың осы қауымдастығы үшін біркелкілік репродуктивті сипатқа ие әрекеттің басқа түрлері болып табылады.

Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыттарын дамытуда ең алдымен қоғамда пайда болатын және Ата заң мен “Білім туралы” заңда жарияланған жаңа білім саясаты, білім жүйесіндегі әлеуметтік-экономикалық жаңартулар септігін тигізеді. Бұл саясаттың түпкі мағынасы білім беру мазмұнын гуманизациялауға, оқу пәндері құрамының, көлемінің өзгеруіне, жаңа оқу сабақтарын енгізуге, оқытушылардың педагогикалық жаңалықтарды қабылдауына қатынасын өзгертуінде. Кәсіби білім беру жүйесі тәжірибесінде жоғары мектепті жаңарту жолдарын атауға болады:

- жеке тәжірибесінің дамуы;
- басқалар жасаған тәжірибені алу;
- ғылыми жазылымдарды меңгеру;
- қателер мен сынақтар әдісін қолдану;
- эксперимент жүргізу.

Инновациялық әрекет кезеңдері. Инновация идеяның пайда болу кезінен бастап тәжірибеге енгенге дейін бірнеше кезеңдерден өтеді: білім беру және тәрбиелеу міндеттерін шешу туралы негізделген ұсыныс, әлгі әдістеменің кең қолданылуы, толық игерілуі. Бұл жерде үрдіс аяқталмайды. Инновацияның жасалуы және дамуы мәселелерді шешуге керек жаңа қағидаларға жеткенше жүргізіледі.

Осындай ыңғай ұсынылған идеялар мен ұсыныстардың дамуын сақтауға, тәжірибелік әсерін талдауға, жаңалықтар енгізу көлемін сақтауға жағдай жасайды. Жұмыстың жаңа формаларын игеру үшін белгілі бір уақыт, соған сәйкес жабдықтау, мұғалімдерді дайындау, жаңаша жағдайларда ұжымдардың жұмысқа дайындаулары қажет.

Әртүрлі жағдайларда жаңалықтарды қолдану сипаты мұғалімдердің мамандық деңгейіне, мектепте білім алушыларлардың қабылдау дәрежесіне, өмір сүру салтына байланысты. Психологиялық және педагогикалық мақсаттың бірегейлігі идеяларды іске асыру үшін әртүрлі әдістер мен қосымша зерттеулерді талап етеді. Осы жаңалықтарды нақты ортада қолдану қажет, ұжымдық құрылымның белгілі бір

енжарлығына төтеп беру керек. Әсіресе, адамдар арасындағы қатынастарға қатысты инновацияны іске асыру қиыншылықтары да кездеседі. Әсіресе, ғылымды және білім беруді басқарудың қалыптасқан жүйесіне жаңалық енгізу күрделі үдеріс. Оқу-тәрбие үдерісінің тиімді жақтарын жетілдіру ісінде ескі әдістер мен тәсілдерді жою арқылы біршама табыстарға жету мүмкіндіктері береді.

Айта кететін бір жайт, педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыт-бағдарын ұстанған болашақ мұғалім мамандығының шығармашылық, ізденушілік әлеуетін жоғарылата түседі.

3.3. Инновациялардың жіктелуі

Қолдану ерекшелігі мен орнына байланысты жаңалық енгізудің бірнеше түрлері ажыратылады.

Технологиялық инновациялар. Технологиялық инновациялар – өнімдерді, өндірістің жаңа технологияларды дайындаудың жаңа тәсілі. Олар өндірістің дамуына және саланың технологиялық қолайлы қайта жабдықталуына негіз болады. Бұл жаңалықтар білім беру саласында оқытуда қолданылатын әртүрлі технологиялық құралдар мен жабдықтарға байланысты. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, ақпараттық ортаға ену және бағдарламалық қамтамасыздандыру жаңа мүмкіншіліктерге жол ашты. Компьютерлік технологиялар өзінің жеделдігінің және кең зерде қорының арқасында білім берудің жаңа құралдары болып табылады. Олар жеке тұлғаға, білім беру ортасына әртүрлі нұсқаларды іске асыруға мүмкіншілік береді.

Әдістемелік инновациялар. Әдістемелік инновациялар – сабақ беру мен білім алу, тәрбиелеу және оқыту әдістемесі, оқыту және оқу тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру саласындағы инновациялар. Олар білім беру саласында ең көп таралған, жаратылыстану, ғылыми және гуманитарлық пәндерді оқытуды – мектепке дейінгі тәрбиеден бастап, жоғары білімге дейін оқыту үрдісін мамандарды дайындауды қамтиды.

Тәжірибеде әдістемелік инновация ұжымдық жаңартулармен тығыз байланысты. Олар жоспарланған мақсат анықталған кезде, құралдар мен әдістерді іске асыруға қосымша зерттеулер талап етілгенде, білім беру жағдайларында кездеседі. Инновацияның бұл типі жеке әдістемелерде басым, дидактика мен тәрбие теориясында сирек кезігеді, ал педагогика тарихына арналған еңбектерде кездеспейді.

Ұйымдастырушылық инновациялар. Олар еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін орнықтыруға қатынасы бар. Өртүрлі топтарды жинақтау мәселелері, топтарда, мектептен және мектептен тыс ұйымдарда жұмыс жасау әдісі.

Мысалы, 2001 жылы жалпы білім беру мекемелерінде, жалпы білім беретін және арнайы мекемелерде “көзді сақтау тобын” құру шешімі қабылданды. Топ он екі адамнан тұрды. Ал күрделі кемістігі бар балалар үшін бес адамнан сынып құрды. Білім толықтыру мекемесінің білім алуға қиыншылықтарға тап болған балаларға арналған.

Компенсациялаушы оқыту тобына балаларды тандаудың негізгі көрсеткіші ретінде жалпыға білім беретін мекемелерде, білім алуға дайындық деңгейі, ол психологиялық, психофизиологиялық жағынан да төменгі деңгейде болуы орын алды.

Басқарушылық жаңартулар енгізу. Олар өндірісті, ұйымды басқару әдістерін, құрылымын қарастырады және жеделдету, жеңілдету, қойылған мәселелерді шешуге, жақсарту мақсатымен басқару жүйесінің элементтерін ауыстыруға негізделген. Басқарушылық жаңартулар енгізудің мысалы ретінде федералды, аймақтық деңгейлерде білім жүйесін басқаруды игерген жұмыста көре аламыз.

Экономикалық инновациялар. Экономикалық инновациялар қаржы, төлем, бухгалтерлік саладағы жағымды өзгерістерді қамтиды. Сонымен қатар ол еңбек төлемін жоспарлау, ынталандыру білім беру әрекетінде нәтижелерді бағалауды қамтиды, олардың тікелей педагогикамен байланысы жоқ. Бірақ олардың ықпалы бүкіл білім беру жүйесіне әсер етеді. Мектепке дейінгі және жалпы білім беру саласында ақылы білім беру қызметі

туралы арнайы ережелері дербес қарастырылған. Ақылы білім беру қызметіне қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту, арнайы курс бойынша білім беру, дайындау, сабақтарды терең оқыту, репетиторлық жатады.

Әлеуметтік жаңалықтар енгізу. Ол адам факторының кадрлық саясатын жетілдіру жүйесін ендірудің белсенді формасында білінеді. Сонымен қатар маман дайындау жүйесі қызметкерлері мамандығын көтеру, жұмысқа қайта қабылданған тұлғалардың әлеуметтік, кәсіптік бейімделу жүйесін, марапаттау жүйесін, яғни еңбек нәтижесін бағалауды қарастырады. Ол сонымен қатар жұмысшылар өмірінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, еңбек гигиенасында, қауіпсіздік жағдайын жақсарту сипатында болады. Бұл білім беру деңгейінің көтерілуіне, кәсіби дайындығын, қоғам өмірінде жағымсыз әсерлерді шектеуге, құқық бұзушылықты болдырмауға, ой және дене еңбегін тиімді етуге бағытталған.

Құқықтық инновациялар. Бұл білім беру мекемелеріндегі анықтаушы және реттеуші жаңа және өзгертілген нормативтік құқықтық актілер мен заңдар.

Соңғы жылдары мектеп білім алушыларының аттестациясына қатысты федералдық және аймақтық білім беру стандартына, басқарушы мамандар дайындығына байланысты көптеген заң шықты.

Инновациялардың әртүрлі топтарының тиімділігі қоғам сұраныстарын қанағаттандырумен және өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласында міндеттерді шешуімен анықталады.

3.4. Инновацияны бағалаудың сипаттамалары мен өлшемдері

Инновацияның тәжірибеге және ғылымға қосатын үлесінің сипатын теориялық және тәжірибелік деп айыруға болады. Теориялық инновацияларға тұжырымдамаларды, болжамдарды, әдістерді, заңдылықтарды, бағыттарды, жіктеулерді, білім мен тәрбиедегі зерттеу нәтижесінде алынған ұстанымдарды жатқызады. Жаңа әдістер, ережелер, бағдарламалар, дидактика саласындағы

ұсыныстар, оқыту мен тәрбиелеу теориясы, мектептану ілімі, білім берудің техникалық құралдары, табиғи объектілер, тәжірибелік инновацияларға жатады.

Білім беру және тәрбиелеу саласында жаңалық енгізуден жаңа білімді ажырата білу керек. Бір жағдайда жаңа идея, жаңа білімнің құрылуы іске асса, екіншісінде оны қолдану үдерісі іске асады.

Инновациялар уақыттық және сапалық параметрлеріне қарай ажыратылады. Инновацияның мәні оның пайда болу уақытына байланысты емес деген тұжырымдар да бар. Идеяның басты мағынасы – олардың қоғамдық даму тенденциясына қаншалықты сәйкес келетіндігін анықтау, білім алушының және педагог еңбегінің нәтижесінде білімнің жоғары сапалығын қамтамасыз ету. Бұл көзқарастар негізінде бұрынғы озық идеяларды және оларға негізделген тәжірибені ескірген деп санауға болмайды.

Дегенмен де, педагог ғалымдардың теориялық ілімдері мен тәжірибелік ұстанымдары күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай, сақтап келеді. Олардың ғылым мен тәжірибеде қалдырған озық педагогикалық тұжырымдары мен пікірлері құнды. Алайда, біршама уақыттан бері қолданыста болған инновацияларды жаңа деп есептеуге болмайды.

Жаңалықтар енгізу уақытқа тәуелсіз бағалануы қажет. Бұл көзқарас бойынша, белгілі жағдайды іске асырған педагогтарды жаңашылдар деп есептеген жөн. Ғылыми жұмыста іс басқа. Мұндай басымдылыққа ғылымда жаңа білімді алғаш кім алса, сол мәселеге қоғамның назарын аударса, сол ие болады.

Белгілі бір дәрежеде техникаға тән түсініктер оқыту немесе тәрбиелеу әдістемесіндегі жаңалықтарды сипаттауға қолданылуы мүмкін. Идея әр оқу ұйымдарында белгілі болып, әр аймаққа таралып өз әсерін бергенде, арнайы жаңа жағдайларда қаралмайтын болады. Әңгіме әр аймақтағы әдебиет, тарих, биология және тағы басқа пәндерде жоғары және кіші сыныптар білім алушыларының еңбек, моральдық, экологиялық, саяси-идеялық тәрбиесі жөнінде болып отыр.

Білім беру саласында жаңалықтар енгізуді бағалау үшін сапалы бағалап, талдау керек. Ол алынған білімнің белгілі білім қатарындағы орнын және сабақтастығын көрсетеді.

Нақтылау деңгейі. Бұл деңгейде инновация білім алу және тәрбиеге байланысты жеке теориялық немесе тәжірибелік қағидаларды нақтылайды. Педагогика ғылымында бұл деңгейді жаңашылдықтың модификациялық типі деп атайды (М.М. Поташник). Оның мазмұнына ұқсас нәрсені тиімді ету, түр өзгерту (бағдарлама, әдістеме, құрамы) жатады. Өзгертуде белгілі әдістемені жаңа пәнді оқытуға көшіру деп те түсінеді. Оған мысал, П.М. Эрдниевтің математикалық материал негізінде жасаған дидактикалық бірліктерді ірілендіру әдісін тарих және басқа да оқу пәндеріне көшіру мысал бола алады.

Толықтыру деңгейі. Инновация білім алуда және тәрбиеде белгілі теориялық және тәжірибелік жағдайды кеңейтеді. Бұрын әйгілі болмаған білімнің жаңа қырларын ашады. Оны толық өзгертпей, жаңа толықтырулар енгізеді.

Қайта құрылу деңгейі. Ол бұрын теорияда болмаған білім беру және тәрбие саласында жаңа идеямен, ыңғаймен сипатталады. Көзқарастар нүктесі ауысып, тиімді ыңғай ұсынылады. Дидактикада бұған оқытуды тұтас қарастыру тәсілі жатады. Олардың педагогикалық жаңалықтары, нәтижелері бүкіл ел мұғалімінің игілігіне айналды.

Ғылым мен практика ұсынған жаңа әдістер оқу-тәрбие үрдісінің жоғары деңгейін және білім алушылардың одан әрі дамуын қамтамасыз етуі керек. Бұл тұрғыдан барлық инновация өзі-өзі ақтамайды, дегенмен кейбір кезеңдерде дұрыс нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін. Педагогикалық инновациялардың прогресшілдік өлшемдері әртүрлі нәтижелерде көрінуі мүмкін. Мысалы, белгілі бір мәселені толық немесе жартылай шешетін әдістемелердің жаңа баламалары жасалады. Жаңа тұжырымдамалар, идеялар, жіктеулер, тәрбие мен оқыту саласындағы түрлі құбылыстар мен фактілерді түсіндіреді. Болашақ тәрбие жүйелерін жасауға мүмкіндік беретін болжамдар мен нақтылаудың болашағы зор. Жаңа идеялар мен

технологиялар келешек ізденістердің жолдары мен бағыттарын ашады. Тиімді ұсыныстар даярлайды, өзекті зерттеу жобалары мен бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Ұсынылған жаңалықтар теориялық немесе эмпирикалық деңгейде негізделуі керек. Негізделу өлшемдеріне жататындар:

- күтілген нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен білім алушылардың күшін оңтайлы жұмсау;
- мұғалімдер жұмысының нәтижесі;
- жаппай тәжірибеде инновацияларды шығармашылықпен пайдалану мүмкіндігі.

Аталған өлшемдер педагогикалық жаңалықтарды, білім беру үрдісіндегі ғылыми және практикалық ашылымдарды ажыратуға жағдай жасайды. Бұл өлшемдер – педагогикалық шығармашылықтың негізін салады.

3.5. Инновациялық оқу орындары

XX ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап кеңестік білім жүйесінде мектептердің жаңа типтері пайда бола бастайды. Олар жалпы «жаңа типті мектептер», «инновациялық мектептер» деген атқа ие болды. Осындай мектептердің ең басты ерекшелігі – өз жұмыстарында жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлға даярлау мақсатында педагогикалық инновацияларды кеңінен қолдану болғандықтан оларды «инновациялық» деп атауға толық негіз бар деп есептейміз. Себебі, мектептің статусының өзі үнемі ізденіске, педагогикалық процесті жоғары деңгейде ұйымдастыруға итермелейді. Сонда *«инновациялық мектеп»* – үнемі ізденісте болатын, жаңа енгізулерді батыл және тиімді пайдаланатын, оқу-тәрбие үрдісінде ерекшелігі бар мектеп болып табылады. Сонымен, мектептің инновациялылығы деңгейінің онда жүретін үрдістердің инновациялылығымен анықталатынына, бұлардың өзіндік құрылымы, заңдары мен принциптері болатынына көзіміз жетті. Мұндай сипаттамаға мектептердің салыстырмалы түрдегі жаңа типтері – гимназиялар мен лицейлер сәйкес келеді.

Гимназия – гуманитарлық сабақтар бойынша тереңдетіп оқуға бағытталған, бастауыш мектептерде жалпы білім беру бағдарламасына құрылған мектеп.

Лицей – техникалық және нақты ғылымдарды тереңдетіп оқуға арналған, бастауыш және арнайы орта білім беру бағдарламасын іске асыра алатын білім мекемесі. Жеке пәндерді тереңдетіп оқытатын мектеп жалпы білімнің жалпы бастауыш, жалпы орта және орта (толық) білімді, білім алушылардың бір немесе бірнеше пәндерден тереңдетіп оқытылуын қамтамасыз ететін мектеп.

Мәдени – білімдік бастама түріндегі әлеуметтік әсері мол және тәжірибесін таратуға болатын «эксперименттік алаң», осындай сынақтан өтуге өтініш білдірушілер «эксперименттік алаңға кіруге үміткерлер» сияқты мәртебелерге ие мектептер бар.

Гимназия – негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім алушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетіп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны болса, *лицей* – негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім алушыларды кәсіби бағдарлап оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беретін оқу орны.

Инновациялық мектептердің басты артықшылықтарының бірі – оның оқу жоспарының білім алушылардың қабілеттері мен бейімдеріне, сұраныстары мен қызығушылықтарына қарай сараланған білім беруге жан-жақты мүмкіндік беруінде. Міне, осы артықшылық негізінде еліміздің инновациялық мектептері оқытуды бейіндік саралауды іске асыра алып отыр. Бұл жерде оқытуды бейіндік саралаудың негізгі құралы – қосымша білім бағдарламалары болып табылады. Қосымша білім беру бағдарламалары азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің білімге және мәдениетке деген қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырады. Қосымша білім беру бағдарламаларына тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарынан тыс жалпы білім беру және кәсіби даярлық

жүргізетін білім беру ұйымдарында қосымша білім беру ұйымдарында, жеке педагогикалық қызмет арқылы іске асырылатын әртүрлі бағыттағы білім беру бағдарламалары жатады.

Қазақстанның инновациялық мектептерінде, оның ішінде гимназиялары мен лицейлерінде жүргізілген оқытуды бейіндік саралау барысын талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берген: инновациялық мектептер өз жұмыстарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу жоспарлары негізінде жүргізеді. Білімнің базалық деңгейі бәріне ортақ болып, оқытуды саралау қосымша білім беру бағдарламаларын осы жоспарлардың вариативті бөлігіне енгізу арқылы іске асырылады.

2-кесте. Қазақстан инновациялық мектептеріндегі оқытуды бейіндік саралаудың жіктелімі

	Жіктеу негізі	Бейіндеу түрлері
	Бейін саны бойынша	Бір бейінді және көпбейінді
	Бейін бағыттылығы бойынша	Гуманитарлық; Жаратылыстану-математикалық; Экономикалық; Құқықтық-заңдық, т.б.
	Бейіндерді қалыптастыру бойынша	Конкурстық негізде; Білім алушылардың дара ерекшеліктерін есепке алу негізінде конкурстық
	Білім жүйелеріне кіріктірілуі бойынша	Дербес; Сәйкес ЖОО базасында құрылған

Осылардың педагогикалық жүйесі қоғам мен тұлға сұраныстарын қанағаттандыруға үлкен үлес қосады. Даму режимінде көптеген авторлық мектептер жұмыс істейді.

Авторлық мектеп. Бұл – әрекеті, психологиялық-педагогикалық идеясы автордың немесе авторлық ұжымның

идеясына негізделген білім мекемесі. Олар сол мектептерді құрған адамдардың аттарына және олардың философиялық, педагогикалық-психологиялық айтылған негізгі пікірлеріне қарай ажыратылады. Олар ескі мектеп (Толстой мектебі идеясы, Монтессори мектебі идеясы, Вальдорф мектебі идеясы, Френе мектебі идеясы, Дальтон-план мектебі идеясы, Балалық өзін-өзі бағалау идеясы, Корчак мектебі) сондай-ақ, жаңа (мәдениеттер диалогі мектебі идеясы, балаларды іріктемеу идеясы, еркіндік және ынтымақтастық мектебі идеясы, педагогикалық қолдау көрсету идеясы, әртүрлі жастардан құралған ұжымдар идеясы, диалектикалық оқыту идеясы).

Авторлық мектептер. Елімізде математикалық немесе лингвистикалық, тағы да бірнеше бағытта авторлық мектептер бар. Оның алғашқыларының қатарында Қ. Нұрғалиевтің, Қ. Бітібаеваның, Қ. Айтқалиевтің мектептері бар.

Қазіргі таңда білім мекемелерінің ішінді нағыз инновациялық оқу орындары бар. Олар мемлекеттік мекемелер жүйесіне кірмейді. Алайда әдістемелік жағынан білім беру департаментінен қолдау тауып, мұғалімдер өзара тәжірибе алмасуға, білім көтеруге құқылы.

IV. КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Жоспар:

4.1. Педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы

4.2. Педагогикалық технологиялардың жіктемесі

4.3. Кәсіптік білім берудегі ақпараттық және коммуникативтік технологиялар

4.4. Кәсіптік білім берудегі модульдік және тұлғаға бағдарлы технологиялары

4.1. Педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы

Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық технологиялар саны жеткілікті деңгейде әзірленген. «Технология» термині алғаш рет 1940–1950 жылдары шетелде пайда болды және ол педагогикалық үрдісте технологиялық құралдар мен оқыту бағдарламаларын пайдалануға байланысты болады. Технология – өнім алу барысында шикізаттың, материалдың немесе жартылай шикізат қалыбын, қасиетін, формасын өңдеу, әзірлеу не өзгерту әдістерінің жиынтығы. «Технология» techne – өнер, шеберлік және logos – ғылым, заң, яғни технология дегеніміз шеберлік болып табылады.

Жаһандану жағдайында білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «инновациялық технология», «жаңа оқыту технологиясы» деп аталатын жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етті. Педагогикалық әдебиеттерді талдау аталған ұғымдардың синоним ретінде қатар қолданылатындықтары мен терминологиялық біржақтылықтың қалыптаспағандығын көрсетеді. Сондықтан, «педагогикалық технология» терминін қолдануды дұрыс көрдік.

«Педагогикалық технология» ұғымының мәндік сипаттамасы, жүйелік тұрғы ретінде ЮНЕСКО берген анықтамада: «білім беру формаларын оңтайландыру міндетін көздейтін адам және техника ресурстарын есепке ала отырып бүкіл оқыту және білімді игеру үрдісін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі» деп көрініс тапқан.

Педагогикалық сөздікте педагогикалық технология «қойылған білім беру мақсаттарын жетістікпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, теориялық тұрғыдан негізделген оқыту мен тәрбиелеу үрдістерін қайта жаңғырту құралдары және әдістерінің жиынтығы» делінген.

Педагогикалық технология ұғымына шетелдік және отандық әдебиеттерде үш жүзден астам анықтама берілген. Бұл педагогикалық технология ұғымының қалыптасуы мен даму тарихында, оны оқыту деп ұғынудан бастап, педагогикалық технологияны ғылыми тұрғыдан ұғынуға дейін түрліше пікірлер бар:

- педагогикалық технология – мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі жаңа ақпарат туындауына байланысты жаңа мақсаттар қоюдың тұтас үрдісі (С.Сполдинг);

- педагогикалық технология – оқу үрдісіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал (Б.Т. Лихачев);

- педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторларының үйлесімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (Ш.Т. Таубаева, Б.Т. Барсай);

- педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық, дара, инструменталдық және әдіснамалық құралдарды қолдану реті мен жиынтығының жүйесі (М.В. Кларин);

- бала мен педагогтің шынайы өзара әрекетін қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми педагогикалық пән» (Н.С. Щуркова);

- қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті, дағдыны және қатынасты құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны» (К. Колеченко);

- Г.К. Селевконың көзқарасы бойынша «педагогикалық технология» ұғымы үш аспекті арқылы берілуі мүмкін:

- ғылыми-педагогикалық: технологиялар – оқытудың мақсатын, мазмұны мен әдістерін зерттейтін және педагогикалық ғылым саласы;

– үрдістік – түсіндірмелік: үрдісті түсіндіру (алгоритм), оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуге арналған мақсаттардың, мазмұнның, әдістер мен құралдардың жиынтығы;

– үрдістік – әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық жеке тұлғалық, аспаптық және әдіснамалық құралдардың қызмет етуі. Сонымен педагогикалық технология оқытудың ең тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде және оқытуда қолданылатын амалдар, принциптер, реттеушілер ретінде, сонымен қатар, оқытудың нақты үрдісі ретінде қызмет етеді.

Барлық жаңа технологияның алдына қоятын мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерешеліктерін ескере отырып, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру. Олардың негізгі құрылымдық бөліктеріне келесілер жатады:

1. Тұжырымдамалық негізі.

2. Оқытудың мазмұндық бөлігі:

– оқыту мақсаттары жалпы және нақты;

– оқу материалының мазмұны.

3. Үдерістік бөлігі:

– технологиялық үдеріс:

– оқу үдерісін ұйымдастыру;

– білім алушылардың оқу іс-әрекеттерінің әдістері мен формалары;

– оқытушының жұмыс әдістері мен формалары;

– оқытушының материалды меңгеру үрдісін басқару іс-әрекеті;

– оқу үдерісін диагностикалау.

4.2. Педагогикалық технологиялардың жіктемесі

Қолдану деңгейі бойынша жалпы педагогикалық (жалпы дидактикалық), жеке әдістемелік (пәндік), локальды (модульдік) технологиялар болып қолданылады (3-кесте).

Философиялық негізі бойынша: материалистік және идеалистік, диалектикалық және метафизикалық, ғылыми

(сценикалық) және діни, гуманистік және гуманистілікке қарсы, антропософиялық және теософиялық, прагматикалық және экзистенциалдық, еркін тәрбие мен мәжбүрлеу, т.б.

Психикалық дамудың жетекші факторы бойынша: биогендік, социогендік, психогендік және теалистік технологиялар.

Тәжірибені, ғылыми тұжырымдамаларды меңгеру бойынша: ассоциативтік-рефлекторлық, бихевористік, гештальт, технологиялар, интериозаторлық, дамытушылық, нейролингвистикалық бағдарламалау және суггестиаттік технологиялар.

3-кесте. Педагогикалық технологиялардың иерархиялық (сатылы) түрде қолданылу деңгейлері

Деңгейлері	Қолданылуы
Жалпы педагогикалық (жалпыдидактикалық)	Оқытудың белгілі бір сатысындағы нақты аймақтағы, оқу орнындағы тұтас білім беру үдерісін сипаттайды. Бұл жерде педагогикалық технология оқыту мақсаттарының, мазмұнының әдістері мен құралдарының жиынтығы, үрдістің субъектілері мен объектілерінің іс - әрекетінің алгоритмін қосып алғандағы педагогикалық жүйемен синонимдес
Жеке әдістемелік (пәндік)	Жеке пәндік педагогикалық технология «жеке әдістеме» мәнінде, яғни бір пәннің, сыныптың, оқытушының аясында оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір мазмұнын жүзеге асырушы әдістер мен құралдардың жиынтығы ретінде қолданылады
Локальды (модульдік)	Оқу-тәрбие үрдісіндегі локальдық технология, жеке дидактикалық міндеттердің шешілуі жеке бөліктердің технологиясы болып табылады (іс-әрекеттің жекелеген түрлерінің технологиясы, ұғым қалыптастыру, жекелеген тұлғалық сапаларды тәрбиелеу технологиясы, сабақтың технологиясы, жаңа білімдерді меңгеру, оқу материалдарын қайталау және бақылау, өздік жұмыстар технологиясы, т.б.)

Жеке тұлғалық құрылымға бағдарлау бойынша: ақпараттық технологиялар (пәндер бойынша мектеп деңгейіндегі білімнің, іскерліктердің, дағдылардың қалыптасуы – БІД); операциялық (ақыл-ой әрекеттері амалдарының қалыптасуы-АӨА); эмоционалдық-көркемдік және эмоционалды-адамгершілік қарым-қатынас салаларының қалыптасуы – ЭАС); өзін-өзі дамыту технологиялары (тұлғаның өзін-өзі басқару механизмдерінің қалыптасуы – ӨБМ); эвристикалық (шығармашылық қабілеттерінің дамуы) және қолданбалы (әрекеттік-практикалық саласының қалыптасуы – ӘПС).

Мазмұнының және құрылымының сипаты бойынша: оқыту және тәрбиелеуші, зайырлы және діни, жалпы білім беретін және кәсіби бағдарланған, гуманитарлық және технократиялық, түрлі салалық, жеке пәндік, сонымен бірге, монотехнологиялық, кешендік (көптехнологиялық) және бойлағыш технологиялар.

Монотехнологияларда бүкіл оқу-тәрбие үрдісі қандай да бір басымдықтағы жетекші идеяның, принциптің, тұжырымдаманың негізінде құрылады; кешенділер түрлі монотехнология элементтерімен араласады.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және басқару типтері бойынша В.П. Беспалько педагогикалық жүйелердің (технологиялардың) келесі жіктемесін ұсынады.

Оқытушының білім алушылармен өзара әрекеттестігі (басқаруы) алшақ (білім алушылардың іс-әрекеті бақыланбайтын және түзетілмейтін), циклді (бақыланатын, өздік бақыланатын және өзара бақыланатын), бытыраңқы (фронтальды) немесе бағытталған (жеке дара), автоматтандырылған (оқу құралдарының көмегімен) болуы мүмкін. Осы белгілердің үйлесімі технологиялардың келесі түрлерін анықтайды:

- классикалық дәріс оқыту (басқару – ашық, бытыраңқы, автоматтандырылған);

- есту-көру техникалық құралдарының көмегімен оқыту (ашық, бытыраңқы, автоматтандырылған);

- «консультант жүйесі (ашық, бағытталған, үйретілген);

– компьютерлік оқыту-(циклді, бытыраңқы, автоматтандырылған);

– бағдарламалап оқыту – (циклді, бағытталған, автоматтандырылған).

Баланың ыңғайына қарай технологияның бірнеше типтері ажыратылады.

Педагогтің тек өзі ғана оқу-тәрбие үрдісінің субъектісі, ал білім алушы тек «объектісі» болатын авторитарлық технологиялар. Олар мектеп өмірін ұйымдастыруда қаталдығымен, білім алушылардың бастамашылдығы және өз беттілігіне жол берілмейтін, талаппен, күштеп көндірумен ерекшеленеді.

Жеке тұлғалық бағдарланған технологиялар білім беру жүйесінде баланың жеке тұлғасын, оның дамуы үшін қолайлы және қауіпсіз жағдай туғызады, білім алушының табиғи әлеуетін көтеруді түйінді негіз етіп қояды.

Жеке тұлғалық бағдарланған технологиялар аясында дербес бағыттар ретінде гумандық – жеке тұлғалық технологиялар, ынтымақтастық технологиясы және еркін тәрбие технологиясы ажыратылады.

Гумандық – жеке тұлғалық технологиялар ең алдымен өзінің гуманистік мәнділігімен, жеке тұлғаны психотерапиялық қолдау, оған көмек көрсету бағыттылығымен ерекшеленеді. Олар балаларға сыйластық және сүйіспеншілік, олардың шығармашылық әлеуетіне оптимистік сенім арту, күштеп бағындырудан аулақ болу идеяларын насихаттайды.

Ынтымақтастық технологиясы педагог пен баланың субъект – объект қарым-қатынасында демократизмді, теңдікті, серіктестікті жүзеге асырады. Оқытушы білім алушылармен ынтымақтастықта бола отырып, мақсаттарды, мазмұнды бірге айқындайды және баға береді.

Еркін тәрбие технологиясы баланың үлкенді-кішілі өмір сүру әрекеттеріне еркін таңдау мен өзбеттілік беруге ерекше мән береді.

Эзотерикалық технология эзотерикалық («санадан тыс») білім туралы ілімге негізделген. Педагогикалық үрдіс – бұл хабарлау емес, қатынас емес, ол ақиқатқа жету. Эзотерикалық парадигма адамның өзі әлеммен бірге өзара ақпараттық әрекеттесудің кіндігіне айналады.

Білім алушылар категорияларына байланысты аса маңызды әрі бірегей технологияларға жататындар:

- орташа білім алушыларға лайықты көпшілік (дәстүрлі) мектеп технологиялары;

- ілгеріленген деңгей технологиялары (пәндерді тереңдетіп оқыту, гимназиялар, лицейлер, арнайы білім беру, т.б.);

- компенсаторлық оқыту технологиялары (педагогикалық түзету, сүйемелдеу, теңдестіру, т.б.);

- виктимологиялық технологиялар (сурдопедагогика, ортопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика);

- көпшілік мектептерде ауытқушылығы бар (қиын және қабілетті) балалармен жұмыс технологиялары.

Педагогикалық әдебиеттерде жиі қолданылатын педагогикалық технологияларды жіктемеуге бірқатар талпыныстар жасалған. Солардың қатарында, педагогика ғылымы мен практикасында кеңінен танылған жүйелеу негізінде жасалған Г.К. Селевконың жіктемесі жинақтап, қорытылған түрінде ұсынылы отыр (4-кесте).

Инновациялық технологияны меңгеру оқытушының зейін - зергерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Көрсетілген технологиялар жіктемесін кәсіптік білім беру оқу-тәрбие үдерісінде көптеген озат тәжірибелі педагогтар пайдаланып жүр. Енді осы технологияларға тоқталып өтейік.

Қарқынды күшейте (интенсивті) оқыту технологиясы. Оқытуды интенсификациялау дегеніміз – оқытудың сапасын да, мерзімін де өзгертпей, оқу ақпаратын кеңірек көлемде беру. Оқу процесін күшейте түсу үшін тұлғаның шығармашылық әлеуетін

іске қосатын, танымдық үрдіске жетекшілік ететін ғылыми негізделген әдістерді жасау және енгізу қажет.

Оқыту жылдамдығын артыру үшін оқу материалының мазмұны мен оқыту әдістерін жетілдіру қажет. Мазмұнды жетілдіру үшін:

– оқу материалын жаңаша таңдап іріктеу, яғни оқулықтың негізі, базалық бөлімі мен негізгі емес, қосымша ақпараттық бөлімін айқындап алу және орналастыру. Соған сәйкес негізгі және қосымша әдебиеттер қарастырылуы керек.

4-кесте. Педагогикалық технологиялардың жіктемесі (Г.К. Селевко бойынша)

<i>Педагогикалық технологиялардың топтары</i>	<i>Авторлық технологиялар</i>
Педагогикалық үдерістің жеке тұлғалық бағыттылығы негізіндегі технологиялар	Ынтымақтастық педагогикасы: Ш.А. Амонашвилидің гуманды-тұлғалық технологиясы. Е.Н. Ильинаның жүйесі: әдебиетті адамды қалыптастырушы пән ретінде оқыту
Білім алушының іс-әрекетін белсендіру және жеделдету негізіндегі педагогикалық технологиялар	Ойын технологиясы: – проблемалы оқыту технологиясы; – шетел тіліндегі мәдениетке коммуникативтік оқыту технологиясы (Е.И. Пассов); – оқу материалының кестелік және белгілік моделдері негізінде жеделдетіп оқыту технологиясы (В.Ф. Шаталов); – модульдік оқыту технологиясы (П.А. Юцявичене).
Оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технологиялар	С.Н.Лысенкованың технологиясы: түсінік бере отырып басқару барысында тірек кестелерін пайдаланып перспективалы – оза оқыту; – оқытудың мәдениет тәрбиелеуші техдеңгейлік дифференциациялау технологиясы; – міндетті нәтижелер негізінде деңгейлік

	дифференциациялау (В.В. Фирсов); — балалардың қызығушылығы бойынша сараланологиясы (И.Н. Закатова); — оқытуды жекелендіру технологиясы (Инге Унт, А.С. Границкая, В.Д. Шадриков); — бағдарламалап оқыту технологиясы; — ұжымдық оқыту амалы (А.Г. Ривин, В.К. Дьяченко); — топтық оқыту технологиялары; — компьютерлік оқыту (жаңа ақпараттық) технологиясы.
Оқу материалын дидактикалық жетілдіру және қайта құру негізіндегі педагогикалық технологиялар	— «Экология және диалектика» (Л.В. Тарасов); — «Мәдениеттер диалогі» (В.С. Библер, С.Ю. Курганов); — дидактикалық бірліктерді ірілендіру (П.М. Эрдниев); — ақыл-ой деңгейлік дифференциациялау ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясының жүзеге асырылуы (М.Б. Волович).
Жеке пәндік педагогикалық технологиялар	— сауат ашуды ертерек және жеделдетіп оқыту технологиясы (Н.А. Зайцев); — бастауыш мектепте жалпы оқу іскерліктерін жетілдіру технологиясы (В.Н. Зайцев); — есептер шығару негізінде математикаға оқыту технологиясы (Р.Г. Хазанкин); — тиімді сабақтар жүйесі негізіндегі педагогикалық технология (А.А. Окунев); — физиканы кезеңдеп оқыту жүйесі (Н.Н. Палтышев).

Баламалы технологиялар	– Вальдорф педагогикасы (Р. Штейнер); – еркін еңбек технологиясы (С. Френе); – ықтималды білім технологиясы (А.М. Лобок); – шеберханалар технологиясы.
Дамыта оқыту технологиясы	– Л.В. Занковтың дамыта оқыту жүйесі; – Д.Б.Эльконин – В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы; – жеке тұлғаның шығармашылық сапаларын дамыту бағыттылығындағы дамыта оқыту жүйесі (И.П.Волков, Г.С. Альтшуллер, И.П. Иванов); – тұлғалы-бағдарлы дамыта оқыту (И.С. Якиманская); – өзін - өзі дамытушы оқу технологиясы (Г.К. Селевко).
Авторлық мектептер технологиясы	– бейімделуші педагогика мектебі (Е.А. Ямбург, Б.А. Бройде); – «Орыс мектебі» моделі; – өзін-өзі анықтау мектебі (А.Н. Тубельский); – мектеп - парк (М.А. Балабан); – агромектеп (А.А. Католиков); – ертеңгі күн мектебі (Д. Ховард).

– оқу материалын уақыт параметріне сәйкес бөлген кезде, жаңа материалды сабақтың бас кезінде – білім алушылардың зейінінің барынша белсенді кезеңіне лайықтап беру;

– аудиториялық сабақтарды курстың бас кезінде басымырақ қойып, өз бетімен жұмыс жасаған кезде білім алушыларға тірек боларлық білім қорын жақсарту;

– бұрынғы берілген және жаңа ақпараттардың логикалық бірізділігін қамтамасыз ету;

– қарқынды оқыту үрдісі жеке психологиялық және ұжымдық;

– психологиялық факторлардың үйлесімді қарым-қатынасына негізделген.

Топтық оқыту технологиясы. Теориялық зерттеулерде де, практикалық тәжірибеде де көрсетіп отырғанындай, оқу іс-әрекетінің пәні, қарым-қатынас құралы болған кезде алынған білімдер неғұрлым биік болады. Бұл кезде, яғни, топтық оқыту кезінде оқыту үрдісінде білім алушылардың арасында талқыланып отырған мәселеге байланысты қарым-қатынас туындайды: «субъект (білім алушылар) – объект (пән) – субъект (білім алушылар)». Топтық оқытудың тиімді ойластырылған әдістері, әсіресе, шетел тілдерін үйретуде өте тиімді. Толық жеделдете оқытуда әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына игі әсер ететін оқу ұжымы пайда болады.

Оқу үдерісінде тұлғааралық іс-әрекет әлеуметтік ынталандыруды қозғау арқылы мотивацияны күшейтеді: жеке жауапкершілік сезімі пайда болып, білім алушының жеткен жетістіктері көпшілік алдында өз-өзіне деген сенімін арттыруына, ұжымда өз позициясын орнықтыруына ықпал етеді.

Іскерлік ойын технологиясы. Іскерлік ойындар дегеніміз болашақ маманның кәсіби қызметінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын, сол қызметке тән қарым - қатынас жүйесін модельдеу, елестету.

Адам тәжірибесінде ойын іс-әрекеттілігі мынадай қызметтерді орындайды:

- көңіл көтеруші: (бұл ойынның негізгі қызметі – шаттану, ләззат алу, қызығушылықты ояту);
- коммуникативтік: қарым-қатынас диалектикасын меңгеру;
- ойын-терапевтикалық: өмір іс-әрекеттілігінің басқа түрлерінде пайда болған әртүрлі қиыншылықтарды жеңіп шығу; диагностикалық: өзін-өзі тану ойын үрдісінде (ережеге сай мінез-құлық ауытқушылықтарының пайда болуы);
- коррекция қызметі: тұлғаның құрылымдық көрсеткіштерінің оң өзгерісіне үлес қосу; ұлтаралық коммуникация қызметі бойынша: барлық адамдарға ортақ әлеуметтік-мәдени құндылықтарды меңгеру;

– әлеуметтендіруші: адамдардың қоғамдасып өмір сүру нормасын меңгеруін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде бекіту.

Ойындардың көпшілігінде өздеріне сай мынадай 4 басты қырлары болады:

– тек еркін дамушы іс-әрекеттік нәтижесіне немесе іс-әрекеттік үрдісінің қамы үшін ғана емес, баланың тілегіне байланысты қабылданады (процедуралық қанағаттану);

– шығармалық, белгілі деңгейдегі өте белсенді импровизациялық (шығармашылық «жолы») іс-әрекет;

– эмоционалдық көтеріңкілік, қарсыластық, бәсекелестік, атракция, т.б. (ойынның табиғи сезімділігі, «эмоциялық кернеу»);

– тікелей немесе жанама ережелердің бар болуы, ойындағы мазмұнды ашу.

Ойынның құрылымына оның үдерісі ретінде жатқызылады.

а) ойнаушының өзіне алған рөлі;

ә) осы рөлдердің іске асырылуындағы қосалқы ойын іс-әрекеті;

б) пәндерді ойын түрінде пайдалану;

в) ойыншылар арасындағы шынайы қарым - қатынас;

г) сюжет-ойындағы «шындық аумағы»;

Іскерлік ойындарды дайындау барысында төмендегідей психологиялық-педагогикалық принциптерді жүзеге асыру қажет:

– өндірістің нақты жағдайлары мен динамикасын, кәсіби қызмет, іс - әрекет мазмұнын имитациялық модельдеу принципі;

– білім алушыларға, кейбір қиындықтар мен ойлау қайшылықтарын тудыратын, тапсырмалық ойындар жүйесі арқылы берілген кәсіби қызметке тән проблемалық ахуалдарды жасау принципі;

– оқу тапсырмаларын шешуде, келісімде, шешімдерді дайындауда және қабылдауда серіктестердің іс-әрекеттік және диалогтық қарым-қатынастарының шешуші рөл атқару принципі;

– оқу ойын іс-әрекетінің екі мақсаттылығы принципі.

Оқытудың ойын түрлері білімді игерудің барлық деңгейлерін пайдалануға мүмкіндік береді: өңдеуден-қайта жасауға, одан әрі негізгі мақсат-шығармашылық-ізденімпаздық қызметіне дейін. Бұл сатыдан өте келе, білім алушы оқудың әдіс-тәсілдерін игере алады.

Ойынды қолдана отырып оқыту технологиясының мақсаты – білім алушыны өз оқуының мотивін, өмір мен ойын жағдайындағы өз мінез-құлқын түсінуіне, яғни өзіндік іс-әрекеттің мақсаты мен бағдарламасын қалыптастырып, оның жақын болашақтағы нәтижелерін алдын-ала болжай білуге үйрету.

Ойынның функциясы өте көп: дидактикалық, танымдық, оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелеушілік, т.б.

«Дидактикалық ойындар» термині дидактика бөліміне мақсатты түрде кіргізілетін ойындардың барлығына тән. Баланың танымдық белсенділігін, әлеуетін дамытатын ойындардың бірнеше тобы бар.

1-топ. Заттық ойындар – ойыншықтар мен заттар арқылы жүзеге асырылады. Ойыншықтар мен заттар арқылы балалар түрді, түсті, көлемді, материалды, адамдар мен жануарлар әлемін, олардың арасындағы қарым-қатынастарды зерттеп таниды.

2-топ. Шығармашылық, сюжеттік рөлдік ойындар. Мұнда сюжет- интеллектуалдық іс-әрекет формасы.

Саяхат ойындары. Бұған кітаптар, карталар, құжаттар бойынша жасалатын географиялық, тарихи, өлкетанушылық, ізшілік, т.б. саяхаттар жатады. Білім алушылар ойша геолог, зоолог, экономист, топограф, т.б. рөлдерді атқарады, күнделіктер жүргізеді, хаттар жазады, танымдық материалдар жинақтайды. Бұл ойындардың білім алушылардың шығармашылық қиялын дамытудағы маңызы зор.

3-топ. Дайын ережелері бар ойындар. Бұл ойындар, әдетте, білім алушыдан жұмбақты шеше білуді, тарқата білуді, болжай білуді, ең бастысы – пәнді білуді талап етеді.

4-топ. Еңбек, техникалық, құрылымдық, құрылыс ойындар. Бұл ойындар ерекшеліктердің кәсіби қызметтерін бейнелейді. Бұл

ойындардың барысында білім алушылар өз жұмысын жоспарлауға, керекті материалдарды жинақтауға, өзінің және басқалардың жұмысын сын көзбен қарауға, шығармашылық міндеттерді тез және дұрыс шеше білуге үйренеді. Еңбек белсенділігі таным белсенділігімен ұштасады.

5-топ. Психикалық санасына әсер етуге негізделген жаттығу ойындары, тренингтер. Өзара жарысқа негізделген бұл ойындар, ойнаушы балаларға салыстырмалы түрде, өздерінің дайындық, жаттығу деңгейін аңғарып, одан әрі жетілдіру жолдарын көрсетеді.

Ең жақсы деген ойындар өз бетімен оқуға негізделген. Олар білім алушыларды біліммен, біліктермен және дағдылармен қарулануға бағыттайды. Оқытудың негізгі екі компоненттен тұратыны белгілі: керекті ақпаратты жинау және дұрыс шешім қабылдау. Бұл жерде психологиялық сипаттағы дамушы ойындарды атап кеткен жөн: кроссвордтар, сұрақ-жауап, сөзжұмбақ, криптограммалар, т.б.

Дидактикалық ойындардың нәтижелілігі, біріншіден, оларды қолданудың жүйелілігіне; екіншіден, ойын бағдарламаларының мақсаттылығына тығыз байланысты.

Іскерлік ойынның жүргізілу технологиясы (М. Валиеваның құрастыруы бойынша):

1. Дайындық кезеңі – ойынды дайындау, сценарийін дайындау, жоспар құру, жалпы сипаттау, мазмұнын меңгеру, материалмен қамтамасыз ету.

2. Ойынға кіріспе – проблемалық мақсат қою, шарттарын білу, топ құру, рөлдерді бөлісу, регламент белгілеу, жалпы түсінік беру, тиісті кеңес беру.

3. Ойынды жүргізу кезеңі – топтық жұмыс, әдебиеттермен жұмыс, тренинг, ойлану, ойыншылармен жұмыс, топ аралық жұмыс, пікірталас, топтардың жұмысты баяндауы, нәтижені қорғауы, пікірталас туғызу.

Талдау және қорытындылау кезеңі – ойынға қорытынды жасау, талдау, рефлекс, баға және өзіндік баға, ұсыныстар беру.

4.3. Кәсіптік білім берудегі технологиялық және коммуникативтік технологиялар

Соңғы жылдары «компьютерлік технологиялар» деген ұғым «ақпараттық технологиялар» терминімен алмастырылуда. Бүкіл ақпараттық технологиялар компьютерлік оқытумен байланысты. Қазіргі күннің қажеттілігі – қарқынды күшейте (интенсивті) оқытудың ашық жүйелерін жасау және қолдану. Бұл жүйелер студентке, өзіне тиімді оқыту технологиясын таңдап алуына және жеке даму бағдарламасын құруына мүмкіндік береді. Бірақ, қарқынды күшейте оқытудың ашық жүйелерін синтездеуді іске асыру төмендегідей шарттарды орындағанда ғана мүмкін болады:

- оқыту үдерісі жүргізілетін ортаның сипаттарын жан-жақты есепке алумен, педагогикалық ортаның мазмұндық сипаты білім алушылардың білім, білік, дағдылармен, танымдық және мәдени әлеуетімен, оқуды және өздігінен жұмыс ұйымдастыруының әдістерімен, формаларымен анықталады.

- білім алушылар жеке тұлғасына қатысты оқыту үрдісінің бейімделу принциптерінің ұсталуы, бұл принцип практикада білім алушылардың пәнді игеруінің тармақталған бағдарламасын жасауы арқылы іске асады;

- білім алушылардың жалпы ғаламдық және арнаулы білімді қысқаша түрде, базалық білім берілген пәннің «логикалық құрылымын» жобалау арқылы жеке игеруін жылдамдату принципі.

Пәннің жалпылама логикалық құрылымын жобалау алгоритмі төмендегі процедуралардан (рәсімдерден) тұрады: мазмұнды бөлек элементтер жүйесі түрінде елестету, қарастыру. Базалық білімді бөліп қарастыру үшін элементтердің өзара байланысының матрицасын жобалау. Базалық білімді неғұрлым жалпы ұғым мен олардың арасындағы жүйелік байланыстарды анықтау үшін қайта жинақтау. Жалпы әдіс – құралдармен шешілетін жеке тапсырмалар жүйесін жасау.

Ақпараттық технологиялар – ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың әдістері мен құралдары екендігі белгілі. Ақпараттық технологияларды

білім беру ісінде пайдаланудың мақсаты мен процесіне қатысушылардың дер кезінде тиянақты білім алуын қамтамасыз ету, оқытудың жоспарланған сапасына қол жеткізу болып табылады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

- әрбір адамның өздігінен білім алуының меншікті траекториясын қамтамасыз етеін білім берудің ашық жүйесін құрайды;

- ақпаратпен жұмыс істей алу білігін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін дамытады;

- таным үрдісін ұйымдастыруды оны жүйелі ойлау жағына жылжыту жолымен түбегейлі өзгертеді;

- жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды;

- білім беруді ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етеді.

Осы орайда, білім беру ісіне қашықтықтан оқыту технологиясы ендірілуде.

Педагогикалық сөздікте «қашықтықтан оқыту» білім беру орталығынан қашық тұратын білім алушылардың оқу - танымдық іс-әрекетіне мақсатты бағыттылықпен және әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырылған жетекшілік ету технологиясы деген анықтама берілген.

Қашықтықтан оқытудың негізгі технологиялық тірегі– ақпараттық және компьютерлік телекоммуникация жүйесі (КТКЖ). Қашықтықтан оқыту жүйесін ұйымдастыруда түрлі әдістер қолданылады. Олар негізінен оқытудың мәні-мәтінінен (мақсаты, контингенті, шарт-жағдайлары, т.б.) анықталатын оқу материалдарын және әдістемелік тәсілдерін жеткізудің алуан түрлі амалдарын пайдалануға байланысты ерекшеленеді. Сондықтан, қашықтықтан оқыту жүйесін құрудың нұсқаларын анықтау үшін нақты жағдайға лайықты жүйенің құрылысын (әдістемелік, ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуі,

бағдарламалық және ақпараттық қамтамасыз етілуі анықтайтын жіктеме болуы тиіс.

Ондай жіктеме жасау үшін келесі өлшемдер жиынтығы негіз бола алады:

1. Білім берудің мақсаттылық деңгейі – жоғары білім, қосымша білім (біліктілікті жоғарылату), кәсіби даярлық (қайта даярлау), куәлік талап етпейтін білім салалары бойынша оқыту (жеке мүддесіне сәйкес).

2. Білім алушылардың категориясы – балалар, жоғары оқу орны, колледж білім алушылары, ересектер, жұмыссыздар (жаңа мамандық алуға немесе бұрынғысын өзгертуге ниет білдірушілер), мүгедектер.

3. Қашықтықтан оқыту жүйесін оқыту үрдісінде қолдану – дәстүрлі оқыту амалдарын толығымен ауыстыру (оқыту үрдісі қашықтықтан жүзеге асырылады, оқытушы мен білім алушылар кездеспейді, тек бітіру емтихандарында, диплом жұмысын қорғауда ғана бетпе-бет кездеседі), дәстүрлі оқыту амалдарына қосымшалар енгізу.

4. Оқытуды ұйымдастыру әдістері – жеке, топтық, аралас. Қашықтықтан оқыту оқытудың басқа да түрлерімен біліктірілуі мүмкін (күндізгі және қашықтықтан оқыту, сырттай және қашықтықтан оқыту, кешкі және қашықтықтан оқыту, экстернат және қашықтықтан оқыту).

5. Зерттелетін пәндік сала – гуманитарлық ғылым және пәндер, жаратылыстану ғылымдары және пәндері, инженерлік білім, кәсіби дағдылар.

6. Ақпарат алмасу жүйесі – желілік технология, кейс – технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту, ТВ – технологиялар негізінде қашықтан оқыту.

7. Ақпаратты тасымалдау түрлері – білім беру интернет порталы, телекоммуникациялық желі, оқу-мультимедиа контенті, software (бағдарламалық, электрондық баспалары).

8. Бейімделгіштік (зияткерлік) – қашықтықтан оқытудың бейімделгіш жүйелері әрбір білім алушыға бағдарланған және

оқыту үрдісінде оқу материалдарын түсіну деңгейлеріне қарай бейімделген.

Шетелдік және отандық білім беру мекемелерінің іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлі нұсқаларын қарастыра келе, қашықтықтан оқытудың келесі модельдерін айқындауға болады:

Кеңес беруші модель. Оның айырмашылығы, білім алушылар дәріс тыңдайтын өзге білім алушылармен, оқытушылармен кездесіп, өздеріне қажетті түсініктемелер алады және бұған дейінгі орындалған жұмыстарына берілген бағалау нәтижелерімен таныстатын кеңес беру орталықтарына үнемі қатысып отырады. Оқу үрдісін кеңес беру орталық тьюторлары қадағалайды. Аталған модельдің жүзеге асырылуы үшін қажетті шарттар:

- білім алушылардың кеңес беру орталығына үнемі келіп жүруіне уақытының және қаржысының жеткілікті болуы;
- орталықта тьюторлардың болуы;
- білім алушылар тобының қалыптастырылуы;
- білім алу жетістігі мотивацияларға тәуелді;
- оқу пәндерінің материалдары ретінде интерактивті кеңес жатады (чат, форум арқылы).

Корреспонденция (хат алмасу моделі). Бұл моделдің негізін оқытушылар мен білім алушылардың оқу материалдарымен, үй тапсырмаларымен, емтихандық тестілеу тапсырмалары, емтиханға арналған сұрақтар, билеттер, емтихандық бақылау жұмыстары және оның нәтижелерімен тікелей бетпе-бет байланыспай-ақ пошта арқылы немесе үздіксіз хабар алмасуы құрайды. Мәлімет алмасу пошта арқылы ғана емес, телефон, факс, компьютер жүйесі арқылы да жүзеге асырылады.

Модельдің жүзеге асырылуы үшін қажетті шарттар:

- сенімді байланыс жүйесі (бақылау және аттестаттау жұмыстарына арналған пікірлер, телефон, e-mail чат, форум бойынша);
- білім алушылардың жұмысына жылдам әрі біліктілікті баға беруге қабілетті оқытушылардың болуы;

- білім алушылар мен оқытушылар арасындағы ақпарат алмасу мерзімі екі аптадан кем болмауы тиіс;
- қашықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялардың қолданылуы;
- консультациялық модельдегі сияқты асинхронды модель жеке кездесулермен, жекелеген дәрістер тезистерімен толықтырыла алады.

Асинхронды құралдар хабар алмасу жағымен тұрақты байланыстың болуын талап етпейді. Ондай құралдарға автоматты түрде жан-жаққа жіберу негізіндегі e-mail (mail-listis), Bulletin Board System (BBS) хабарландыру тақталары, FidoNet «жаңғырық» типіндегі offline-конференциялар жатады.

Синхронды құралдарды пайдалану хабарласатын жақтың бір мезетте келісілетін әрекетін шамалайды. Қарастырылып отырған online – құралдары интернет жүйесіндегі қызметтерді пайдаланады. Интернет жүйесін қолданушылар арасында ICQ және NetMeeting сияқты қатынас құралдары кең тараған.

Реттелетін өздік оқу моделіне білім алушылардың анағұрлым мол өзектілігі, яғни оқудың мерзімі мен орнын, оқу үшін жұмсалатын уақыт көлемділігін, оқу курсы мен емтихан мерзімін өз еркімен таңдауы тән. Оқыту тапсырмалары мен сұрақтары мұқият құрастырылған материалдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Кейс-технологиялар моделі. Білім алушылар қабылдау емтихандарынан кейін оқу материалдарының (кейс, кешендер) жиынтығын алады. Оқытушы-кеңесшілермен (консультанттармен) қатынас осы мақсатта құрылған оқу орталықтарында жүзеге асырылады. Осы топқа дәстүрлі сырттай оқу технологиясын жатқызуға болады. Әр пән бойынша бағыт беруші дәрістерде тьютор оқу-әдістемелік құралдарымен қалай жұмыс жасау керектігін, пәнді зерделеуде неге назар аудару керектігін түсіндіреді, сонымен қатар, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде нұсқаулар береді.

Кейс-технология моделінің дәстүрлі сырттай оқу кестесімен ұқсастықтары болғанымен, айрықша ерекшелігі оқу

құралдарының арнайы кешендері өңделіп пайдаланылуында және сабақтарға қатысудағы уақыт еркіндігінде.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру формаларын қарастыралық.

Қашықтықтан оқыту дәрістері есту және көру кассеталарында, CD-ROM дискілерінде жазылады. Жаңа ақпараттық құралдарын (гипермәтін, мультимедиа, т.б) қолдану дәріс тезистерін мәнерлі әрі көрнекті етеді.

Қашықтықтан оқыту семинарлары оқытуды ұйымдастырудың белсенді формасы. Ол дискуссияға оның дамуының кезкелген нүктесінде кіруге мүмкіндік береді. Оқытушы дискуссияға қатысушылардың белсенділік дәрежесіне қарай материалды қаншалықты меңгергендігіне баға бере алады.

Жоғарыда сипаттама берілген технологиялардың қатарында «жобалау әдісі» технологиясы кәсіптік білім беру педагогтарының арасында үлкен қызығушылық танытуда.

Жобалау әдісі XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап АҚШ-та кеңінен өріс ала бастады. Оның бастауы философ әрі педагог Дж.Дьюдің және оның шәкірті В.Х. Килпатриктің философия мен білім берудегі гуманистік бағыттылық идеяларымен байланысты. Оның басты мақсаты білім алушының осы білімді алуға деген жеке тұлғалық мүдделілігімен сәйкестенетін мақсатқа лайықты іс-әрекет арқылы белсенді түрде оқыту. Бүгінгі таңда жобалау әдісі Ұлыбританияда, Бельгияда, Израильде, Финляндияда, Германияда, Италияда, Бразилияда, Нидерланд және басқа да көптеген елдерде кеңінен тараған.

Жобалау әдісін қолдануға қойылатын талаптар:

1. Шешімін іздестіруге қажетті кіріктірілген білімді талап ететін зерттеушілік шығармашылық бағыттағы маңызы бар проблеманың болуы (мәселен, әлемнің түрлі аймақтарындағы демографиялық проблемаларды зерттеу, т.б).

2. Алынатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы (мәселен, белгілі бір аймақтағы демографиялық жағдай, оған ықпал ететін факторлар,

проблеманың дамуын байқататын ағымдар қажетіне сәйкес көрсетілетін қызметтің баяндамасы; жоба туралы бірігіп шығарылатын газет, оқиға болған жерден репортаж, альманах шығару).

3. Білім алушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) іс-әрекеттері.

4. Жобаның мазмұндық бөлігін құру (кезеңдер бойынша нәтижелер көрсетілген).

Жоба әдістерінің типтерін анықтауда оның келесі белгілері анықталған:

1. Жоба мазмұнында зерттеушілік, ізденіс, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы (практикалық бағдарланған) және т.б.

2. Пәндік-мазмұндық саласы: моножоба (білімнің бір саласының аясында); пәнаралық жоба.

3. Жобаның үйлестірілу сипаты: тікелей (қатаң, иілгіш), жабық (анық емес, жобаға қатысушыға ұқсатылатын).

4. 5. Жобаға қатысушылардың саны.

5. Жобаның орындалу мерзімінің ұзақтығы.

Бірінші белгіге сәйкес жобалардың типтері.

Зерттеушілік. Мұндай жобалар жақсы ойластырылған құрылымды, мақсаттарды, барлық қатысушылар үшін зерттеу пәнінің көкейкестілігінің, әлеуметтік маңыздылығының, соған сәйкес әдістердің, соның ішінде эксперименттік және тәжірибелік жұмыстардың, нәтижелерді өңдеуден өткізу әдістерінің анықталуын талап етеді. Бұл жобалар нақты зерттеулерге толығымен сәйкес келетін немесе оған жақындау зерттеу логикасы мен құрылымына бағынады.

Шығармашылық. Шығармашылық жоба нәтижелерінің талапқа сай рәсімделуін шамалайды. Жоспарланатын нәтижелерді көрсету арқылы газет шығару, шығарма жазу, бейнефильм түсіру, мереке немесе экспедиция ұйымдастыру, т.б. формасында алдын-ала келісіледі.

Рөлдік, ойын түріндегі жобалар. Мұндай жобаларда оның құрылымы алдын-ала белгіленіп қояды да жұмыстың соңына дейін ашық қалдырылады. Оған қатысушылар жобаның

сипатымен және мазмұнымен себептелінетін белгілі бір рөлдерді қабылдайды. Олар әдеби кейіпкерлер немесе әлеуметтік, іскерлік қатынастарды бейнелейтін ойдан шығарылған кейіпкерлер болуы мүмкін. Осы жоба нәтижелері олардың орындалуының алдында белгіленеді, болмаса ең соңында ғана көрініс ала алады.

Практикалық-бағдарланған (қолданбалы) жобалар. Бұл жобалардың ерекшелігі оған қатысушылар іс-әрекеттерінің нәтижесі әуел бастан нақты анықталатындығында. Сонымен қатар, бұл нәтижелер міндетті түрде қатысушылардың өздерінің әлеуметтік мүдделеріне бағдарлануы тиістілігі (мәселен биология, химия, кәсіптік білім, әдебиет салалары бойынша зерттеу нәтижелері негізінде жасалатын құжат; табиғаттағы, өндірістегі, қоғамдағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған іс-әрекет бағдарламалары, ұсыныстар; заң жобалары, анықтамалық материалдар, сөздіктер, шеберханалар, жобасы, т.б.).

Мұндай жоба жан-жақты ойластырылған құрылымды, тіпті оны былай қойғанда, оған қатысушылардың әрқайсысының қызметтері анықталған, бүткіл іс-әрекеттерінің сценарийін, нақты тұжырымдарды, яғни жобалық іс-әрекет нәтижелерінің рәсімделуінің және соңғы өнімнің рәсімделуіне барлығының қатысуын көздейді.

Екінші белгіге сәйкес жобалардың типтері

Моножобалар. Әдетте, мұндай жобалар бір пәннің шеңберінде жүргізіледі. Осы орайда, сабақтар топтамасының барысында меңгертілетін ең күрделі бөлім немесе тақырып таңдалады. Моножобамен жұмыс барысында мәселенің шешімін іздестіруде білімі алушылардың шамамен қабылдауға тиісті білім мен іскерліктерінің мақсаттары, міндеттері нақты айқындалып, сабақ бойынша мұқият ойластырылған құрылымын талап етеді.

Пәнаралық жобалар. Олар әдетте сабақтан тыс уақытта орындалады. Олар жобаға қатысушылардың барлығы үшін маңызды болатын қайсыбір жеткілікті деңгейдегі күрделі мәселенің шешімін іздестіруді жоспарлайтын бір-екі пәнге қатысты, көлемді, ұзаққа созылатын, жалпы мектепішілік кішігірім жобалар. Оған қоса, осы іспеттес жобаларды орындау

мамандар жағынан өте жоғары біліктілікті, нақты айқындалған зерттеу міндеттері қойылған, аралық және қорытынды презентациялардың формалары белгіленген көптеген шығармашылық топтардың үйлесімді жұмыс істеуін талап етеді.

Жобамен жұмыс кезеңдері. Жобамен жұмыс жүргізу ізденіс, құрастыру, технологиялық, қорытынды кезеңдері арқылы жүзеге асырылады.

1 Ізденіс кезеңі.

- 1.1 Мәселені анықтау және талдау.
- 1.2 Жобаның тақырыбын таңдау.
- 1.3 Жобалық іс-әрекеттерді кезеңдер бойынша жоспарлау.
- 1.4 Жобаның тақырыбы бойынша мәліметтерді жинау, зерттеу, өңдеу.

2 Құрастыру кезеңі.

- 2.1 Жоба міндеттерінің тиімді шешімін іздестіру.
- 2.2 Құрастыру нұсқаларын іздестіру.
- 2.3 Орындау технологиясын таңдау.
- 2.4 Экономикалық баға беру.
- 2.5 Сараптама жүргізу.
- 2.6 Құрастыру және технологиялық құжаттарын дайындау.

3 Технологиялық кезең.

- 3.1 Жобаны практика жүзінде іске асыру жоспарын құру.
- 3.2 Жоспарланған технологиялық операцияларды орындау.
- 3.3 Сапаның ағымдағы тексерілуі.
- 3.4 Технологияның құрылымына қажетті өзгерістер енгізу.

Қорытынды кезең.

- 4.1 Жобаның орындалу сапасына баға беру.
- 4.2 Жоба нәтижелерінің орындалуына талдау жасау.
- 4.3 Жоба нәтижелерін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу (көрме, жобалар банкіне ұсыну, жарияланымдар, т.б.).

«Жобалау әдісінің» негізін білім алушылардың танымдық іскерліктерін, өзінің білімін өз бетінше жетілдіру және ақпараттық кеңістікте бағдар ала алу іскерліктерін, сонымен бірге, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту сияқты сапалары құрайды. Жобада жеке, жұппен, топпен өз бетімен іс-әрекет етуіне

бағдарланған. Аталған әдіс оқытудағы топтық тұрғыдан (cooperative learning) табиғи түрде үйлесе келе, қандай да бір мәселенің шешімін іздестіруді қарастырады. Ал мәселенің шешімін іздестіру өз кезегінде, бір жағынан, оқытудың сан алуан әдістері мен құралдарының жиынтығын пайдалануды, екінші жағынан, ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың түрлі ағымдарынан білімнің және іскерліктердің кіріктірілуін талап етеді. Орындалған жобалардың нәтижесі «көзге көрінетін» болуы тиіс: егер теориялық мәселе болса, онда нақты шешімі, ал егер практикалық болса, ендірілуге дайын нақты нәтижесі болуы тиіс.

Ғалымдардың пайымдауынша: «Егер, жобалау әдісін педагогикалық технология ретінде қарастырсақ, онда бұл технология өзінің мәнінде, зерттеушілік, ізденушілік, мәселелік, шығармашылық әдістердің жиынтығынан құралады».

4.4 Кәсіптік білім берудегі модульдік және тұлғаға бағдарлы технологиялар

Мектепте де, жоғары оқу орнында да сапалы оқу бағытын айқындайтын жаңа жолдардың бірі – пәндерді модульдік технология арқылы оқыту екендігі теориялық және практикалық жағынан дәлелденуде. Бұл мәселені ғалымдар Дж. Рассель, П. Юцявичене, Р. Бекирова, Г. Лаврентьева, М. Жанпейісова, К. Жақсылықова, Е.Тұяқов, т.б. дәлелдеп келеді.

Модуль ұғымының этимологиялық мәні білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады. Білімді, яғни оқу материалын дидактикалық мақсатқа сай әртүрлі қалыпта (ақпарат блогы, пакет, түйіндер жүйесі, алгоритм, бағдарлама) ұсынуға болады. Модульмен оқыту – толық немесе жекелей түрде модульге негізделген оқыту. Модуль – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы, яғни аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульмен оқытудың негізгі құралы.

Модульдік оқытудың құрамында дидактикалық мақсат таксономиясының жіктелуі деңгейіне қарай (кешенді, кіріктірілген дербес) және түрі жағынан (танымдылық және операциялық) жүйелеуді ұсынады.

Модульдің көптеген анықтамаларына қарамастан, олардың барлығын үш түрлі бағытта топтастырып, жүйелеуге болады:

- модуль – біліктілік мінездемесінің талаптарына жауап беріп, мамандық бойынша оқу пәндерінің жиынтығын ұсынатын мемлекеттік білім беру стандарт бірлігінің үлгісі;
- модуль – пәнаралық әдістемелік-ұйымдастыру құрылымы болып, әртүрлі оқу пәндерінің тақырыптық жиынтығы ретінде бір мамандықты меңгеруді және оқу үрдісінде пәнаралық қатынасты қамтамасыз етеді;
- модуль – бір ғана оқу пәні шеңберіндегі ұйымдастыру-әдістемелік құрылымының бірлігі.

Оқыту мазмұнын таңдап алғаннан кейін сол мазмұнды жүйелеу мәселесі туындайды. Әсіресе, бұл оқу мазмұнын дербес модульдерге жіктеудегі модульдік оқытуға байланысты.

Модульдік оқытудың дидактикалық жүйесі басқа да дидактикалық жүйелер сияқты оқытудың мақсаттарына сай жалпы-дидактикалық ұстанымдар мен негіздеріне сүйеніп, оқу материалдарын құрылымдауды меңзейді. Даралық модульдердің мазмұны оқыту мазмұнын құрылымдау ұстанымдарын сақтай отырып жасалады және жинақы, әрі көрнекілік түрінде беріліп, дидактикалық материалдармен, білгірлік және қолданбалы міндеттермен қамтамасыз етілуі керек. Модульдік оқытудың кәсіби білім беру жүйесінде модульдік бағдарламалардың операциялық түрі кәсіби икемділікті қалыптастыруға бағытталған.

Оқытушының алдын ала атқаратын жұмысы төмендегідей әрекет-қадамдардан тұрады:

1-қадам: Берілген тарау, блок немесе тақырып бойынша бағдарламада меңгерілуі тиіс деп көрсетілген міндетті білім, білік және дағдыларды, сондай-ақ оқыту мақсаттары мен міндеттерін айқындау.

2-қадам: Берілген модуль бойынша негізгі мағынаны білдіретін түйінді ұғымдарды, тақырып бойынша негізгі ақпарат беретін рельефтік (код сияқты) сөздерді табу. Олардың өзара байланысы мен өзара бағыныштылығын анықтау.

3-қадам: Тұтас тақырып бойынша тірек сызбаларын құрастыру (анықталған түйінді ұғымдар мен «кодтар» негізінде).

4-қадам: Оқу модулінің тұтас мазмұны бойынша тестілік тапсырмалар құрастыру (15 – 20 тапсырма шамасында).

5-қадам: Берілген модульдегі оқу материалының тұтас мазмұны бойынша сынаққа қажетті сұрақтар мен тапсырмалар блогын құрастыру (оқу пәнінің өзіндік ерекшелігіне орай сынақты диктантпен, бақылау жұмысымен алмастыруға болады).

6-қадам: Сөйлесу бөлімін әзірлеу. Оқытудың белсенді формаларын таңдау. Оқу материалының мазмұны бойынша әрбір білім алушыға арнап бірінші күрделілік дәрежесіндегі, орташа күрделілік дәрежесіндегі тапсырмалар және оқытудың ізденушілік (зерттеушілік) элементтері бар аса күрделі дәрежедегі тапсырмалар әзірленеді.

Оқу модулінің құрылымдық бөлімдерінің әрқайсысына кеңінен тоқталып, қарастырайық.

Оқу модулінің кіріспе бөлімінде психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды (тақырыпты) оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен: *кіріспе-қызықтырушылық, операциялдық-танымдық және рефдәрістік - бағалау* кезеңдерінен тұруы тиіс (Л.М.Фридман).

Аталмыш модульде қызықтырушылық кезең кіріспе бөлімінде іске асырылады. Бұл кезеңде білім алушылар бағдарламаның осы тарауын неге және не үшін оқып – үйренулері керек, өздері нақты нені меңгеріп, үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түйсінуі қажет.

Психологтар дәлелдегендей, білімді неғұрлым тиянақты меңгеру үшін білім алушылардың мақсатты түсінуі (мақсаттың қозғаушы, қызықтырушы күш болуы) аса маңызды. Ол үшін психологтардың пікірінше, мақсат (нені білу, нені үйрену), оның

мағынасы (бұл не үшін қажет) нақты айқын белгіленіп, мақсатқа жету тәсілдері көрсетілуі керек.

Объектілердің нақты қасиеттері жайлы білімді қалыптастыруда түсіндіруді сызба және белгілік үлгілер түрінде көрініс тапқан әрекеттен бастаған тиімдірек екенін сараптама көрсетіп отыр.

Қандай да бір құбылысты тану барысында адамда оны түсіну, меңгеру сезімі пайда болуы тиіс.

Осылайша, оқу модулінің кіріспе бөлімінде мұғалім:

а) білім алушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен және мазмұнымен таныстырады;

ә) білім алушылардың осы оқу модуліндегі танымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, әсіресе бұл мақсаттар мен міндеттерді әрбір білім алушының «қабылдауына», түсінуіне ерекше көңіл бөледі;

б) тірек сызбаларға («орамаларға», белгілік үлгілерге) сүйене отырып, модульдің тұтас тақырыбы бойынша оқу материалын қысқаша (15 – 20 минут ішінде) түсіндіреді.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімі. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды (тақырыпты) тұтас оқып үйренудің екінші – операциялдық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады.

Бұл бөлімді құрастырғанда біз Л.Фридманның төмендегідей ережелерге негізделген тұжырымдамасына сүйендік:

– оқу білім алушының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызметінің жүйесі ретінде қаралады. Олар білім алушының қисынды ойлауын, қабілеттерін, көзге елестету қабілетін, жадын, шығармашылығын, т.б. дамытуға, яғни білім берудің мақсаты болып табылатын тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

– білім беруді басқару психологиялық сенімді түрі – ең алдымен, білім алушының қажеттіліктерін, қызығушылығы мен қызметін дамытуға жағдай жасау.

– білім беруді басқарудың икемді болуы тиіс, бұл тек білім алушылардың білім дәрежесінің артуына қарай мүмкін болады.

Білім алушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни басқару тұлғалық бағытталған болуы тиіс. Оқу үдерісін тұлғалық басқару дәрежесі білім алушылардың өсуіне қарай артып отыруы және оқудың жоғары сатысында жалпылама сипат алуы тиіс. Оқу үдерісін басқару білім алушылардың ішкі әлеуетіне және мүмкіндіктеріне негізделіп жүруі тиіс.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімін даярлағанда мұғалім оқу материалының негізгі мазмұнын бөліп, құрылымдайды.

Мұнда білім алушылар оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекітуі үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетінін есепке алу керек, бұл бөліктерде қысқаша, сыйымды түрде тұтас тараудың (тақырыптың) мазмұны беріледі.

Пысықтауды қажет ететін материалды мұғалім үш күрделілік деңгейінде (қарапайым, оташа дәреже, күрделі) дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын таңдайтынын әр білім алушы өзі шешеді.

Бұның бір маңызы – күрделі ізденушілік, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кез келген күрделілік деңгейіндегі бағдарламалық материал тапсырмаларын орындаған білім алушыға, яғни іс жүзінде бәріне де беруге болады.

Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда мұғалім білім алушылардың өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл бөледі.

Мұнда оқу материалының мазмұны білім алушылардың өзара сөйлесу құралы болады.

Сөйлесу бөлімін құру қағидалары. Алғашқы үш әрекет-қадам оқытушының оқу (ғылыми) материалының тұтас мазмұнын бөліп, оқу модулінің сөйлесу бөліміне орналастыруын құрайды.

Сөйлесу бөлімінің жұмысы төмендегідей негізгі қағидаларды есепке ала отырып құрылады:

- оқу материалын біртұтас беру қағидасы;
- «өсу» бағытымен оқып үйрену қағидасы (басында шағын түрде, соңынан мазмұнын біртіндеп аша отырып, көлемін арттырып, қосымша толықтырулар мен фактілер енгізу арқылы).

Бұл білім алушының оқу материалын бөлек-бөлек емес, кешенді түрде, тұтас тарау (тақырып) бойынша пысықтауын білдіреді.

Сөйлесу бөлімінің әр сабағында оқу модулінің тақырыбына «қайта оралып отыру» қағидасы (қайталаумен шатастыруға болмайды). Іс жүзінде тақырыпқа оқу материалының көлемі жағынан да, тапсырмалардың күрделілік деңгейі тұрғысынан да «өсу» бағытымен қайта оралып отыру меңгерілген білімді бекіту үшін қажет. Зерттеулер көрсеткендей, жады ақпаратты ұзақ уақыт есте ұстап, білім деңгейіне жеткізу үшін оған саналы түрде бірнеше мәрте (7 ретке дейін) қайта оралып отыру қажет. Мұндағы басты мәселе материалды қайталау емес, тақырыпқа қайта орала отырып, оны адамның алға қойған проблемаларын шешу құрал ретінде пайдалану.

Оқытушы тұлғаны дамытуға бағытталған қызметке емес, жағымды эмоциялар тудыратын сәттерге көңіл аударуы тиіс. Білім алушының оқу ісіне шын мәнінде қосылуы үшін ол оқу барысында алдына қойған міндеттерін тек түсініп қана қоймай, іштей қабылдауы тиіс, яғни, білім алушы оларды өз көңіл таразысынан өткізіп, мән беруі тиіс.

Таным үрдісін өзара сөйлесу арқылы ұйымдастыру оған қатысушы адамдардың талабы мен ниетіне, ойына, көңіл-күйіне және сезіміне едәуір күшті ықпал етеді.

Бірлесе істеген қызмет (шағын топтарда);

а) кейбір қатысушылардың алдағы міндеттерді шешу мүмкін емес деген сенімін жоюға;

ә) қорғану механизмдерінің шығармашылық процеске әсерін төмендетуге ықпал етеді.

Қабілеттерді (соның ішінде танымдық) дамытуға қол жеткізу неғұрлым демократиялы орта жағдайында жеңілірек болады;

Кейбір қатысушыларға өз қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу маңызды болса, енді біреулеріне өзіндік ойлау қызметі маңызды болып келеді.

Білім алушының өзіне қиындық туғызатын деңгейде оқыту үдерісі дамытушы болып есептеледі.

Міне, сондықтан ұсынылған оқу модулінің сөйлесу бөлімінде мұғалім әрбір білім алушыға 3 деңгейлік тапсырмалар әзірлейді. I деңгей тапсырмалары білім алушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған. II және III деңгей тапсырмалары білім алушылардың бағдарлама материалдарын мемлекеттік білім стандарты деңгейінде игеруін көздейді.

Оқытушының әрбір білім алушыға әзірлеген тапсырмалары солардың біреуін білім алушының өз қалауы бойынша тандап алуына есептелген.

Сөйлесу бөлімі сабақтарының ұйымдастырылу формаларына қарай тапсырмаларды қарточкаларға – яғни, өзінше бір «бағыттаушы парақтарға» жазуға болады, мұнда не істеу қажет, оны қалай істеу керек және қалай тексеруге болатыны (дайын жауап үлгілері бойынша бірін-бірі және өзін-өзі тексеру арқылы) нақты көрсетіледі.

Егер сабақ жеке-топтық формада өтетін болса, онда білім алушылардың әрқайсысы үш нұсқадағы тапсырмаларды алады. Олар машинкада басылған және көшірме аппараттарында көбейтілген болуы тиіс. Оқытушы бір сабаққа әртүрлі күрделілік деңгейіндегі 3 жинақ тапсырмаларын дайындап, соңынан білім алушыға олардың кез келгенін тандау мүмкіндігін беру мақсатында сыныптағы білім алушылар санына сәйкес көбейтеді.

Егер сабақ формасы – ойын (кез келген түрі) болса, онда тапсырмалар тақтаға жазылуы немесе жазбаша түрде берілуі мүмкін.

Ұжымдық және топтық жұмыс формаларында тапсырмаларды тұтас сыныпқа бірдей жоғары күрделілік деңгейінде беруге болатынын атап өту қажет.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің бірнеше ерекшеліктері бар, оларға назар аудару керек:

1. Бұл бөлімде оқыту және оқу:

- а) дамытушы болады, соған байланысты мұғалімнің білім алушылар мүддесіне бейімделуі қажет. Бұдан шығатыны: оқу үрдісін әрбір білім алушының қисынды ойлау қабілетін, ауызша және жазбаша тілін, қабілеттіліктерін, танымдық қызметке

қызығушылығын дамытуға бағыттап, жағдай туғызу керек. Жағдай туғызу дегеніміз: білім алушылардың психологиялық өзара сиымдылығын, жағымды психологиялық (жылы ниеттегі, ашық, т.б.) ортаны қамтамасыз ету;

ә) даярлаушы болады, яғни, модульдің қорытынды (бақылау) бөліміне шығуға даярлайды. Сондықтан да әр сабақта әрбір білім алушыға қойылатын барлық бағалар мен берілетін бағалаулар бақылаушы емес, ынталандырушы сипатта болады. Бағалар мен бағалауларды негізінен білім алушылардың өздері (өзіне, бір-біріне, командаға, топқа) береді.

Көріп отырсыздар, оқу модулінің бұл бөлімінде неғұрлым қолданыстағысы – бірін-бірі тексеру әдісі. Бұл жерде кейбір білім алушы тексеру үшін өзіне қиын, күрделі деңгейдегі жұмысты алып қалуы мүмкін. Әрине, мұндай жағдайда ол жұмыстың орындалуының дұрыстығын немесе бұрыстығын (дұрыс еместігін) бағалай алмайды. Міне, сондықтан мұғалімге дұрыс жауап немесе есептің шешу барысы жазылған парақтар дайындап қою қажет. Оларды білім алушылар бір-бірінің еңбек нәтижелерін тексергенде және бағалағанда пайдаланады (I деңгей тапсырмаларының жауабын, егер олар қалыптан тыс жауап болса, мұғалім өзі тексереді).

2. Репродуктивті (қайта жаңғырту) сипаттағы оқыту проблемалық, ізденушілік, зерттеушілік оқытумен ұштастырылады.

3. Негізінен білім алушылардың бір-бірімен қатынасына, өзара сөйлесуіне құрылған оқытудың белсенді формалары қолданылады.

Оқыту және дамыту – өзара күрделі қатынастағы үрдістер.

Жоғарыда атап өткеніміздей, баланың көптеген тұлғалық психикалық қасиеттері, психологтардың пікірінше, жеке өзіндік, өзін қанағаттандыратын қызметі барысында айқындалып, қалыптасады. Егер білім алушының жеке өзіндік қызметі, оның үстіне, жоғарыда айтылғандай, қиындықты жеңіп, жаңалық ашып, жақсы нәтижеге жетуінен және ең бастысы, танымдық қызметтің өзінен жағымды эмоциялар алатындай қызметі

ұйымдастырылмаса, онда оқытушының білім алушыны танымға «жетелеп енгізбек» болған әрекеті күтілген нәтиже бермейді (яғни, тұлғаны дамытпайды).

Бұл үшін оқытушы сабақта әр білім алушыға психологиялық қолдау көрсетуі, психологиялық жайлы (ыңғайлы) орта туғызуы қажет.

К.Роджерстің пікірінше, оқытушы ондай жағдайды жасай алады, тек ол үшін келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс:

1. Білім алушыларға әрқашан сенім көрсетуі;
2. Білім алушыларға оқытудың максаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесуі;
3. Білім алушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беруі;
4. Әртүрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, білім алушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға ретінде тұруы;
5. Мұғалім әрбір білім алушы үшін осындай рөлде болуы;
6. Өзінде топтың көңіл-күйін сезіну және оны қабылдау қабілетін дамытуы;
7. Топтық өзара әрекетке белсенді түрде қатысуы;
8. Топта өз сезімін ашық білдіруі;
9. Әрбір білім алушының сезімі мен көңіл толқуларын түсінуге мүмкіндік беретін эмпатиялық дәрежеге ұмтылуы;
10. Өз-өзін жақсы білуі тиіс.

Ескерту: Егер, білім алушы қандай да бір себептермен оқу модулінің сөйлесу бөліміндегі сабақтарда болмаған болса, оған осы сабақтарда қолданылған барлық деңгейдегі тапсырмалар жеке беріледі. Оны білім алушы үйінде, сабақтан тыс уақытта орындауы тиіс. Тапсырмаларды орындаған білім алушыға өзін-өзі тексеруі үшін жауап үлгілерін беруге немесе педагог өзінің, не болмаса осы топ білім алушыларының ішінен кеңесші білім алушының тексеруіне болады. Тек содан кейін ғана оқу модулінің қорытынды бөлімінің тапсырмалары беріледі, оның орындалуын педагог өз бақылауына алады.

Оқу модулін даярлау технологиясы. І кезең – педагогтің модульді даярлауы:

1. Барлық оқу материалын пысықтап, оны оқу бірліктеріне (тұтас тарауға немесе мазмұны бойынша жақын тақырыптар блогіне) бөлу.

2. Оқытудың нақты нәтижелері тізбегін құру (яғни, әрбір білім алушы нені біліп, үйренуі тиіс).

3. Модуль тақырыбын тұтас баяндаудың оңтайлы формасын ойластыру.

4. Тақырыптың негізгі түйінді ұғымдарынан тірек сызба-конспект құрастыру.

5. Білім алушылардың білім, біліктілік, дағдыларын тексеруге тестілер – диагностикалық (тексеру) және бақылау (қорытынды) жұмыстарын әзірлеу.

6. Білім, біліктілік, дағдыларды түзетуге арналған тапсырмалар дайындау.

Модульдің кіріспе бөлімінде оқу материалын баяндау формалары.

Оқу модулінің бірінші сабағындағы мұғалімнің дәрісі бірнеше нұсқада болуы мүмкін (тыңдаушылардың жасына және даярлығына қарай). Олар:

– визуалдық дәріс, мұнда тақырыптың негізгі мазмұны бейнелі түрде – сурет, сұлба, сызбалармен берілген;

– дәріс-консультация (кеңес), оқу мазмұны білім алушылардың сұранысы (сауалдары) бойынша жапсарлас пәндердің материалдарын қоса отырып, қатынас жасауы арқылы беріледі;


– дәріс – өзара сөйлесу, жалпы мазмұн дәріс барысында білім алушылардың өздері бірнеше сұрақтар тобына жауап таба отырып, қатынас жасауы арқылы беріледі;

– проблемалық дәріс мұнда бірнеше қарама-қайшы теориялық тұжырымдамалар ұсынылады.

Дәріс нақты ойластырылып, қисынды түрде, бірізділікпен, түйінін және қорытындысын шығара отырып, түсінікті әрі айқын тілмен баяндалғанда; әртүрлі көрнекілік және техникалық

құралдар пайдаланылғанда; міндетті түрде жазылып, соңында негізгі ұғымдары мен сәттерін айқындайтын қорытынды әңгімелесу жүргізілгенде ғана неғұрлым нәтижелі болады.

II кезең – мұғалімнің сөйлесу бөлімін даярлау әрекетінің құрылымы



Үш деңгейлік тапсырмаларды дайындағанда сөйлесу бөлімінде оқу материалын пысықтап, жұмыс істеу үшін Б.Блум таксономиясын ұсыну.

III («жеңілдетілген») деңгей тапсырмалары тақырыпты қарапайым білім мен түсінік деңгейінде игеруді білдіреді.

Олар шамамен мынадай түрде беріледі:

Білу	Түсіну
...атаңыз ...қай жылы болды ...қайда болды ...формуласын жазыңыз ...атап көрсетіңіз	сөйлемді аяқтаңыз... не білдіңіз... неге... сөйлемді өзгертіңіз... өзара байланысын түсіндіріңіз... өз сөздеріңізбен айтыңыз...

II деңгей (мемлекеттік білім стандартының талаптарына сай) тапсырмалары алған білімін қолдана білу және талдау деңгейінде игеруді білдіреді де, төмендегідей құрылады:

Қолдану

Қолдану мақсатын түсіндіріңіз...
 Үй есебін бірнеше тәсілмен шешіңіз...
 Осы құбылысты қандай теория түсіндіреді...
 Берілген гипотезаны тексеріңіз...
 қорытындылар

Талдау

...Құрылымы қандай
 ...топтастырыңыз
 ...салдары не
 ...салыстырыңыз
 ...себебін талдаңыз

I деңгейдегі жоғары күрделілік дәрежесіндегі («стандарттан жоғары») тапсырмалар алған білімді топтауға және бағалауға бағытталған:

Топтау

өз шешіміңізді табыңыз...
 алгоритмді ұсыныңыз...
 баламасын табыңыз...
 бөліктерден құраңыз...
 түсініктемесі қандай...
 жүйелестіріңіз...
 зерттеңіз...

Бағалау

Қисынды ойды бағалаңыз...
 Жетістіктерін айтыңыз...
 Критерийлерін көрсетіңіз...
 ...сәйкес келе ме
 ...туралы не ойлайсыз
 ...қаншалықты дұрыс
 Қорытынды жасаңыз...

III кезең – қорытынды (бақылау) бөлімі

Білім алушылар білімін әділ бағалау және оларда жоғарырақ балл алу мүмкіндігі болуы үшін бақылаудың 2-3 түрін даярлау.

Бақылау формалары

Тестілеу	Педагогтің таңдауына қарай
• толықтыруды қажет ететін тестілер • еске салушы тест • балама жауаптары бар	• сынақ • релелік сынақ • бақылау жұмысы • диктант, шығарма,

тестілер ● таңдамалы тест ● сәйкестілік тесті ● реттік бірізділікке берілген тест ● құрама тест	мазмұндама ● оқу пәні бойынша конференция ● семинар
Модуль бойынша қорытынды баға шығару	

Модульдік оқыту технологиясында білім алушы қызметін бағалау

Модульдік оқыту технологиясының сөйлесу бөлімінде білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелерін бағалауға, олардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалауына зор мән беріледі.

Білім алушылардың білімін бағалау баллдық жүйемен жүреді, онда әрбір білім алушыға әртүрлі күрделілік деңгейіндегі үш тапсырма беріледі. Күрделі тапсырмалар – о (I деңгей), орташа күрделілік дәрежесіндегілер – □ (II деңгей), жеңілдетілген тапсырмалар – Δ (III деңгей) шартты белгісімен көрсетіледі.

Тұлғалық бағдарлы оқыту технологиялары

Бұл жөнінде ғалым И.С.Якиманская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың негізгі ережелерін төмендегідей тұжырымдайды:

– Басты мақсаты–білім алушылар тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту;

– Білім беру жүйесі басынан-ақ білім алушылардан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс;

– Білім алушы дамуын диагностикалау мен ынталандыруды оқытушы олардың қызметін ұзақ уақыт бойына байқау әдістері негізінде іске асыруы тиіс.

И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үрдісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты –әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту. "Жеке тұлғалық тәсіл жағдайында

балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерін қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір білім алушыларның дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты”.

Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке-жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай төрт компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксеологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір білім алушының өз біліктілігін дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылық қабілетін, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді.

Г.К.Селевко мұндай технологияның ең негізгі құндылығы – білім алушының жеке тұлғасы, ал негізгі мақсаты табиғи қабілеттеріне сәйкес тұлғаны дамыту және қалыптастыру деп атап көрсетеді.

Біздің ойымызша, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту материалды шығармашылық тұрғыда меңгеру аясын кеңейтеді және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мұғалімнен төмендегідей іс-әрекетті талап етеді: 1) өз білім алушыларларының темпераменті, мінез-құлқы, көзқарасы, талғамы мен әдеп-дағдыларының жеке ерекшеліктерін үнемі зерделеп, жақсы білуі; 2) жеке тұлғаның ойлау ерекшелігі, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік жоспары, т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттерінің нақты қалыптасу деңгейін қадағалап, білуі; 3) әрбір білім алушыны өз шамасына сай және біртіндеп күрделене беретін әрі жеке тұлға дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік әрекетке үнемі тартып отыруы; 4) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін себептерді уактылы айқындап, жойып отыруы, ал егер мұны уактылы істей алмаса, жаңа жағдайларға сай тәрбие тактикасын жедел түрде өзгертуі; 5) жеке тұлғаның өз белсенділігіне неғұрлым көбірек сүйенуі; 6) тәрбие ісін жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштастырып, өзін-өзі тәрбиелеу

мақсаттарын, әдістерін, формаларын таңдауға көмек беруі; 7) білім алушыларлардың дербес әрекетін, бастамашылдығын, әрекетшілдігін дамытып, басқаруы емес, табысқа жетелейтін қызметті ұйымдастырып, бағыттауы тиіс.

В.В.Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасының мәні төмендегідей:

1. Жеке тұлға дегеніміз – адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория.

2. Адам "жеке тұлға болу" тәжірибесін, яғни жеке тұлға функцияларын атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс.

В.В.Сериков жеке тұлғаға бағдарланған білім беруге тән заңдылықтарды атап көрсетеді:

1. Жобалау элементі – "тұлға өміріндегі оқиға", ол кейіннен біртұтас өмірлік нәтижеге айналады. Ал білім тек оның бір бөлігі ғана болып табылады.

2. Оқыту мұғалім мен білім алушылардың бірлескен қызметі болады: мұнда сұхбаттасу білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде танылады.

3. Үдеріс тұлғалық тәжірибенің бастауы болып шығады.

4. Оқыту адамның табиғи өмір сүру жағдайына жақын бола түседі.

5. Мұғалім мен білім алушылардың өзара бірлескен әрекеті тұлға аралық, субъект аралық қарым-қатынас сипатын алады.

Ендеше, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз – тек білім алушыларды бір-бірінен айрықшалайтын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, ең алдымен, білім алушыларға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершілік субъектісі ретінде қарау.

Г.К.Селевко бұл технологиялардың негізінде өзін-өзі маңызды көрсетуге ұмтылатын «толыққанды тұлға» болуы тиіс дегенді баса атап көрсетеді. Мұндай тұлға әртүрлі өмірлік жағдайларда жауапты әрі саналы шешім қабылдай алатын болады. Жеке тұлғаға бағытталған технологиялардың мақсаты, ғалымның пікірінше, жеке тұлғаның табиғи қабілеттеріне сай қалыптастырып, дамыту болып табылады.

Сонымен, С.В. Кульневичтің атап көрсеткеніндей, білім беру үдерісін тұлғаға бағдарлау гуманистік педагогикалық мәдениет құндылықтарына ықпал етеді, бұл дегеніміз – білім алу емес, бала өміріндегі білімнің жеке тұлғалық мәні; жекелеген білім-дағдылар емес, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері, өзіндік дербес оқу қызметі, өмірлік тәжірибесі; педагогикалық талаптар қою емес, педагогикалық қолдау мен қамқорлық көрсету және мұғалім мен білім алушылардың сұхбаттасуы; білім көлемі емес, меңгерілген ақпарат мөлшері емес, білім алушылардың жалпы жеке тұлғалық өсуі, дамуы және өзін-өзі дамытуы.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқу үдерістері: дамыта оқыту; баланың жеке ерекшеліктерін қалыптастыруға педагогикалық қолдау көрсету; тәрбиені рухани-адамгершілік дамыту құралы ретінде қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған білім берудің мақсаты – адамды қолдау, дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудің тетіктерін қалыптастыру. Мұндай технологияларға ынтымақтастық, сұхбаттастық, әрекетшілдік-сипатшылық әрекеті, баланың жеке дамуын қолдауға бағытталуы, оған дербес шешімдер қабылдауға, шығармашылыққа, мұғаліммен өзара шығармашылық ынтымақтастығына қажетті кеңістік пен еркіндік беру сипаты тән.

Бүгінгі таңда мынадай жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары бар:

- В.Ф. Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы;
- П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы;
- В.В. Фирсовтың саралай оқыту технологиясы;
- Ш.А. Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы;
- Л.В. Занковтың, Д.Б. Эльконин-В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы;
- Ю.К. Бабанскийдің оқу процесін оптимизациялау технологиясы;
- М. Чошановтың, П.И. Третьяковтың, К.Я. Вазинаның, В.М. Монаховтың модульдік оқыту технологиялары;
- Г.К. Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы;

– Ж.А. Қараевтың, Т.Т. Ғалиевтің, Ә. Жүнісбектің, М.М. Жанпейісованың, Н.Н. Нұрахметов пен К. Әбдіғалиевтің оқыту технологиялары кеңінен танымал.

Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл педагогикалық қызметтегі әдіснамалық бағдар, ол өзара байланысты түсініктер, идеялар мен тәсілдер арқылы білім алушының өзіндік тануын, өзін-өзі қалыптастыруын және тұлғалық қабілеттерінің жүзеге асуын, оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз ететін күрделі үдеріс.

Тұлғаға бағытталған оқыту – бұл:

- Білім алушылармен жеке жұмыс мүмкіндігі;
- Білім алушылар тұлғасын тану және қадірлеу;
- Қабілеттеріне қарай топтарға бөлінген балаларды оқыту;
- Балалармен ынтымақтастық;
- Оқытудың түрін, мазмұнын, формасын таңдауға мүмкіндік беру;
- Білім алушылардың танымдық стратегиясын дамыту;
- Оқыту үдерісінде білім алушылардың тұлғалық тәжірибесін есепке алу;
- Адамгершілік қасиеттерін дамыту;

Негізгі түсініктер

Жеке-даралық:

- Тұлға;
- Күн талабына сай келетін мәселелерді өзі шеше алатын тұлға;
- Өзіндік ойын білдіре алатын;
- Субъективтілік;
- Мен тұжырымдамасы;
- Таңдау;
- Педагогикалық қолдау;

Принциптері:

- Көкейкесті мәселелерді өзіндік шешу;
- Жеке-даралық;
- Субъективтілік;

- Таңдау;
- Шығармашылық пен сәттілік;
- Сенімділік пен қолдау.

Тұлғаға бағытталған оқыту мазмұнының компоненттері:

- Аксиологиялық (құндылық);
- Когнитивтік (білімділік);
- Тұлғалық;
- Қызметтік-шығармашылық (операциялық-технологиялық)

Әдістеменің ерекшеліктері:

Оқу үдерісі білім алушылар мен мұғалімнің оқу сұхбатына негізделген, ол бағдарламалық қызметті бірлесіп құруға бағытталған. Бұл жерде білім алушылардың ынтасы, оқу материалының мазмұнын, формасын, түрін жеке таңдауы, алған білімін оқытуға қатысты емес жағдайда, қажет болған соң өздігінен пайдалануға деген талабы есепке алынады.

ББД (Білім, білік, дағды):

Сыртқы ортадан қабылдағанның барлығына білім алушылар таңдаумен қарайды. Ғылыми-педагогикалық логиканың барлық ережелері бойынша бір жүйеге біріктірілген түсініктердің барлығын білім алушылар игере алады деп айта алмаймыз, білім алушылар, көбінесе, өзінің жеке тәжірибесінде пайдаланатын түсініктерді ғана меңгереді. Сондықтан оқу үдерісін ұйымдастырудағы бастапқы нүкте субъектілік тәжірибені көкейкестілендіру, байланыстарды іздеу, дамудың жақын аймақтарын анықтау.

ОҚТ (Оқу қызметінің тәсілі):

– ОҚТ метабілім ретінде, танымның әдіс, тәсілдері ретінде қарастырылады;

– Бұл технологияда барлық білім беру жүйесінің орталығы баланың даралық қасиеттері болып табылғандықтан оның әдістемелік негізінде оқу үдерісін даралау және саралау принциптері жатыр. Кез келген пәндік әдістеменің негізгі идеясы – әр білім алушының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ашу болып табылады. Одан кейін, бұл мүмкіндіктер ұтымды жүзеге асырылатын құрылым анықталады;

– Ең басынан әр білім алушы үшін оқшауланған орта құрылмайды, керісінше, ол өзін көрсете алу мүмкіндігі болатын ашық жан-жақты мектеп ортасы құрылады. Бұл мүмкіндікті педагог кәсіптік тұрғыдан анықтаған кезде оның дамуы үшін қажетті жағдай тудыратын оқытудың саралау формасын ұсынуға болады;

– Педагогтің сабақта қолданатын икемді, жалықтырмайтын, түсінікті даралау мен саралаудың формалары білім алушылардың таңдаған танымдық қызығушылығын, олардың көрінуінің тұрақтылығын, білім алушылардың оны оқу қызметінің тәсілдері арқылы жүзеге асырудағы өзіндік жұмысы мен белсенділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Диагностика:

Оқу жұмысының әр түрін орындаған әр білім алушының үнемі бақылай отырып, педагог білім алушылардың қалыптасқан, сыныптан сыныпқа көшкен сайын өзгеріп отыратын дара-танымдық «бағдары» жөнінде деректер банкін жинақтайды.

Білім алушыларды кәсіптік бақылау оның танымдық (психикалық) дамуының жеке картасы түрінде рәсімделуі керек және бұл оқытудың саралау формасын анықтауда (таңдағанда) (бағдарлы сыныптар, оқытудың жеке бағдарламалары, т.б.) негізгі құжат болып табылады.

Білім алушыны күнделікті, жүйелі оқу үдерісінде педагогикалық (клиникалық) бақылау оның жеке танымдық «бағдарын» анықтауға негіз болады.

Оқытушы ұстанымы:

- оқытудың субъектілік тәжірибесін ынталандыру;
- әр білім алушының даралығын дамыту;
- әр адамның жеке басының ерекшеліктерін, өзіндік құндылықтарын тану;

Білім алушы ұстанымы:

- оқу-тәрбие үдерісінің элементтерін еркін таңдау;
- өзін-өзі тану, өз орнын табу;
- өз қабілеттерін жүзеге асыру.

Философиялық аспектісі:

- гуманистік философия;
- неопрагматизм;
- экзистенциализм;
- еркін тәрбиелеу;
- ынтымақтастық педагогикасы.

Ынтымақтастық педагогикасы:

- педагогтің авторитарлық ұстанымының демократиялық ұстанымға ауысуы,
- оқыту үдерісінде білім алушылардың қабілеттерін дамыту;
- танымдық белсенділікті және өздігінен жұмыс істеу қабілеттерін ынталандыратын оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіру;
- білім алушылардың өзіндік ұжымдық еңбегі.

«Дамыту көмегі» принципі:

- білім алушыға өз қызметін түсінуге мүмкіндік беру;
- оның өзіндік белсенділігін және ішкі күштерін ояту;
- білім алушы өзі тандау жасайды, шешім қабылдайды және олар үшін жауап береді.

Технологиялық аспект:

- модульдік оқыту;
- семинар;
- сұхбат;
- шығармашылық зертхана, іскерлік зертхана;
- іскерлік ойын (имитациялық, зерттеушілік, іздеушілік);
- тренинг;
- кейс әдісі.

Бақылау формалары:

- курс портфелі;
- эссе;
- шығармашылық жоба;
- әртүрлі шығармашылық тапсырмалар;
- әртүрлі тестілік материалдар.

Нәтижелері:

Тұлға – оқыту мен тәрбиелеудегі басты мақсат. Осыған байланысты бүкіл білім беру ісі білім алушыларға, оның

тұлғасына бағытталған, оқыту мақсаттары, мазмұны мен ұйымдастыру формасы жағынан білім алушылардың барлық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Семинар сабақтарының жоспары

№1 тақырып: Кәсіптік педагогика жүйесінің негізгі тенденцияларының дамуы.

Сұрақтары:

1. Кәсіптік педагогиканың негізгі категориялары;
2. Кәсіптік білім, кәсіптік оқыту және кәсіптік тәрбие;
3. Кәсіптік педагогиканың негізгі ұғымдары.

№2 тақырып: Кәсіптік білім беру мазмұнының әдіснамалық негіздері.

1. Кәсіптік білім беру мазмұнының әдіснамалық негіздері
2. Педагогикалық зерттеулерді ұйымдастырудың әдіснамалық талаптары.

3. Педагог мамандарға кәсіби білім беру мазмұны.

№3 тақырып: Кәсіби мектептерге арналған білім беру мазмұнын қалыптастыру қағидалары.

Сұрақтары:

1. Педагогикалық жүйе ерекшеліктері;
2. Педагогикалық жүйенің мәні мен құрылымы;
3. Педагог мамандарды кәсіби даярлаудың педагогикалық жүйесі.

№4 Тақырып: Кәсіптік педагогикадағы зерттеу әдістері.

Сұрақтары:

1. Зерттеу әдістерінің түрлері: фундаменталдық, қолданбалы және өңдеу;
2. Зерттеу әдістеріне сипаттама;
3. Теориялық зерттеу әдістері.

№ 5 тақырып: Кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары.

Сұрақтары:

1. Кәсіби білім саласында сақталатын заңнамалар мен заңдылық;
2. Кәсіптік білімнің сабақтастығы мен бірізділігі;
3. Кәсіби білім жүйесінің ұстанымы.

№ 6 тақырып: Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарты (үлгісі).

Сұрақтары:

1. Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартының байланыстары;

2. Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартының теориялық қағидалары;

3. Мамандықтың дәрежесі.

№ 7 тақырып: Оқу мазмұнын таңдаудың жалпы тәсілдері.

Сұрақтары:

1. Кәсіби білім беру жүйесіндегі сабақтастық;

2. Білім беру мазмұнын жобалау;

3. Жоғары кәсіптік білім берудің ерекшеліктері.

№ 8 тақырып: Білім беру мазмұнының түрлі деңгейде жасалуы.

Сұрақтары:

1. Кәсіби білім беру мазмұнының деңгейлері;

2. Оқу элементтеріне сипаттама;

3. Кәсіптік білім беру мазмұнының құрылымы.

№ 9 тақырып: Теориялық оқытудың әдістері.

Сұрақтары:

1. Теориялық оқытудың кеңінен қолданылатын әдістері;

2. Оқыту әдістерінің жіктелуі;

3. Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту мазмұнының өзіндік ерекшеліктері.

№ 10 тақырып: Білім алушылардың танымдық-оқу қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістері.

Сұрақтары:

1. Ауызша баяндау әдістерінің талаптары;

2. Көрнекі оқу құралдарының атқаратын қызметі;

3. Жаттығулардың дидактикалық проблемалары.

№ 11 тақырып: Кәсіби білім беру мақсатына сай белсенді әдістер.

Сұрақтары:

1. Оқытудың белсенді әдістері;

2. Шығармашылық жұмыстар;

3. Интеллектуалды ойындар.

№ 12 тақырып: Оқу қызметін мотивтендіру және бақылау әдістері.

Сұрақтары:

1. Оқу қызметін мотивтендіру әдістері;
2. Жаттығулар жүйесі;
3. Білім алушылардың өзіндік бақылаулары.

№ 13 тақырып: Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістің түсінігі және мәні.

Сұрақтары:

1. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихы;
2. Инновациялық білім беру үдерісі негізіндегі педагогиканың басты мәселелері.

№ 14 тақырып: Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыттылығы.

Сұрақтары:

1. Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағытының мәні;
2. Инновациялық әрекет кезеңдері;
3. Инновациялардың жіктелуі;
4. Инновациялық оқу орындары.

№15 тақырып: Кәсіптік білім берудегі педагогикалық технологиялар

Сұрақтары:

1. Педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы;
2. Педагогикалық технологиялардың жіктемесі;
3. Кәсіптік білім берудегі ақпараттық және коммуникативтік технологиялар;
4. Кәсіптік білім берудегі модульдік және тұлғаға бағдарлы технологиялары.

Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары (СОӨЖ) №1-2-3-4 СОӨЖ

Тақырыбы: Кәсіптік педагогиканың философиялық-әдіснамалық негіздері.

Сұрақтары: 1. Кәсіптік педагогиканың философиялық-әдіснамалық негіздері;

2. Кәсіптік педагогика – оқу пәні және педагогика ғылымының саласы;

3. Шет елдердегі кәсіптік білім беру.

№ 5-6-7-8 СОӨЖ тақырыбы: Кәсіптік білім берудің мазмұны.

Сұрақтары:

1. ҚР бастауыш және орта кәсіптік білім бері жүйесіне жалпы мәлімет және құрылымы;

2. ҚР жоғары мектебі, жоғары білімнен кейінгі кәсіптік білім беру;

3. Оқыту мазмұнын макро және микро деңгейде құрылымдау.

№ 9-10-11-12 СОӨЖ тақырыбы: Кәсіптік оқыту формалары мен әдістері.

Сұрақтары: 1. Оқыту әдістері мен формаларының оптимизациялануы;

2. Сабақ – оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрі, дидактикалық талаптар;

3. Сабақтың түрлері, дидактикалық құрылымы;

4. Білім алушылардың білім, біліктілік және дағдыларын бақылау.

№ 13-14-15-16 СОӨЖ тақырыбы: Кәсіптік оқыту жүйесі мен принциптері.

Сұрақтары:

1. Қазіргі информациялық және коммуникациялық оқыту технологиялары;

2. Оқыту үдерісінің компьютерлендірілуі;

3. Кәсіптік білім берудің модульдік технологиясы.

№ 17-18-19-20 СОӨЖ тақырыбы: Кәсіптік білім берудің инновациялық технологиялары.

Сұрақтары:

1. Қазіргі информациялық және коммуникациялық оқыту технологиялары;

2. Оқыту үдерісінің компьютерлендірілуі;

3. Кәсіптік білім берудің модульдік технологиясы.

№ 21-22-23-24 СОӨЖ тақырыбы: Білім беру жүйесіндегі инновациялық үдеріс

Сұрақтары:

1. Педагогикалық әрекеттің инновациялық бағыттары;

2. Инновациялық әрекет кезеңдері.

№ 25-26-27-28 СОӨЖ тақырыбы: Кәсіптік білім беру оқу орындарында тәрбие жұмысының теориясы мен тәжірибесі

Сұрақтары:

1. Кәсіптік оқыту орнында тәрбие үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктері;

2. Кәсіби бағдар берудің түрлері.

№ 29-30 СОӨЖ тақырыбы: Кәсіптік білім берудегі педагогикалық технологиялар

Сұрақтары:

1. Педагогикалық технологиялардың жіктемесі;

2. Кәсіптік оқыту мұғалімдерінің біліктілігін жоғарылату және даярлау.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауға арналған тапсырмалар:

1. Педагогика саласында кәсіби педагогиканың пайда болуының объективті алғышарттары.
2. Кәсіптік педагогиканың объектісі, пәні, қызметі мен міндеттері.
3. Кәсіби педагогиканың негізгі категориялары.
4. Кәсіби педагогиканың құрылымына сипаттама.
5. Кәсіби педагогикалық зерттеудің мақсаты мен міндеттері.
6. Кәсіби-педагогикалық зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық, практикалық маңыздылығы.
7. Кәсіби педагогикалық зерттеу жұмыстарының негізгі түрлеріне мазмұндық сипаттама.
8. Кәсіби педагогиканың философия және психология ғылымымен өзара байланыстары.
9. ҚР білім стандарттарында қамтылған мәселелер.
10. Жоғары кәсіптік білімнің құзіреттіліктеріне (жалпы білімділік, әлеуметтік, этикалық, экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, арнайы) сипаттама.
11. «Оқу пәні» және «ғылым негіздері» ұғымдарының айырмашылықтары.
12. Кәсіптік білім, оқыту мазмұнын сұрыптау теориясындағы тұжырымдамаларға сипаттама.
13. Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарт үлгілері.
14. Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартының байланыстары.
15. Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартының теориялық қағидалары.
16. Кәсіби білім беру жүйесіндегі сабақтастық.
17. Жоғары кәсіптік білім берудің ерекшеліктері.
18. Кәсіби білім беру мазмұнының деңгейлері.
19. Кәсіптік білім беру мазмұнының құрылымы.
20. Теориялық оқытудың кеңінен қолданылатын әдістері.

21. Оқыту әдістерінің жіктелуі.
22. Жалпы техникалық және арнайы пәндерді оқыту мазмұнының өзіндік ерекшеліктері.
23. Ауызша баяндау әдістерінің талаптары.
24. Көрнекі оқу құралдарының атқаратын қызметі.
25. Жаттығулардың дидактикалық мәселелерді.
26. Оқытудың белсенді әдістеріне сипаттама.
27. Оқу қызметін мотивтендіру әдістері.
28. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихы.
29. Инновациялық білім беру үдерісінің негізінде педагогиканың басты мәселелері.
30. Педагогикалық технологиялардың жіктелуі.

Студенттердің білімін тестілеу

1. Белгілі бір жүйеде кәсіп бойынша алынған білім, іскерлік, дағды жиынтығы және оны тиісті кәсіптік ортада пайдалана білудің ережелері мен нормалар тәртібі:

- А) Кәсіптік тәрбие;
- Ә) Кәсіптік оқыту;
- Б) Білікті – құзыреттілік деңгей;
- В) Кәсіптік білім;
- Г) Кәсіптік құзыреттілік.

2. Тиісті кәсіп саласы бойынша білім, іскерлік және дағдысы жоғары деңгейде қалыптасқан, оны саналы атқара алатын маманның қабілеттілігі:

- А) Мамандандырылу;
- Ә) Кәсіп;
- Б) Құзыреттілік;
- В) Дәреже;
- Г) Мамандық.

3. Бұл көптеген құрылымдық және қызметтік компоненттердің өзара үйлесімділігінен тұратын және оларды бір мақсатқа жұмылдырған, яғни болашақ жеткіншектер мен ересек адамдарды оқыту мен тәрбиелеуді көздейтін жүйе:

- А) Мәдениеттік жүйе;
- Ә) Жүйелі типті әрекет;
- Б) Педагогикалық жүйе;
- В) Кәсіптік әрекет;
- Г) Авторлық қызмет жүйесі.

4. Белгілі бір кәсіп саласы бойынша шағын ауқымды еңбек түрін қамтитындар:

- А) Мамандық;
- Ә) Кәсіп;
- Б) Құзырет;
- В) Мамандандыру;
- Г) Квалификация.

5. Кәсіптік мектепті бітірушілерге оқу орындары бітіретін, оның оқу барысында білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптарды анықтайды, ол орталық атқарушы органдардың кәсіптік білімге біліктілік тағайындайтын саласы арқылы белгіленеді, оның аталуы:

- А) Маманға акмеограмма;
- Ә) Біліктілік сипаттамасы;
- Б) Кәсіби топограмма;
- В) Кәсіби психограмма;
- Г) Профессиограмма.

6. Кәсіптік-техникалық мектеп бітірушілерге қандай квалификация беріледі?

- А) Бакалавр;
- Ә) Квалификациясы төмен маман;
- Б) Білікті жұмысшы;
- В) Магистр;
- Г) Маман.

7. Бастауыш кәсіптік білім беру жүйесіне жатпайтын оқу орны:

- А) Кәсіптік-техникалық училище;
- Ә) Лицей;
- Б) Курстық-оқу комбинаты;
- В) Жоғары кәсіптік училище;

Г) Кәсіптік мектеп.

8. Білім алушылардың қоғамдық-пайдалы еңбекке жататыны:

А) Жалпы еңбек және кәсіби білім, білік және дағдыны дамыту, қалыптастыру;

Ә) Білім алушылардың өндірістік еңбектері;

Б) Білім алушылардың ойын әрекеттері;

В) Білім алушылардың оқу әрекеттері;

Г) Білім алушылардың ақыл-ой және дене шынықтыру мүмкіндіктері.

9. Кәсіптік педагогикаға тән ғылыми-педагогикалық зерттеу әдісі:

А) Педагогикалық жағдайды модельдеу;

Ә) Мінездемелерді пысықтау, қорыту;

Б) Сараптамалық бағалау әдісі;

В) Педагогикалық сараптама әдісі;

Г) Циклографиялық әдіс .

10. Кәсіптік-техникалық бірыңғай типтегі білім беру жүйесінің жасалу жылдары:

А) 1972;

Ә) 1928;

Б) 1945;

В) 1958;

Г) 1991.

11. Педагогикалық жүйенің құрылым компонентіне жатпайтын сөз тіркесі:

А) Білім мазмұны; мақсаты;

Ә) Білім алушылар (тыңдаушы); педагог;

Б) Білім берудегі түпкі нәтиже;

В) Оқыту мен тәрбиелеу әдістері;

Г) Басқару функциялары.

12. Бір кәсіпке жан-жақты сипаттама бере келе, оның адамға қоятын талаптарын, жеке тұлғалық, моральдық қасиеттер сапасын атаңыз:

А) Кәсіптік топография;

- Ә) Профессиограмма;
- Б) Профессиография;
- В) Кәсіптік педагогика;
- Г) Мамандандыру

13. Кәсіптік педагогика ғылымының дұрыс анықтамасы:

А) Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне инженер-педагог кадрларды дайындау туралы ғылым;

Ә) Жас жұмысшыларды кәсіптік-техникалық училищелерде оқыту және тәрбиелеу туралы ғылым;

Б) Жеке тұлғаға кәсіп пен кәсіптік біліктілікті қалыптастырудың заңдылықтарын зерттейтін, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыратын саланың бірі;

В) Жас жұмысшыларды өндірістік тұрғыда оқыту және кәсіптік квалификацияларын жоғарылату туралы ғылым;

Г) Кәсіби шеберліктің шыңына жету туралы ғылым.

14. Басқару функцияларының ішінен артығын көрсет:

- А) Компенсация;
- Ә) Ұйымдастыру;
- Б) Реттеу;
- В) Жоспарлау;
- Г) Есепке алу.

15. Кәсіп деген ұғымның дұрыс анықтамасын көрсет:

А) Кәсіп – қоғамдық еңбек бөлінісінде жалпы адамзаттық мораль нормаларымен келісілген еңбек түрі және адамзат үшін материалды игіліктер бастамасы;

Ә) Кәсіп – еңбек әрекетінің түрі, адамнан нақты дайындығын талап ету мен оның материалды жағынан қамтамасыз етеді;

Б) Кәсіп – нақты еңбек әрекеті, жалпы адамзаттық моральдық нормамен келісілген және адамды материалдық жағынан қамтамасыз етеді;

В) Кәсіп – еңбек әрекеті, арнайы теориялық білім, тәжірибелік дағдыны меңгеріп, дайындықтың нәтижесіне қол жеткізген адам;

Е) Кәсіп – еңбек әрекеті, адамның білімін толықтырып, эстетикалық тұрғыдағы әсерін білдіреді?

16. Білікті жұмысшы мамандығының қалыптасуы және оның дұрыс аталған кезеңдерін көрсет:

А) Кәсібилену; Оптация; Кәсіптік білім беру; Кәсіби шеберлік; Кәсіби бейімделу;

Ә) Оптация; Кәсіптік білім беру; Кәсібилену; Кәсіби бейімделу; Кәсіби шеберлік;

Б) Оптация; Кәсіби білім беру; Кәсіби бейімделу; Кәсібилену; Кәсіби шеберлік;

В) Кәсіби шеберлік; Кәсібилену; Оптация; Кәсіби білім беру; Кәсіби бейімделу;

Г) Оптация; Кәсіби шеберлік; Кәсіби бейімделу; Кәсіби білім беру; Кәсібилену.

17. Аталған сөз-тіркестік арасынан білім алушылардың АҚЖ-сін қалыптастыратын заңдылықтар ішінен артығын көрсет:

А) Технологиялық заңдылықтар;

Ә) Біртұтастық заңдылығы;

Б) Өзін-өзі сынай білу заңдылығы;

В) Еңбек заңдылығы;

Г) Орнықтылық заңдылығы.

18. «Акмеология» ғылымының дұрыс анықтамасы:

А) Адамның ақыл-ой қабілетінің даму механизмін және заңдылығын зерттейтін ғылым;

Ә) Кәсіби шеберліктің шыңына жету жолдарын, оның заңдылықтарын зерттейтін ғылым;

Б) Адамның психикалық дамуын және оның заңдылығын зерттейтін ғылым;

В) Адамның шығармашылық әрекетінің әртүрлі факторларын ашып зерттейтін ғылым;

Г) Адамның қабілетін зерттейтін ғылым.

19. Белгілі бір жүйеде кәсіп бойынша алынған білім, білік және дағды жиынтығы ережелер мен нормалар тәртібі:

А) Өндірістік оқыту;

Ә) Кәсіптік білім;

- Б) Білім мазмұны;
- В) Теориялық білім;
- Г) Кәсіптік тәрбие.

20. Кәсіби оқытудың кешенді әдістемелік жүйелері арқылы белгілі бір кәсіп саласы, мамандық бойынша оқу жоспарындағы бөлінген сағаттарды тиімді пайдалану арқылы пәнді толық әрі сапалы меңгерту іске асырылады:

- А) Күнделікті және күнтізбелік жоспар жинағы;
- Ә) Кешенді әдістемелік қамтамасыз ету;
- Б) Оқу кабинетінің құжаты;
- В) Аттестациялық құжат;
- Г) Инструкциялық карта.

21. Еңбек жаттығуларын орындауда жиі жіберілетін қателіктерді болдырмау бағыты:

- А) Өңгімелеу;
- Ә) Түсіндіру;
- Б) Кіріспе нұсқау;
- В) Ағымдағы нұсқау;
- Г) Қорытынды нұсқау.

22. Кәсіптік-техникалық мектептің білім беру мазмұны анықталатын құжат:

- А) Маманға профессиограмма;
- Ә) Біліктілік сипаттамасы;
- Б) Кәсіп бойынша оқу жоспары;
- В) Кәсіпке акмеограмма;
- Г) Арнайы технология бойынша оқу бағдарламасы.

23. Кешенді әдістемелік қамтамасыз ету компоненті болып саналмайтын құжат:

- А) Білім алушылар мен педагогтарға арналған құралдар;
- Ә) Оқу-өндірістік жабдықтар;
- Б) Квалификациялық сипаттама;
- В) Дидактикалық жабдықтар;
- Г) Оқу құжаттары.

24. Өндірістік оқыту сабағының теориялық оқыту сабағынан айырмашалығы:

- А) Ұйымдастыру кезеңі;
- Ә) Нұсқау жүргізу;
- Б) Білім, білік, дағдыны бақылау;
- В) Көрнекі құралдарды пайдалану;
- Г) Әңгіме өткізу.

25. Кәсіптік оқыту саласына тән оқыту принципі:

- А) Білім, білік және дағдының берік орнығуы;
- Ә) Инженер-педагогтің басшылығы негізінде білім

алушылардың саналы шығармашылық әрекеті;

- Б) Оқу үдерісі кезінде кәсіби қызметті модельдеу принципі;
- В) Оқытудың көрнекілігі және ғылыми-техникалық

ойлаудың дамуы;

- Г) Оқытудың ғылымилығы мен қолжетімдігі.

26. Оқу-тәрбие барысының нақты түрі. Педагог білім алушылардың білім деңгейін бірдей тұрақты топтарға, біріктіріп, ақпарат беретін:

- А) Эмтихан;
- Ә) Факультатив;
- Б) Экскурсия;
- В) Өндірістік сабақ жүргізу;
- Г) Сабақ.

27. Кәсіптік педагогиканың негізгі категориялары:

- А) Кәсіптік білім; Кәсіптік оқыту; Кәсіптік тәрбие;
- Ә) Кәсіп; мамандық; мамандану;
- Б) Біліктілік; Біліктілік сипаттамасы;
- В) Құзыр; құзыреттілік;
- Г) Кәсіптік тәрбие; кәсіптік білім; Кәсіп.

28. Кәсіптік педагогиканың негізгі ұғымдары:

- А) Мамандану; кәсіптік оқыту; кәсіп; мамандық;
- Ә) Кәсіптік білім; Кәсіптік тәрбие; Біліктілік;
- Б) Кәсіп; Мамандық; Біліктілік; Құзыр; Құзыреттілік;
- В) Кәсіп; мамандану; Біліктілік;
- Г) Құзыреттілік; Құзыр; Кәсіп.

29. Педагогиканың ғылым ретіндегі анықтамасы:

А) Педагогика – сәбилердің даму заңдылықтары мен оларды тәрбиелеу жолдарын анықтап береді;

Ә) Педагогика – адамдарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту жөніндегі ғылым;

Б) Педагогика – тәрбиешілер үшін тәрбиеленушілердің дүниетанымын қалыптастыруды үйрететін өнер;

В) Педагогика – жеткіншек ұрпақтарға білім беру және оқыту мәселесімен шұғылданады;

Г) Педагогика – адам тәрбиесі жөніндегі ғылым.

30. Тәрбие туралы білімді анықтайтын термин:

А) Педагогика (грек тілінде «пайдос» – бала және «аго» – жетелеуші деген мағынаны білдіреді);

Ә) Андрогогика (грек тілінде «андрос» – ер адам және «аго» – жетелеуші);

Б) Антропогика – (грекше «антропос» – адам);

В) Антропология (грекше «антропос» – адам, «логос» – ғылым);

Г) Педалогия (грекше «пайдос» – бала, «логос» – ғылым).

31. Педагогика ғылымы алдына қойылатын міндеттер

А) Жас жеткіншектерді тәрбиелеу, оқыту;

Ә) Тәрбие қағидаларын танып-білу, педагог-практиктерді оқу-тәрбие үдерісінің теориясымен қаруландыру;

Б) Тәрбиені адамдардың рухани дамуының бір тармағы ретінде қарау;

В) Қазіргі заманғы адамдарға білім беру мен оқыту мәселелерін зертеуді үйрету;

Г) Адамзат табиғатын зерттеу.

32. Кәсіптік педагогика салалары:

А) Мектепалды педагогикасы; жалпы білім беретін мектеп педагогикасы;

Ә) Бастауыш кәсіптік білім беру педагогикасы; орта кәсіптік білім беру педагогикасы; Жоғары білім педагогикасы;

Б) Кәсіптік педагогика; жас өспірімдер педагогикасы; мектептану;

В) Кәсіптік педагогика ; мектеп алды педагогикасы;

Г) Кәсіптік педагогика; жалпы білім беретін мектеп педагогикасы; мектептану.

33. Кәсіптік оқыту құралдары:

А) Баспа материалдары; Оқу жабдықтары; Көрнекі құралдар; ТӨҚ;

Ә) Материалдары; Экскурсия; Көрнекі құралдар;

Б) ТӨҚ; Экскурсия; Баспа материалдары;

В) Факультатив; Оқу жабдықтары; ТӨҚ;

Г) Экскурсия; факультативтік сабақ; Оқу жабдықтары.

34. Педагог пен білім алушы арасындағы, сабақ кезінде, топқа бөлінгенде не жұмыс орны мен өндіріс орнында оқыту кезінде жүргізілетін іс-шаралары:

А) Оқыту әдісі;

Ә) Кәсіби оқытуды ұйымдастыру;

Б) Оқыту құралдары;

В) Оқыту тәсілдері;

Г) Өндірістік оқыту.

35. Тиісті кәсіп саласы бойынша білім, білік және дағдысы жоғары деңгейде қалыптасқан, оны саналы атқара алатын маманның қабілеттілігі:

А) Мамандандырылу;

Ә) Кәсіп;

Б) Құзыреттілік;

В) Квалификация

Г) Мамандық.

36. Кәсіптік педагогиканың іргелі ғылым ретінде қамтитын салалары:

А) Инженерлік психология; еңбек психологиясы; еңбек физиологиясы; акмеология; жалпы және педагогикалық психология;

Ә) Акмеология; геронтология; жалпы педагогика; еңбек психологиясы; инженерлік психология;

Б) Еңбек физиологиясы; педагогикалық психология; акмеология; жалпы және педагогикалық психология; инженерлік психология;

В) Еңбек физиологиясы; геронтология; еңбек психологиясы; жалпы және педагогикалық психология; акмеология;

Г) Акмеология, жас ерекшелік психологиясы; дефектология; жалпы педагогика; еңбек физиологиясы.

37. Тиісті кәсіп саласы бойынша мамандардың білім, білік және дағдысын белгілейтін мемлекеттік құжат:

А) Профиссиограмма;

Ә) Біліктілік сипаттамасы;

Б) Кәсіптік психограмма;

В) Біліктілік;

Г) Кәсіптік топограмма.

38. Белгілі бір кәсіпке жан-жақты сипаттама бере келе, оның адамға қоятын талаптары, ... білім, білік және дағдылық әрекеттерді іске қосатын жүйе:

А) Кәсіптік топография;

Ә) Профессиограмма;

Б) Профессиография;

В) Кәсіптік педагогика;

Г) Мамандандыру.

39. Істің сапасы, дұрыс орындалуы және жіберілген қателіктердің жалпы сипаттамасын берудегі нұсқау түрін атаңыз.

А) Қорытынды нұсқау;

Ә) Кіріспе;

Б) Сөйлеу, ауызша жеткізу;

В) Практикалық;

Г) Ағымдағы.

40. Сабақтың құрылымын анықта: 1.Ұйымдастыру; 2.Жаңа материалды түсіндіру; 3.Оны бекіту; 4.Қорытындылау, үйге тапсырма беру:

А) Аралас;

Ә) Қайталау;

Б) Білімді, іскерлікті, дағдыны бекіту;

В) Кіріспе сабағы;

Г) Жаңа білімді хабарлау.

41. Кәсіптік білім беру жүйесінің құрылымы:

А) Орта мектеп, институт, жоғары оқу орны;

Ә) Бастауыш кәсіптік білім беру, орта кәсіптік білім беру, жоғары оқу орны;

Б) Академия, лицей;

В) Колледж, орта мектеп, университет;

Г) Лицей, орта мектеп, институт.

42. Принцип өндірістік операцияларды бірізділікпен үйрете отырып, үлгілерді өндірісте қолдана білуге машықтандырады:

А) Жүйелілік;

Ә) Модельдеу;

Б) Кәсіби бағыттау принципі;

В) Колжетімділік;

Г) Технологиялық бірізділік принципі.

43. Кәсіптік білім теориясындағы артығын көрсет:

А) Басшылық;

Ә) Басқару қызметі;

Б) Басшылық принципі;

В) Басқару әдістері;

Г) Басқару құралдары.

44. Кәсіби ұстанымды қалыптастыру, маңызды кәсіби қасиеттер мен дағдыларды ұштастыра білу, кәсіби қызметті жоғары біліктілікпен атқара алуы:

А) Кәсіби бейімделу;

Ә) Кәсіптік білім беру;

Б) Оптация;

В) Кәсіби шеберлік;

Г) Кәсібилену.

45. Басқару қызметінің түрлері:

А) Жоспарлау, реттеу, бақылау, есеп алу, талдау, ұйымдастыру;

Ә) Басшылық, басқару, ұйымдастыру;

Б) Бақылау, талдау, жоспарлау;

В) Реттеу, жоспарлау, бақылау;

Г) Басқару, реттеу, талдау.

46. Тиісті кәсіп саласы бойынша мамандардың білім, білік, дағдысын белгілейтін мемлекеттік құжат:

- А) Профессиограмма;
- Ә) Квалификациялық сипаттама;
- Б) Кәсіптік психограмма;
- В) Квалификация;
- Г) Кәсіптік топограмма.

47. Кәсіби оқытуды ұйымдастыру деп педагог пен білім алушы арасындағы, сабақ кезінде, топқа бөлінгенде, атқаратын іс-шаралары:

- А) Оқыту әдісі;
- Ә) Оқыту тәсілдері;
- Б) Оқыту құралдары;
- В) Оқыту инструкциялары;
- Г) Оқыту формалары.

48. Адамның психофизиологиялық ерекшеліктеріне қарай кәсіп таңдауын қалыптастыру:

- А) Оптация;
- Ә) Кәсіптік білім беру;
- Б) Кәсіби бейімделу;
- В) Кәсібилену;
- Г) Кәсіби шеберлік.

49. Кәсіби қызмет дағдыларын үйренуге өз бетінше тәжірибе жинақтау – ...

- А) Кәсіптік білім беру;
- Ә) Кәсіби шеберлік;
- Б) Оптация;
- В) Кәсіби бейімделу;
- Г) Кәсібилену.

50. Кәсіптік саласына бағытталған жалпы-техникалық және арнайы пәндер циклі өзара байланысты оқытылады ...?

- А) Кәсіби бағыттау принципі;
- Ә) Технологиялық бірізділік;
- Б) Жүйелілік;
- В) Модельдеу;
- Г) Көрнекілік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Егемен Қазақстан–2003, желтоқсан–26.
- 2.Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.– Астана, 2010.- Б.1-2.
- 3.Конституция Республики Казахстан.–Алматы:Казахстан, 1995.– 87 б.
- 4.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Алматы: Литера, 2000. –Б. 94-96.
- 5.Беляева А.П. Дидактические принципы профессиональной подготовки в профтехучилищах.– М., 1991.
- 6.Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения.– М., 1990.
7. Батышев С.Я. Научная организация учебно-воспитательного үдерісі. –М., 1980.
- 8.Сейтешев А.П.Профессиональная направленность личности: теория и практика воспитания. – Алматы:Наука, 1990. – 332 с.
- 9.Ландо Р.С. Профессиональная устойчивость и профессиональная мобильность рабочих – выпускников средних профтехучилищ.– Л., 1977.
- 10 .Джержималиева Р.Р. Научно-педагогические основы методической подготовки учителя музыки в системе высшего образования: автореф. ...докт.пед.наук.:13.00.01; 13.00.02. – Алматы:КазГосЖенПИ, 1998. – 48 с.
- 11 . Момынбаев Б.К. Кәсіби техникалық пәндер (мазмұны, оқыту әдістемесі). – Алматы, 1995.
- 12 .Хмель Н.Д. Педагогический үдеріс в общеобразовательной школе. – Алма-Ата: Мектеп, 1984. – 134 с.
- 13 .Бутко Е.Я. Стратегия развития системы профессионального образования Российской Федерации в период перехода к рыночной экономике: (на основе проблемно-ориентированного анализа): автореф. ... докт.экон.наук. – М., 1992. – 43 с.

14. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. Основы педагогики творчества. –Казань: Казанского ун-та, 1988.–С. 236.
15. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: учеб.пособие для студ. высших пед. учеб. заведений.– М.: Академия, 2001. – С. 85-108.
16. Саипов А.А. Проблемы подготовки специалистов в системе туризма // Материалы международной научно-практической конференции.–Алматы: АГУ им. Абая, 1997. – С. 105-110.
17. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: Стандарт баспасы, 2006. – 260 б.
18. Таубаева Ш. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы: автореф. ... докт. пед. наук.: 13.00.08.– Алматы: АГУ, 2002.– 46 с.
19. Беркімбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үдерісінің педагогикалық жүйесі: пед.ғыл. докт. ... автореф.:13.00.08.– Түркістан: ХҚТУ, 2007.– 44 б.
20. Пралиев С.Ж. Профессионально-педагогическая адаптация молодых специалистов в системе вуз – средняя общеобразовательная школа: теория и практика.– Алматы:Рауан, 2001.– 250 с.
21. Ұзақбаева С.А. Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие: пед.ғыл. докт. ... автореф.:13.00.01. – Алматы, АлМУ,1993.– 46 б.
22. Момынбаев Б.К. Психолого-педагогические и дидактические основы формирования личности будущего специалиста.– Алматы: Ғылым, 2000.– 240 с.
23. Ким В.А. Актуальные проблемы подготовки специалистов в ВУЗе //Сб. СПб. научно-практ. конференции.– Алматы,1999. – С.55-59.
24. Мұсабеков О.У. Оқыту процесін шығармашылық негізде құрудың әдістемесі.– Алматы: АлМУ, 1998.– 42 б.

25. Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя.– Л.: Педагогика, 1987.– 187 с.
26. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – Ростов на Дону: Феникс, 1997. – 478 с.
27. Ильин Г.Л. Личностно-ориентированная педагогическая технология (анализ понятия и практика применения). – М.: Педагогика, 1972.– 495 с.
28. Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
29. Беспалько В.П. Дидактические основы программного управления уровнем обучения: автореф. ... док. пед. наук.:13.00.01.–М.:МГУ,1968.–32 с.
30. Загвязинский В.И. Противоречия уровня обучения.– Свердловск, 1971.–183 с.
31. Кузьмин Е.С., Никандров Н.Д., Турбович Л.Т. Социально-психологические и педагогические проблемы высшей школы. – Л., 1971.
32. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: учебное пособие для студ. высших пед. учеб. заведений.–М.: Академия, 2001.–108 с.
33. Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы.– М.: Высшая школа, 1970.–С.215-268.
34. Караев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану //Информатика-физика-математика–Алматы,1994.–№3.–Б.31-37.
35. Трайнев В.А., Трайнев И.В. Информационные коммуникационные педагогические технологии (обобщения и рекомендации): учебное пособие. – 3-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К*», 2008.–280 с.
36. Загвязинский В.И. Теория обучения: современная интерпретация: учеб. пособие для студ. вуза /под ред. В.И.Загвязинского.-5-е изд., стер. –М.: Академия, 2008. –192 с.
37. Полат Е.С. Современные и информационные технологии в системе образования: учеб. пособие для білім алушыларов вуза /под ред. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. – 2-е изд., –М.: Академия, 2008. – 368 с.

- 38 .Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед.ғыл.докт. автореф.:13.00.08.–Түркістан:Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2006. – 44 б.
- 39 .Мәлібекова М.С. Педагогические основы применения новых информационных технологий в межпредметных связях математики и информатики: автореф. ... канд.пед. наук.:13.00.08.– Караганда,1989. –24 с.
- 40 .Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO – International Standard Organisation) дайындаған ISO 9000 стандарттар сериясы. – Алматы, 2010.
- 41 .Қазақстан Республикасы президентінің Қазақстан халқына жолдауы.2004-2008 жылдарындағы жолдауы //Егеменді Қазақстан.– Астана, 2004-2008. –Б. 1-2.
- 42 .Кузьмина Н.В. Метод системного педагогического исследования. –Л.: ЛГУ, 1980. –145 с.
- 43 .Есімов Ғ. Философия:оқу құралы.– Алматы, 2002. – 350 б.
- 44 .Королев Ф.Ф. Системный подход и возможности его применения в педагогических исследованиях //Советская педагогика. – М., 1970.– №9. – С.103-116.
- 45 .Якунин В.А. Обучение как үдеріс управления: Психологические аспекты. – Л.: ЛГУ, 1988. –159 с.
- 46 .Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы. –М.: Высшая школа, 1970. – С. 215-268.
- 47 .Загрекова Л.В., Тарасов М.А. Технология и методология обучения. //Педагогическое обозрение.– М., 2000. – №1.С. 16-24.
- 48 . Мұратбаева Г.А. Өнер мамандарын кәсіби даярлаудың әдіснамалық және тарихи-педагогикалық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Жания-Полиграф, 2004. – 31 б.
- 49 .Борейша В.В. О смене парадигмы профессиональной консультации // Профориентация и формирование социально-психологической культуры личности специалиста в вузе. – Томск, 1989. –С. 97-102.

- 50 .Батышев С.Я. Прогностическая ориентация профессионального образования //Педагогика.–1998.–№ 6. –С.22-27.
- 51 .Архангельский С.И. Учебный үдеріс в высшей школе, его закономерные основы и методы. –М.:Высшая школа,1986.–368 с.
- 52 .Смирнова Е.Э. Пути формирования модели специалиста с высшим образованием. – М., 1977.– 211 с.
- 53 .Талызина Н.Ф. Деятельностный подход к построению модели специалиста // М.: Вестник высшей школы, 1986. –№ 3. –С.10-14.
- 54 .Сластенин В.А. Формирование личности учителя в үдеріс профессиональной подготовки. – М.: Педагогика, 1976.– 236 с.
- 55 .Беленок И.Л. Теоретические основы методической подготовки учителя физики к профессиональной деятельности как к творческой в условиях педвуза: автореф ... докт.пед. наук.:13.00.02. –Челябинск, 1996. –43 с.
- 56 .Оспанова Б.А., Жұмағұлова Қ.Ә. Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған инновациялық мәселелер //Қазақстан жоғары мектебі.– Алматы,2006.– №3.– Б.75-78.
- 57 .Новиков А.М. Профессиональное образование на смене эпох // Специалист. – М., 1997. – № 6. –С. 2-4.
- 58 .Алексеева Л.Н. Формирование гибкого содержания образования и обучения в средних специальных учебных заведениях: автореф. ... канд.пед.наук. – М., 1997. – 24 с.
- 59 .Бабанский Ю.К.,ИльинаТ.А.,ЖантекееваЗ.У. Педагогика высшей школы.–Алма-Ата:Мектеп,1989. –176 с.
- 60 .Сластенин В.А. и др. Педагогика. –М., 1997.–330 с.
- 61 .Бенедиктов Б.А. Педагогическая деятельность как категория педагогики и философии //Понятийный аппарат педагогики и образования.– СПб.н.тр. /отв. ред. Е.В.Ткаченко. –Екатеринбург,1995. –Вып.1. –224 с.
- 62 .Туманов И.Н. Учебно-творческий подход художника-педагога в условиях развития современной художественной культуры: автореф. ... докт. пед.наук. – Волгоград, 2003. – 43 с.
- 63 .Кузьмина Н.В. Очерки психологии труда учителя.Л., 1980.

- 64 .Лукиных Н.В. Подготовка будущего учителя к разработке гибких педагогических технологий как фактор повышения профессионально-творческой деятельности: автореф. ... канд.пед.наук.–Челябинск,1998. – 23 с.
- 65 .Назарова И.С. Формирование опыта профессионально-педагогического саморегулирования у будущих учителей музыки: автореф. ... канд.пед.наук.– Кострома, 2000.– 23 с.
- 66 .Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональнойподготовки учителя. –Алматы,1998.–320 с.
- 67 ..Леднев В.С. Непрерывное образование: структура и содержание. –М.: Высшая школа, 1988. –360 с.
- 68 .Бидайбеков Е.Ы. Білім беруді ақпараттандыру және информатика мамандарын даярлау мәселелері //Инф. негіздері.– Алматы, 2002.– №1.–Б. 6-8.
- 69 .Кариев С.К. Основные направления совершенствования методической подготовки учителей информатики в педвузах //Информатика и образование.–Алматы, 1997. – №5. – С.25-31.
- 70 .Коменский ЯА. Избранные педагогические сочинения. – М.,1939. –Т.1.–317 с.
- 71 .Педагогика және психология. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі /бас ред. М.А.Құл-Мұхаммед, мүшелері: Ә.А.Асқаров, М.Ә.Әлиев және т.б. – А.: Мектеп, 2002. –251 б.
- 72 .Штофф В.А. Роли моделей в познании. Л.:ЛГУ,1963. – 128
- 73 .Сыдықов Б.Д. Жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекеттерін модельдеу//Қазақстан жоғары мектебі.– Алматы, 2007.–№1. – Б. 47-51.
- 74 .Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание /пер. сангл. /под общ.ред. В.Н.Садковского. –М.: Прогресс, 1988.– 507 с.
- 75 .Педагогика және психология. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: /бас ред. М.А.Құл-Мұхаммед, мүшелері: Ә.А.Асқаров, М.Ә.Әлиев және т.б. – Алматы: Мектеп, 2002. –251 б.

- 76 .Конаржевский Ю.А. Педагогический анализ учебно-воспитательного үдерісі и управление школой.–М.: ОЦ «Пед. поиск», 1997. –78 с.
- 77 .Сыдықов Б.Д., Беркімбаев К.М. Ақпараттық және математикалық моделдеу негіздері. Әдістемелік оқу құралы. – Кентау, 2005. –90 б.
- 78 .Муратбаева Г.А. Социально-психологические и познавательные возможности искусства. //МОН Киргизкой Республики: Наука и новые технологии. – Бишкек, 2009. –№ 4. – С. 160-164.
- 79 .Ғабитов Т.Х. Мәдениеттануға кіріспе. –Алматы, 1996.
- 80 .Словарь терминов по истории педагогики /под ред. В.В.Макаева. –М., 1997. –315 с.
- 81 . Амонашвили Ш.А. Единство цели. –М.: Просвещение, 1987. –206 с.
- 82 .Выготский Л.С. Развитие высших психологических функций. – М.: Педагогика, 1960. – 598 с.
- 83 .Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында білім алушыларлардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед.ғыл.докт. ... автореф.– Түркістан, 2008. – 41 б.
- 84 .Финс Е. Игры, тренинги в управлении персоналом. –М.,2001.– 285 с.
- 85 .Гросс К. Собрание сочинений. – М.: Педагогика, 198–251 с.
- 86 .Зинченко В.П. Принципы психологической педагогики //Педагогика. –М., 2001. – №6.– С. 77-82.
- 87 .Шаталов В.Ф. Психологические контакты. –М., 1992–115 с.
- 88 .Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований (в помощь начинающему исследователю). – М.: Педагогика, 1986. –152 с.
- 89 .Орлов О.М. Восхождение к индивидуальности. – М., 1991.
- 90 .Мұратбаева Г.А. Кәсіби қарым-қатынас мәдениеті: арнайы курс. –Алматы: Школа ХХІ века, 2008. – 14 б.